1. Ізденімпаз ғалымның тау-кен өндірісі нақты жағдайында негізгі құралдарды тиімді пайдалану, тау-кен ғылымының геэкономикалық бағыты мен табиғатты тиімді басқару тұжырымдамасы, минералдық ресурстары жөніндегі зерттеулері [монографиялар: «Эффективность обновления и использования основных фондов в угольной промышленности» (1987), «Новая техника и интенсификация угольного производства» (1989), «Цикл воспроизводства основных фондов угольной промышленности» (1993), «Эколого-экономические проблемы в условиях рынка: (на материалах горной промышленности)» (1998), «Минерально-сырьевой комплекс Казахстана в условиях рыночной экономики» (2000), «Эколого - экономическая и социальная эффективность геотехнологических методов добычи полезных ископаемых» (2011), «Эколого-экономические проблемы рекультивации нарушенных горными работами земель» (2013), «Приоритеты решения энергетических проблем в Казахстане» (2018)] ТМД елдерінде үлкен танымалдылыққа ие болды.

2. Р.С.Кареновтың біраз ғылыми еңбектері Қазақстан экономикасын реформалаудың күрделі кезеңі ретінде индустриалды-инновациялық даму проблемасын зерттеуге арналған. Ғалым өзінің «Инновационный менеджмент: Монография» (1997), «Жаңа енгізілімдер менеджменті: Оқу құралы» (2006), «Приоритеты стратегии индустриально-инновационного развития горнодобывающей промышленности Казахстана: Монография» (2010), Таңдамалы шығармалары. Избранные труды. Второй том: Инновации, инновационные технологии, инновационная деятельность предприятий и отраслей» (2014), «Горнодобывающий сектор экономики Казахстана в условиях индустриально-инновационных преобразований: Монография» (2016) атты кітаптарында өңдеуден бастап өнімдер мен қызметтердің жаңа түрлерін өндіруге дейінгі бірқатар мәселелерді шешу инновациялық менеджменттің негізі екенін дәлелдеді. Ең алдымен мұның бәрі барлық қажетті ресурстардың тиімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз етумен, технология саласындағы прогрессивті шешімдерді іздеумен, тиісті мамандарды дайындау және басқарумен байланысты екенін қарастырды.

3. Рашит Кареновтың ғылыми мұрасын зерттей отырып, біздер үшін экономика ғылымының жаңа саласы болып табылатын «Менеджмент» проблемасын қамтитын еңбектерінің жөні бөлек сияқты. Осы мәселеге байланысты ғалымның мына оқулықтары мен оқу құралдарын атап өтуге болады: «Менеджмент негіздері» (1999), «Государственный и муниципальный менеджмент» (2001), «Стратегический менеджмент» (2006), «Ұйымдағы мамандар менеджменті» (2007), «Менеджмент технологий» (2009), «Информационный менеджмент» (2014), «Стратегиялық басқару» (2015), «Энергетикалық менеджмент» (2017), «Менеджмент теориясы және практикасы» (2018), Жобаларды басқару» (2019), «История менеджмента» (2022). Автордың бұл кітаптарында менеджменттің басқару ғылыми практикасы және өнері ретіндегі барлық негізгі қағидалары келтірілген. Менеджменттің ілгерілеп дамуына орай кәсіби менеджердің басқару ісінде қолданатын әдіс-амалдары мен тәсілдері көрсетілген. Шаруашылық жүргізудің нарықты жағдайында кәсіпорындар мен ұйымдардың басқару потенциалының қалыптасу мәселелері және оларды жүзеге асырудың қажетті жағдайлары талданған. Адам өзінің барлық әлеуетін, барлық мүмкіндіктерін еңбек өнімділігі мен жұмыс сапасын ұлғайтуға мүдделі болуды пайымдайтын батыс менеджментінің негізгі артықшылықтары мен ерекшеліктері қарастырылған. Менеджменттің толық тарихы баяндалған.

4. Бүгінде Қазақстан экономикасын тұрақтандыру және даму жолына көшіру - басты мәселе. Профессор Каренов бұған ден қойып, Қазақстанда экономикалық реформаны әрі қарай тереңдету бағдарламасын жасап, жетілдіруге өз үлесін қосқан экономист - ғалым. Оның зерттеулерінің ішінен кең тараған «Рыночные методы хозяйствования в экономике Казахстана» (1995), «Региональная экономика: проблемы, концепции, решения» (1997), «Қазақстан экономикасы дамуының нарыққа көшу мәселелері: Бірінші том» (2004), «Формирование рынка минерально-сырьевых ресурсов Казахстана» (2008), «Таңдамалы шығармалары. Избранные труды.» Первый том: «Актуальные проблемы рыночной экономики» (2014), «Таңдамалы шығармалары. Избранные труды.» Четвертый том: «Проблемы эффективности развития отраслей народного хозяйства Казахстана» (2016), «Ведущие отрасли и сектора экономики Казахстана: особенности и тенденции развития» (2020) атты монографияларын ерекше атауға болады. Аталған еңбектерде нарықтық экономиканың теориясы мен әдіснамасын тыңғылықты зерттеуші ретінде ол нарықтық экономиканы біртіндеп нығайтудың теориялық негіздерін жүйелі зерттеу сияқты жаңа ғылыми бағыттың негізін қалады. Осы кезде Рашит

Саттарұлы өзінің ғылымға негізделген принциптеріне сәйкес нарықтық экономиканы қалыптастыру үшін республиканың даму деңгейі мен ерекшеліктерін ескеру керек деген позицияны ұстанды.

5. Рашит Каренов қазақ тілінің жанашыры ретінде ана тіліміздің экономика саласында қолданылу аясының кеңеюі үшін қажетті алғышарттарды қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосты. Ол экономика, бизнес, менеджмент, маркетинг, қаржы бойынша бірнеше қазақша және орысша терминологиялық, салалық ғылыми-түсіндірме сөздіктерді жарыққа шығарды: «Бизнесмендер мен менеджерлерге арналған сөздік» (1994), «Терминология рыночной экономики и бизнеса» (1994), «Что такое рынок: словарь-справочник» (1995).

Бір сөзбен айтқанда, Рашит Саттарұлының ғылыми жұмыстарының дені қазақтың ұлттық элитасын қалыптастыруға, оларды дамытуға арналған. Елге тұтқа болатын, мемлекеттік тілді, басқа тілдерді де жақсы меңгерген, әлемдік экономиканы және саясатты сараптай білетін білімді, ұлттық қасиет молынан дамыған адамдар ғана ұлтқа қызмет ете алады деп есептейді дарынды ғалым.

Еңбек ескерусіз қалмайды

Талантты ғалымның жетекшілігімен екі ғалым докторы, 45 ғалым кандидаттар даярланды. Қарымды қаламынан өрбіген туындылары бүкіләлемдік экономика ғылымының теңізіне өзен арнасындай құйылды. Атқарған ұшан-теңіз еңбегі бағаланып, 1995 жылы – Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, ал 2008 жылы – Халықаралық өндірісті ұйымдастыру ғылымы мен практикасы академиясының академигі болып сайланды. Сонымен қатар, ол академик З. Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік – техникалық университетінің (2013) және Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (2014) құрметті профессоры.

Р.С.Каренов өзіндік ғылыми мектебі бар сирек ғалымдардың қатарынан орын алатын. Ол саналы ғұмырын жас мамандарды тәрбиелеуге арнап, қашанда кемел ойлар мен жаңа идеялардың кені болды. Еңбектегі бақытын ұстаздық пен ғылымнан тапқан Рекең экономика саласы бойынша ғылыми кадрларды дайындап шығаруға қосқан қомақты үлесін айрықша айту орынды. Бұл айтулы оқымыстының Қазақстан ғылымына қосқан ерекше үлесі.

Профессор Кареновтың ғылым жолындағы іргелі жетістіктерінің бірі: ол екі рет (2007-2010 жылдары және 2013-2014 жылдары) Ғылым мен техниканың дамуына зор үлес қосқан ғалымдарға арналған Қазақстан Республикасы үкіметінің Мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері атануы. Ізденімпаз ғалымның «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен, «ЖОО үздік оқытушысы» Мемлекеттік гранты иегері (2007) атағымен, көптеген медальдармен марапатталғанын да айта кеткеніміз орынды.

Сонымен, Рекең қайрат пен ерік-жігердің, адал еңбектің арқасында талай биіктерді бағындырды. «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деп хакім Абай айтқандай, Рашит Саттарұлының талайлардан оқ бойы озық тұрғаны осы ерекшеліктерінің арқасы ғой деп ойлаймыз.

Қорытынды

Әдетте белгілі суретшілер өздерін жақсы тану үшін өз автопортретін салады. Ақындар Қасым Аманжоловтың әйгілі «Өзім туралы» жыры сияқты өз өмірі жайлы өлең жазады. Жазушы, ғалым, журналистер мен өзге де шығармашылық кәсіп иелерінен де осындай туындыларды көруге болады. Осы дәстүрмен Р.С. Каренов «Жизнь, посвященная служению науке и родной стране» (2019) және «Вершина, к которой я последовательно и неуклонно стремился» (2023) деген кітаптарында «Мен кімін?» деген сұраққа жауап беріп, өз автопортретін жасапты. Әрине, адамның өзін-өзі танып, бойындағы бар қасиеттері мен мінез-құлқын дөп басып, шынайы бейнелеуі қиынның қиыны. Солай десек те, автордың өзі жайлы жазғанын біз еш қоспасыз, нағыз ғылыми дәлдікпен жасалған автопортрет деп қабылдадық.

Қорытындылай айтқанда, Рашит Саттарұлына сипаттама бергенде, туған елінің еңсесін көтеріп, мәртебесін биіктету жолында жанқиярлықпен еңбек еткен зиялы ғалымының тұлғасы буырқанған азаматтық жігердің, жаны ізгі жасампаздықтың символы тәрізді десек қателеспейміз. Экономиканың даму заңдары жөніндегі терең білімі, педагогтық дарыны, білімдарлығы, ерекше еңбекқорлығы, адамгершілігі, адамдарға деген жүрегінің тазалығы мен жанашырлығы, таңғаларлық

қарапайымдылығы – міне, осының бәрі профессор Кареновтың азамат, ғалым және ұстаз ретінде сипаттамасының тізімі десек

М.І.Әбдуов – ф.ғ.д., профессор
Б.С.Рахымов - ф.ғ.д., профессор
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., abduov_m@mail.ru

ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ, ЗЕРЕК ЖАН

Дарынды ғалым, дүйім елге танымал білікті зерттеуші, публицист, шежіреші атақты алаштанушы, ұлағатты ұстаз Р.С. әл-Карени (Каренов) биылғы жылы 80 жасқа толар еді. Рашит Саттарұлы — ғылыми, педагогтік, ұйымдастырушылық, қоғамдық қызметті ғылымның бірнеше салаларымен шебер ұштастыра білген ғұлама ғалым. Күнделікті қат-қабат әкімшілік жұмыстар мен қыруар тірліктің қайнаған ортасында жүрсе де, бойына біткен таланты мен ізденгіштік, еңбекқорлық қасиеттерінің арқасында ғылымның бірқатар саласында зерттеулер жүргізіп, үлкен жетістіктерге жетті. Оның қаламынан туған 1700-ге тарта ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми көпшілікке арналған еңбектері көтерген мәселелерінің өткірлігімен, нақтылығымен, жаңалығымен ерекшеленді. Оның ішінде ғалымның жеткілікті дәрежеде көп айналысқан саласының бірі – қазақ әдебиеті және оның тарихы мәселелері, ондағы кейбір «ақтандақтарды» тың тұрғыдан зерттеп қарастыру.

Ғалымның барлық шығармашылық еңбектерін бірнеше бағытқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқы бағыт — оның тарихи тұлғаларға, батырларға, билерге, Алаш қайраткерлеріне арналған еңбектері: «Мәңгілік құндылықтар саңлақтары (2000); «Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би» (2002); «Қазақтың үш ұлы көсемі» (2002); «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» (2005); «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбаев» (2010); «Жұмабек Тәшенов – Алаштың жүз жылда біртуар алып тұлғасы» (2014); «Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшылары» (2014). Бұл еңбектердің кейбірі қазақ халқының сан ғасырлық әдебиетінен, мәдениетінен, тарихынан деректі мәлімет беретін мақалалар, эсселер жинағы түрінде жазылған. Оларға енген мақалалар негізінен орталық басылымдарда, мерзімді баспасөздерде жарық көріп, оқырман қауымның сарабынан өткен. Ғалымның қалың оқырман қауымына ұсынылған бұл кітаптары Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі Қазақстанда және басқа да жерлерде шыққан «Айқап», «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Сарыарқа», «Қазақ», «Қазақстан» «Еңбекші қазақ», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын» газет-журналдарының бетінде жарық көрген қазақ елінің сол кездегі тарихынан, мәдени өмірінен, әдебиетінен көптеген мәлімет беретін материалдары негізінде жазылған. Бұл кітаптар қазақ сияқты ұлы да қайсар халықтың маңдайына жазылған біртуар, жүз жылда бір келер жарқыраған жұлдызы, шуақ шашар күні, жарық берер сәулесі, қайталанбас тұлғалары туралы жүрекжарды ыстық лебіздер, естеліктер, қимастық, сыйластық сезімдер сыйлайды. Қазақ елінің әдет-ғұрпын, тарихын, әдебиетін, мәдениетін, саяси өмірін, ғылымын мазмұндататын бұл кітаптар қоғам ғылымдарын зерттеуші-ғалымдарға, жоғары оқу орындарының тарих, педагогика, философия және филология факультеттерінің оқытушыларына, магистранттары мен студенттеріне қосымша құралдар ретінде қызмет ете алады. Ғалымның орыс тілін жетік білуі оның орыс тілі мен қазақ тілін салыстыра зерттеулер жүргізуіне мүмкіндік берді. («Творцы немеркнувших ценностей» (2000), «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» (2005) т.б. Автордың бұл зерттеулерінде қазақ көгінде жарқырап көрінген жұлдыздардың, Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшыларының ұлықтығы мен кішіктігін, олардың өздерінен кейінгі жамырай өрген дарынды толқынның дүр етіп, жаңбырдан соңғы көк шалғындай қаулап өсуіне игі әсерін тигізгенін қарастырған. Автордың зерттеп көрсеткендей, ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде- ақ қазақ зиялыларының қатары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейханов, Қ. Сәтбаев, Ж. Аймауытов, Б. Қаратаев, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Ә. Диваев, М. Дулатов, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Н. Төреқұлов, М. Әуезов, Ә. Ермаков сияқты тағы да басқа саясат, әдебиет пен мәдениет, ғылым саласындағы ондаған демократиялық бағыттағы Алаш ардақтыларымен толықты. Оларда бір ғана ұлы мақсат болды. Ол халықтың санасын ояту, орта ғасырлық мүлгуден арылтып, өнер-білімді меңгеріп, дамыған халықтардың қатарына қосылу арқылы ұлттың тәуелсіздігіне қол жеткізу еді. Олар бодандық бұғауының әйтеуір бір уақытта үзілетініне сенді. Сондықтан да сол күнге туған халқын жеткізуге бар күш-жігерлерін жұмсады. Алаш қайраткерлерінің басым көпшілігі ғылымға емес — утопияға,

демократияға емес — авторитаризмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен Алаш партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы — «Алашорда» үкіметін құрып, ұлттық-аймақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады. Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған ХХ ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге нысан бола алмады. Оларсыз қазақ тарихы — тұл, алтын дегені күл еді. «Алаш» партиясынсыз саяси күрес тарихын, «Алашорда» үкіметінсіз экономикалық ілімдер мен реформалар тарихын, «Алаш автономиясынсыз» Қазақстан мемлекеттілігінің негізін, Алаш ардагерлері өмірінсіз ұлт тарихын жасау, мемлекеттік тіліміздің тарихын қалыптастыру мүмкін емес еді. Сондықтан да соңғы жылдары Алаш көсемдері мен көшбасшылары туралы едәуір жазылды. Ғылыми зерттеулерден бөлек көркем шығармалар да бар. Дегенмен де, олардың мемлекет қайраткерлігі істерінде әлі де түйіндей түсетін, анықтап, ашығын айтатын жайлар жетерлік. Әсіресе 1937–1939 жылдары ерекше қарқын алып, халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессия саясаты – ұлттық тарихымыздың ең қаралы, ең қасіретті беттері қатарынан орын алады. Табанды зерттеуші өз еңбектерінде ұлтымыздың зиялы қауымын, барша көзі ашық азаматтарын баудай жапырған «ұлы террордың» әлі де айтылмай жатқан көлеңкелі беттері аз емес екендігін ашып жазған. Әл-Карени еңбектеріндегі кейіпкерлер мен тұлғалар адамдық, имандылық, төзімділік, қайсарлық жағынан ылғи да жоғары тұрады. Бірақ бәрінен де бізге қымбаттысы — әл-Карени еңбектеріндегі биік рух. Ол қай тұлғаны жазса да, бірінші орынға рухты шығарады. Жазушы ғалымның зерттеп жазған кейіпкерлері рухы биік адамдар. Осы күдіретті күш оларды кез келген уақытта кез келген тығырықтан алып шығады. Мысалы, Алаш қайраткері Имам Әлімбаев жайында жазылған «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбаев» атты кітабы соның айғағы. Себебі Имам Әлімбаев өткен ғасырдың бас кезінде Алаш қозғалысының рухы биік өкілдерінен болатын, және ол туралы жазылған шығармалар некен-саяқ- тын. «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» еңбегі де осы айтылғандарды қуаттай түседі. Демек, Әл-Каренидің есімі қазақ оқырмандарына өткен ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарынан бері таныс. Мысалы, оның «Мәңгілік құндылықтар саңлақтары» атты кітабы 2000 жылы жарық көрді. Бұл еңбегінде автор ұлттық мәдениетімізге, тарихымызға асыра үлес қосқан жазушыларымыздың, жезтаңдай жыраулар мен адуан ақпа ақындарымыздың, ойшыл ғалымдарымыздың, қажырлы да қайсар батырлар мен қайраткерліріміздің жалпы адам баласының тарихындағы орындарын ашып көрсеткен. Кітапта дәуір тұлғалары қосқан тарихи үлестер қазіргіге сәйкес жан-жақты баяндалған. Автордың ойынша, өмірдің күнгейінен көлеңкесін, тәттісінен ащысын, жеңілінен ауырын көп көрсе де мойымаған тегеуріні мықты, рухы өжет Алаштың көсем жандарының адами болмыс-бітімі кейінгі буын ұрпаққа ғибрат, үлгі-өнеге болуы керек. Зерттеуші-ғалымның шығармашылық туындыларының екінші бағыты — шежіре, этнография, генеалогиялық мәселелерге арналған еңбектер: «Қарекелер (Шежіре)» (2000); «Тұғыры биік тұлғалар» (2003); «Жеті атасын білген ер...» (2008); «Аралбай руының шежіресі» («Аралбай батыр: Шежіре») (2011); «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: энциклопедиялық анықтамалық (Екі томдық. Бірінші кітап)» (2014); «Үш жүздің шежіресі және М.І.Әбдуов, Б.С.Рахымов 116 Вестник Карагандинского университета Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: Энциклопедиялық анықтамалық (Екінші кітап)» (2014). Шежіре — халқымыздың асыл қазынасы, барша қазақтың арғы-бергі күллі ұрпағын бір кісінің баласындай туыстырып, ұйыстырып келе жатқан алтын тін екендігін тағы да қайталап айтып жатудың қажеті жоқ шығар. Қазіргі көкірек көзі ояу оқырман тек өз ру-тайпасының өткенімен шектеліп қалмай, жалпы шежіре атаулыға қызығушылық танытуы мұндай туындылардың сол ұйыстырушылық қызметіне, халқымыздың тарихына тамшы болып қосылар тағылымдық тартымдылығына байланысты болса керек. Ғалымның аталған кітаптарында халқымыздың тарихи тізбегін үзбестен, ұланбайтақ аймақта тайпалық одақ құрып, сол мекендерде үрім-бұтағының туын тігіп кеткен тарихи тұлғалар тұрғысынан мәліметтер беріліп, оның ұрпақтарының шежіресін жасаудағы мақсаттары жан-жақты түсіндірілген. Бұл тарихи шежіре жай әшейін ата-баба атын жаңғырту үшін жазылған аңыз-әңгіме, жалған дақпырт емес екендігін айта отыра, осы еңбектердің ішінде келтірілген әрбір деректердің қазақ халқының болмыс-бітімін тану үшін, күллі қазақ халқының тұтастық сипатын айғақтайтын соны деректері мен құндылығын баса айтуды жөн көріп отырмыз. Автордың бұл кітаптарын өскелең ұрпаққа тарихи ғибрат беретін құндылықтар деп санауға болады. Тарих сабақтарын ұмытпайық, өркениеттісінен үлгі алайық, өкініштісінен қайталамайық

дегенді меңзейді автор. Мың өліп, мың тірілген халқымыздың ұлы көшіндегі тапқанымыз бен жоғалтқанымызды саралай келе, соның себеп-салдарына үңілдіріп, ұлт рухын сақтаудың озық үлгілеріне назар аудартады бұл еңбектер. Қазақ елі — өте бай ауызша тарих айту және оны сақтау дәстүрі мен мәдениеті бар халық. Өткен өмірінде көшпелі өмір салты басымдық танытқан қоғамда ауызша тарих айту дәстүрі, белгілі дәрежеде, отырықшы өркениетті елдердегі архив пен кітапхана міндетін атқарды, халықтың рухани өмірі ұрпақтан ұрпаққа осы негізде жетіп, ұласып отырды. Қазақ қоғамында ауызша тарих айту дәстүрінің қалыптасуы үшін қажетті алғышарттардың барлығы да болды деп айта аламыз. Қазақ фольклорының бізге дейін жеткен бай туындылары, ауыз әдебиетінің шығармалары, тарихи әңгімелер, тарихи жырлар, дастандар, ауызша айтылып қалдырылған шежірелер қазақ халқының есінде өзінің өткені туралы мәліметтер мен білімдер жиынтығының сақталып, белгілі бір жүйе бойынша қазіргі заманға жеткізілгенін дәлелдейді. Шежіре жайлы жазылған бұл шығармаларында зерттеуші-ғалым шежірені қазақ халқының ауызша тарих айту дәстүрінің өте маңызды туындысы деп қарастырған. Себебі қазақ шежіресі әдебиет пен тарих ғылымдарындағы халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. Шежіренің қазақ, түрікмен, монғол, қырғыз және т.б. халықтар арасында ауызша сақталғандығы дәлелденіп, біздің ата-бабаларымыз үшін де шежіре тарих қызметін атқарғандығы пайымдалған. Ол халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған. Қазақ қоғамында ауызша айту дәстүрі туындыларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын арнайы адамдар болған. Ел арасында өткен өмір тарихын жақсы білген «шежіреші адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің танымын жете түсінген, небір аңыз-эпсана, жырларды жадында сақтаған. Егер қазақ мәдениеті біртұтас дейтін болсақ, онда шежірені де осылай қарастыруымыз керек деп дәріптейді автор. Яғни, шежіренің ішінде аңыз бен шындық та, ертегі мен эпсана да, өнер мен ғылым да бар, ал дәстүрлі қазақ мәдениетінен оның біреуін бөліп қарастыру мүмкін емес деп зерттеуші ғалым ой түйген. Автордың пайымдауынша, шежірені көшпелілердің ауызша тарихи аңыз, қария сөз үлгісінде жалғасатын тарихи дәстүр деп түсінген жөн. Қазақ халқындағы ұрпақ пен ұрпақ арасын үнемі жалғап ұстап тұратын қымбат та ғажап дәстүрдің бірі — ата-баба әруағын өзгеше құрмет тұту, құрмет тұтқанда — есімін естен шығармай, шамасы жеткенше жадына тоқып, ол білгенін өзінен кейінгі буынға үйретіп кетуге ұмтылу. «Өлі риза болмай — тірі байымайды» деген мақалды тудырған халқымыз оны ризалаудың жолын кейбір мұсылман елдеріне ұқсап, тек Құран бағыштаумен шектеп қоймаған, жетісін, қырқын, жылын берген, егер ұзақ жасап армансыз өткен кісі болса, соңғы жиынын үлкен думанға айналдырып, ат шаптырып, балуан күрестіріп, бәйге таратқан. Бірақ бұның да өткінші ғана оқиға боларын терең түсінгендері шығар, әруақтың басына күмбез тұрғызып, ескірмес ескерткіш орнатқан. (Зерделі ғалым, зерек жан Серия «Филология». № 4(76)/2014 117) Әйтсе де, бұл секілді өзгеше құрмет екінің біріне бұйыра бермейді, екінің бірі түгіл мыңның біріне де бұйырмақ емес. Дегенмен, соңына әлеуетті ұрпақ қалдырған кез келген ата-ана дәл осындай болмағанмен, өзінің әлеуметтік дәрежесі мен орнына лайық құрмет дәметуге хақылы. Әлбетте, оны тұрмыс пен жағдай шешеді. Мұндай тілекте де, ниетте де пендешілік басымдау жататыны рас. Соны түсінгендей, біздің қанағатшыл ата-бабамыз бас-басына құлпытас қойғыздырмай-ақ, бас-басына күмбез тұрғыздырмай-ақ, мәңгілік ескерткіш орнатудың – яғни келер буын жадынан мәңгі өшпеудің өте оңтайлы жолын тауып, соны ұрпақ санасына ана сүтімен бірге сіңіріп кеткен. Ол — шежіре тарату дәстүрі. Шежіреші әңгімелеген тұлғалар өмірбаяны мен тарихы олардың ата-тегін көрсететін кесте, туған жері, қыстау орны, жерленген жері, моласына тұрғызылған ескерткіштер, ескерткіштеріне жазылған жазу деректерімен расталған. Қазақ даласында көптеп кездесетін осындай ескерткіштер сол адамдарға, сол жерлерге байланысты шежірелердің куәсі болып келеді. Шежіренің ішінде бір руды талдай отырып, сол рудың ішіндегі атақты адамдар, олардың басынан өткен кейбір оқиғалар туралы тарихи әңгімелерді көптеп кездестіруге болады. Ал тарихи жырларда басты кейіпкерге байланысты, оның ата-тегі туралы шежірелік мәліметтер ұшырасады. Бұдан қазақтың ауызша тарих айту дәстүрі туындылары өзара тығыз байланысты болған деген қорытынды жасауға болады. Зерттеуші шығармаларының үшінші бағыты — әдебиеттану мәселелеріне, ақиық ақындарға арналған еңбектері: «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын» (2008); «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» (2011); «Ақын-ақ еді (Мақсұт Байсейітовтың поэзиясы хақында)» (2012); «Алаштың жиырма жыр алыптары»: екі томдық: Бірінші кітап (2012); «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан» (2013); «Алаштың жиырма жыр алыптары»: екі томдық: Екінші кітап (2013). Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден бір жолы, халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген зиялыларымыздың артында

қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек. Сондықтан да зерттеуші автор біртуар азаматтарымыздың өмірімен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысын халық арасында насихаттау — бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейкесті мәселе деп біледі. Зерттеуші-ғалым өз еңбектерінде жыраулар мен билердің, сал мен серілердің мұраларын едәуір қарастырғанымен, негізінен ақындар, оның ішінде белгісіздеу ақындар шығармашылығын зерттеуге ден қойған. Қазақ халқының өзі ақындарды дәріптеп, әулие санап, әлпештеп төбесіне көтерген. Ол тегіннен тегін емес. Себебі ақын аузынан шыққан жалғыз ауыз сөз ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Ақындардың тасқа қашалып, ақ қағаз бетіне түскен өлең-жыры түгіл, оқыста аузынан шығып кеткен жалғыз ауыз сөзі мәңгілік ел есінде қалған. Ғалымның қаламынан туындаған шығармалары көпшілігінің бір ерекшелігі — тағдыр тауқыметінің салдарынан есімдері елге етене таныс бола қоймаған ақындардың еңбектерін жарыққа шығаруға атсалысуы және мұны олардың мерейтойларына орай жариялап отыруы. Мысалы, XIX және XX ғасырлардың тоғысында өмір сүрген өрен де ерен көрнекті ақындардың бірі Байсалбайұлы Ахметбектің туғанына 130 толуына орай Рашид Әл-Карени (Каренов) «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын» кітабын жарыққа шығарды. Кітапта автор ақынның бүкіл саналы өміріне қалың бұқара халық жағында болып, оның жоғын жоқтап, мұнын мұндап, мүддесін қорғап өткендігін, ақынның өмір сүрген кезіндегі қоғамдағы келеңсіздікті, халық басындағы ауыртпалықты, сол дәуірдегі көкейкесті мәселелерді өз жырының тақырыбы еткендігін тұңғыш рет кең көлемде ғылыми- публицистикалық, танымдық тұрғыда зерттеп жазды. Ақиқатты айтуға келгенде, әл-Карени ғалым әділеттің жағына шығып отырады. Мысалы, туындылары ешбір жерде жарық көрмеген осы Ахметбек ақынның шығармаларын ерінбей, тірнектеп жинап өлеңдер жинағын жарыққа шығарды ақынның кейбір өлеңдерін басқа ақынға теліп, әдеби баспасөзде шу шығарған журналшыларға да ақын шығармаларының өзінікі екендігін зан жолымен дәлелдеп бергенін де көзі қарақты оқырман қауым біліп отыр («Жұлдыз» журналы, 2006, № 1). Жалпы осы тұста айтылуы тиіс жайт, өткен ғасырларда өмір сүрген бірқатар қазақ ақындарының, қаламгер жазушыларының көптеген туындыларын ұзақ уақыт заман тезіне орай жұртшылыққа кеңінен жария ете болмауы, әдеби-ғылыми айналымға кеш қосылуы, сондай-ақ ұстанған бағыт-бағдары кеңестік идеологиямен үйлеспеген кейбір шығармашыл тұлғалардың еңбектерінің жарық көрмеуі, жалпы әдеби мұра мәселесінің игерілуін біршама қиындатқаны айдай анық. Ел тәуелсіздігімен жарыса жеткен жаппай жариялылық бұрынғы мұндай жасанды (М.І.Әбдуов, Б.С.Рахымов 118 Вестник Карагандинского университета) кедергілердің бәрін алып тастады. Қолдан жасалып келген күллі керте іс кері ысырылды. Нәтижесінде – асыға күтіп, аңсай қауышқан мол қазынаға киліктік. Талай арыстардың ашылмай келген еңбектері есігін аштық. Бірақ бүгінде біреудің шығармасы біреуге телініп, бұрыннан белгілі шығармалардың жаңа авторы табылып дегендей, сырт көзге білінбесе де осы салаға қатысы бар адамдар сезіп жүрген қызық «қойыртпақтар» да көрінбей қалып жатқан жоқ. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бастапқы ширегінде өмір сүрген кейбір ақын-жыраулардың соңында қалған мұралардың осыған сабақтасатын мысалдарын кездестіре аламыз. Қайталанбас көрнекті ақын Байсалбайұлы Ахметбектің мұрасы да бұдан сырт тұра алмайды. Туындылары жеке кітап болып шықпаған айтыс ақындарының бірі — Құлтума ақын. Ғалымның «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» атты кітабында Құлтума Өтемісұлын өзі жасаған заманның перзенті, өзі өмір сүрген дәуірдің өнерпазы: ақыны, әншісі, композиторы ретінде жоғары бағалаған. Табанды зерттеушінің пайымдауынша, өнер адамның өрге жүзуі өз бойындағы шығармашылық күшке, өзі өскен ұлттық ортаға, өнер-білім дәнін сепкен жанға рухани азық беріп, ой-қиялын дамытқан туысқан халықтардың озық адамдарының ізгі ықпалдарына тығыз байланысты. Асылы, қазақ топтарындағы озық бұқарашыл идеялардың қарыштай дамуына ең күшті себебі өркениетті елдер мәдени жетістіктердің арқасы, XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған революцияшыл демократтар идеясына сүйенген орыстың бай класикалық әдебиеті, өнері. Шоқан, Ыбырай, Абайларды туғызған әдеби орта қандай десек, Біржан, Ақан, Құлтума, тағы басқа өнерпаздардың жетістіктері де сол қауымға ұштасады. Автордың көрсеткеніндей, ұлы Абай қазақ поэзиясында жаналық жаршысы болып, оның реалистік бетін ашса, музыка өнерінің қазақ торышағандағы жаңа бағытын Біржан, Ақан, Құлтума бастап береді. Бұлардың өнерімізді дамутудағы әсерлері, олардың өскен орталары, алған өнегелері шығармашылықтарының қайнар көзі – бәрі сабақтас деп ой түйіндейді автор. Қазақ әдебиетіндегі тұнығы майланбаған өзіне тән қуатымен арнасына сыймай буырқанып тасып жатқан сондай таза бұлақтардың бірі — Мақсұт Байсейітов поэзиясы. Кеңестік кезеңнің уақыт уысынан шығармай, шығармашылықты тар шеңберге қалап қойған кезінде де, елдің, қоғамның өсіп- өркендеуіне кесепатты кесірі тиген кертартпа тіршілігін астарлап болса да, ретін тауып қиыннан қиыстырып жалғанның

жарығына шығарған шайырлар болғаны белгілі. Солардың қатарында қайсар ақын Мақсұт Байсейітовтың да болғанын зерттеуші-ғалым мақтай, мадақтай жазды. Ғалымның бұл еңбегіне дарынды ақын Мақсұт Байсейітовтың өмірі мен саяси-әлеуметтік лирикасы, табиғат пен махаббат лирикалары көптеп табылатын шығармалары арқау болды. Ғалымның бұл ғылыми-әдеби монографиясын Арқаның ақберен ақынын әрқашанда қадірмен тұтатын оқырмандарына татымды тартуы деп санауға болады. Әл-Каренидің (Кареновтың) қай шығармасын алсаңызда бәрі де тың, бәрі де ерекше. Рекең сөз өнеріндегі алғашқы туындысынан бастап, жуырда жазған қос томдық «Энциклопедиялық анықтамалығында» да, жалпы, барлық шығармаларының қай-қайсысында да өмір шындығы шынайылығымен, сенімді де нанымдылығымен өзгеше көзге ұрып тұрады. Қазіргі кезең біз өз тарихымызды жалтақсыз зерттеп, тіліміздің, өнеріміздің терең тамырларын тануға кіріскен кез. Енді біз мәдени өмірімізге қара таңба салған, ұлы азаматтарымызды қиянаттап ластаған, пәле-жала жабу арқылы қырғынға ұшыратқан сұмдықтарды ашық жариялаймыз. Сонда өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз қайта жанғандай рахат қуанышқа бөленеміз. Мінеки, сол қайта тірілген, қайта жанған отымыздың бірі — даңқты жырлардың авторы, жарты ғасырдан аса атын да атауға рұқсат етілмей келген Мағжан Жұмабаев. Зерттеуші әл-Карени өзінің «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан» атты кітабында Мағжан поэзиясының түпкі, өзекті ерекшеліктерін қазіргі тәуелсіз таным тұрғысынан қарастырған орынды деп санайды. Автордың пайымдауынша, мағжантану дегеніміз — қазақтану, ұлтты, өзімізді танып білу деген сөзбен пара-пар. Мағжантанудың бел ортасында Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұстафа Шоқай, Жүсіпбек Аймауытов, Смағұл Сәдуақасов, Қошмұхамбет Кемеңгеров, Нәзір Төрекұлов, Ғаббас Тоғжанов, Сәбит Мұқанов, тағы басқалардың тұрғандығын айта келіп, автор «осы тізімнің өзі-ақ аталған адамдардың қазақ тарихынан, қазақ әдебиетінен, ұлттық ақыл-ойдың тарихынан алатын орнына қарап-ақ, Мағжанның бейнесіне, ақындығына деген ықыластың және қарсылықтың қаншалықты күшті болғанын шамалауға болады» деп қорытынды жасаған. Егемендігіміздің жиырма жылдығына арнап зерттеуші-ғалымның қазақтың «Көмекей әулиесі» Бұқар жырау Қалқаманұлынан (1668–1781) бастап, «поэзияны адам жанының шырылы» деп (Зерделі ғалым, зерек жан Серия «Филология». № 4(76)/2014 119) бағалаған Мұқағали Мақатаевқа (1931–1976) дейінгі есімдері XVII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырда кең тараған ақындардың шығармашылық жолдары, қаламгерлік қуаты және туындыларының тарихы баян етілген «Алаштың жиырма жыр алыптары» атты екі томдық кітабын жарыққа шығарды. Автордың ондағы мақсаты халқымыздың ұлттық зиялыларын, сондай-ақ елеусіз қалған есіл ерлерімізді көпшілікке насихаттау. Рашит Саттарұлы әл-Каренидің (Кареновтың) қаламынан туған шығармалардың барлығы құнды. Тіпті ең жай ғана деген дүниесінің өзінен оқырман жуық арада жадынан өшпес, есінен кетпес не бір тарихи-әлеуметтік оқиғаға, не бір ерекше тұлғаға жолығары сөзсіз. Нәтижесінде тағы да бір тұлғаны жақыннан білуге жол ашылады. Осы ерекшелік Р.С. әл-Каренидің (Кареновтың) бүкіл әдеби туындысына тән ортақ қасиет десе де болады. Рекең өз шығармаларында жеке адам мен қоғамның қатынасында адамның жаншылып қалмауы керектігі, адамгершілік мұраттардың әрдайым жоғары тұруы жайлы жар салады. Жан-жақтан әркім өз құндылығын тықпалап жатқан жаһандану заманында біздің құндылықтарымызды, өз болмыс келбетімізді сақтап қалу, ол үшін адамзаттың бастан кешкен осынау тағылымдарын ескеру, сабақ алу, міне — заманымыздың ойшыл ғалым, сөз зергерінен алар пайымымыз. Оның туындылары әдебиет қана емес, әмбебап сипаты бар жалпыға бірдей әлеуметтік-эстетикалық құндылыққа айналды. Қай ғалымның болса да өмірбаяны оның шығармаларында. Ғалым ғұмырының бөлінбес бөлшектері, тағдырының кейбір сәттерінің қайталанбас кезеңдерінің көріністері оның шығармаларынан, сөз жоқ, өз орнын табады. Дарынды ғалым Рашит Саттарұлы әл-Каренидің (Кареновтың) еңбектерін оқып зерттегенде оның бүкіл ғаламның қасіреті мен қам-мұңын өз жүрегімен қабылдап, адамзат азабын арқалауға ұмтылысында өзгеше бір ерекшелік бар екендігін байқаймыз. Өркениет заманының өрелі ғалымына тән жан-жақты терең білім, үлкен эрудиция, ел тағдыры — өз тағдырым деп қарайтын кең құлаш, адам баласына деген кең бауырмалдық, басқаның мұңын бөлуге бейім ақжарма пейіл оның шығармаларының түпқазығына айналғанын уақыттың өзі көрсетіп отыр.

М.Абдуов – д.ф.н, профессор
К.Асанов – д.ф.н., профессор, поэт, член Союза писателей РК
С.Жанысбай - почетный журналист Казахстана
Республика Казахстан, г. Караганда, menedzhment_kafedra@mail.ru

УЧЕНЫЙ, ЧЕЙ ТАЛАНТ МНОГОГРАНЕН

Каждый человек, который любит своих близких, свой народ, хочет внести свой вклад в их благополучие и процветание. Это правильно. К этому надо стремиться постоянно и оно должно быть смыслом жизни каждого человека. Ведь истинное счастье заключается в умении бескорыстно служить своей родной земле, родному краю, своему народу. Это доказано историей. Поэтому, когда мы говорим о человеке, то в первую очередь думаем об этом, начинаем оценивать, насколько он честно и искренне служит своей отчизне, что он сделал во имя процветания общества, родного края и родины.

Вся жизнь видного общественного деятеля, известного ученого – экономиста, профессора, академика Международной Академии информатизации, академика Международной Академии науки и практики организации производства Рашита Саттаровича Каренова является примером беззаветного служения на благо отечества, на благо будущего молодого поколения.

Доктор экономических наук, профессор Р. С. Каренов внес большой вклад в развитие отечественной экономической науки и внедрение научных разработок в практическую сферу народного хозяйства. Им в новой постановке решались задачи органического сочетания ускоренной индустриализации, модернизации и инновационного развития, исследованы проблемы регулирования и совершенствования рыночной модели экономики Казахстана в условиях мирового кризиса. Ученый участвовал в разработке научной программы исследования рыночного преобразования экономики республики, путем формирования собственной научной школы по экономической теории и практике, составления принципов и методов современного менеджмента и маркетинга.

Вместе с тем несколько в тени остается тот факт, что Рашит Каренов – не только ведущий ученый – экономист Республики Казахстан, но также являлся специалистом, системно и последовательно занимающимся литературоведением. Он концептуально осмысливал литературный процесс и являлся автором ряда трудов (монографий, персонографий, указателей, статей) по истории казахской литературы и библиографии. Свидетельством продуктивной научной деятельности профессора Каренова являются изложенные в его работах идеи, которые способствуют фундаментальным и прикладным исследованиям в литературоведении. Поэтому настоящая статья посвящается нами этой стороне творческой деятельности труженика – ученого.

Неутомимый исследователь, активно занимающийся литературоведением.

Рашит Саттарович не жалел ни душевных сил, ни времени для восстановления истории казахской литературы. Он принимал участие в разработке новой концепции ее изучения и преподавания, для издания творческого наследия ярких представителей отечественной интеллигенции; на протяжении многих десятилетий ученый скрупулезно изучал различные материалы по истории отечественной литературы, публиковал работы, посвященные анализу отдельных проблем казахской поэзии. В следующих своих трудах талантливый исследователь неизменно отмечает богатство, содержательность и глубину отечественной поэзии, имеющей многовековую историю и высокие традиции:

1. В двухтомнике «Алаштың жиырма жыр алыптары». – «Двадцать великих поэтов Алаша» (Первая книга. – Караганда: Издательство Казахстанско – Российского университета, 2012, 470с.; вторая книга. – Караганда: Издательство Казахстанско – Российского университета, 2013, 400с.) неутомимым литературоведом проанализировано развитие жанров и стилей, а также место двадцати видных поэтов в истории казахской литературы. В двух томах собрано ожерелье воспоминаний о дорогих, прекрасных, незабываемых Мастерах слова, чьи имена стали гордостью отечественной поэзии и культуры. В изданиях автором выделены художественно творческие портреты выдающихся поэтов – Махамбета Утемисова, Шакарима Кудайбердиева, Султанмахмута Торайгырова, Машхур Жусупа Копеева, Дулата Бабатаева, Шоже Каржаубаева, Орынбая Байкожаулы, Сюинбая Аронова, Шортанбая Канаева.

Тепло и высокопрофессионально писал Р. С. Каренов об Биржан сале Кожагулове, Ахан сере Корамсине, Укили Ыбырае Сандыбаеве, Нарманбете Орманбетове, Касыме Аманжолове, Мукагали Макатаеве. Исследователь отмечает, что казахская поэзия тяготеет к музыке, необычны ее ритмико-

мелодическая система и звуковые законы, многообразны и богаты формы, своеобразна поэтика казахского стиха.

Во втором томе двухтомника (С. 11-92) профессором Кареновым рассказано об актуальности идей родоначальника казахской письменной литературы Абая Кунанбаева, об их созвучии сегодняшнему дню. Подчеркивается, что мыслитель сумел объять умом и познать специфику складывавшейся веками духовной культуры народа и прежде всего – его фольклора, был хорошо знаком с передовыми идеями своего времени, глубоко знал и высоко ценил русскую литературу, обладал колоссальным творческим потенциалом. Отмечается, что своей лирикой и назиданиями великий Абай учил людей различать добро и зло, высказывал мудрые мысли, делился накопленным опытом, всецело служил своему народу, думал о его дальнейшей судьбе. Доказывается, что непревзойденный поэт был истинным представителем передовой интеллигенции, пропагандировавшей гуманизм, человечность и духовную культуру.

Учитывая, что в поэзии Абая прослеживаются удивительные художественные мотивы, секреты красоты, индивидуальность литературно – эстетического мировоззрения, образно – символические оттенки, Рашит Саттарович старался максимально углубиться в творчество гениального мыслителя, в его светлые идеи. Он старался проникнуться ими, чтобы донести их до читателя.

2. Важным объектом научно-исследовательской деятельности талантливого литературоведа стало богатейшее творческое наследие Магжана Бекеновича Жумабаева. Яркой, незаурядной личности посвящена книга Р. С. Каренова «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан» (Мағжан – ақын Алаша, достигший недостижимых небесных вершин». – Караганда: Издательство КарГУ, 2013, 235с.). По мнению автора: становление Магжана как поэта проходило под влиянием поэзии Абая и Махамбета. В написанном в ранней юности стихотворении «Великому хакиму Абаю» Магжан Бекенович назвал своего знаменитого предшественника и учителя «царем поэтов» и в тоже время легко и органично воспринимал поэзию поэта – бунтаря Махамбета Утемисова. Пройдя эти две школы, он тем не менее остался самим собой – гениальным поэтом тюркского мира, родившийся из глубин веков:

«Ты видишь лежащую перед тобой степь,
Покрывшие ее, как шелк, зеленые травы,
Величественная гора. Слаще меда ее воды,
Вот мать, которая меня родила».

Не случайно классик татарской литературы Галымжан Ибрагимов поместил эти строки юного 14 – летнего Магжана на первую страницу своего романа «Казахская дочь».

Как подчеркивается в монографии, судьба М.Жумабаева олицетворяет сложную судьбу нашей нации за последние 100-130 лет. Так, одно из стихотворений непревзойденного поэта «Күншығыстан күн келеді – мен келем» («С восхода солнца утро идет – я иду») можно назвать воплощением мечты и идеалов современного независимого Казахстана:

«Утро идет с восхода солнца – я иду,
Небо волнуется, я тоже волнуюсь,
Темнота укутала землю,
Земле я даю сияние, солнце даю».

Исследователем делается вывод, что именно такие произведения способны объединять людей и заряжать их на самоотверженный труд во благо нашей страны.

3. Талантливому сыну Сарыарки, известному поэту – импровизатору Култуме Утемисулы посвящена книга Р. С. Каренова «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» («Култума ақын – поэт с широким дыханием и виртуозно владевший искусством импровизации». – Караганда: Издательство КарГУ, 2011, 176с.). В монографии указывается, что большинство своих произведений акын писал экспромтом, был большим мастером поэтических состязаний, часто и с успехом участвовал в айтысах. Утверждается, что песни и сказания Култумы характеризовались философским осмыслением явлений жизни. Доказывается, что лирические произведения самородка поэта покоряли глубиной и искренностью.

В своем исследовании о жизни и творчестве Култумы, Рашит Саттарович особо выделил то, что гордый поэт никогда не склонял голову перед баями, ни к кому не подлаживался, ни перед кем не заискивал и не сдерживал свой острый язык. Самобытный акын честно прожил жизнь. И в этом был секрет широкой популярности его стихов, громкой посмертной славы.

4. В интересной книге Р. С. Каренова «Әке рухымен сырласу» («Сокровенные мысли, с которыми я делился с отцом». – Караганда: Издательство КарГУ, 2015, 185с.) представлены мысли и идеи, с

которыми ученый-литературовед делился с отцом в течение продолжительного времени: о тенденциях в отечественном и мировом литературном процессе; о трудах и взглядах на художественную литературу; о роли личности в филологической среде и т.д. Из многочисленных доверительных бесед Рашита Саттаровича с отцом (Саттаром Караулы), нашедших отражение в монографии, следует вывод, что ученый-литературовед открыт для философского осмысления как собственной жизни, так и новых веяний в мировой и отечественной науке, в развитии общественно-политических процессов. Оглядываясь на свой путь, он в беседе с отцом восклицает: «Возможно, я бы не выдержал трудностей, если бы не глубокая вера в добро, вера в силу справедливости, а самое главное – чувство ответственности перед потомками!» В этих словах – кредо Каренова как Человека и ученого с большой буквы.

5. За все годы неустанной творческой работы Р. С. Каренов опубликовал множество книг, эссе, и статей различных жанров и тематической направленности. Среди них, кроме вышеназванных работ, следующие книги:

– «Творцы немеркнущих ценностей». – «Мәңгілік құндылықтар санлақтары» (Караганда: ОАО «Карагандинская Полиграфия», 2000, 224с.) – монография о людях с их индивидуальными и неповторимыми чертами и вместе с тем о людях, объединенных единой целью служения Отечеству, делу Мира, научно – технического и социального прогресса;

– «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын» («Ахметбек ақын – одаренный поэт, с полной отдачей сил занимавшийся литературным трудом». – Караганда: Издательство Казахстанско – Российского университета», 2008, 78с.) – монография, посвященная Ахметбеку Байсалбаеву (1878-1937), который своей знаменитой поэмой «Қанды жорық» («Кровавый поход») подверг резкой критике трагедию, которая произошла в Казахстане в начале 1930-х годов, навсегда изменившая казахское общество. В книге констатируется, что бесстрашный поэт своими произведениями открыто выступил против страшного потрясения (голодомора), когда в короткое время были разрушены социальная организация и привычный образ жизни коренного населения;

– «Ақын-ақ еді» («Талантливый поэт, покоривший всех глубокой лиричностью и задушевностью своими стихами». – Караганда: «Гласир», 2012, 212с.) – исследование жизни и творчества карагандинского поэта Максута Байсеитова (1927 – 1972), который всю жизнь сочетал стихотворчество с работой корреспондента в газете, редактора на радио и телевидении в Центральном Казахстане. В книге подчеркивается, что лирика, эпические вещи Максута Ибраевича были посвящены современности, раздумьям о высоко призвании человека (первый сборник стихов поэта «Өмір оттары» («Огни жизни») вышел в свет в 1953 году, а второй сборник лирических стихов и поэм «Қарқаралы басында» («У Каркаралинских высот») издан в 1977 году). Отмечается, что М.И.Байсеитов был известен также как переводчик классиков русской литературы на казахский язык.

Таким образом, подводя итоги уместно заметить, что за годы творчества профессор Каренов сумел создать весомое художественное наследие. Взятые вместе эти книги – свидетельство его необыкновенного таланта, необычайной широты творческих замыслов.

Характеристика, данная исследователем облику жырау, как древнего типа поэта в отечественной поэзии.

Прежде чем продолжить разговор о путях дальнейшего развития казахской поэзии, Рашит Саттарович полагал необходимым дать характеристику поэтическому и гражданскому облику жырау, самобытным особенностям его творчества. В монографии «Ұрпақтан – ұрпаққа жеткен ұлы жыраулардың толғаулары» («Толғау – раздумья великих казахских жырау, передававшиеся из поколения в поколение». – Караганда: ТОО «Арка и К», 2016, 328с.) им обосновывалась мысль, что творческий облик жырау связан с положением, которое они занимали в обществе. Жырау не говорил не по существу, не вмешивался в будничные дела, по мелочам, не поднимал голоса. Только в военное время, на великих сборищах и празднествах или в дни больших смут выступал он перед своими собратьями, воздействуя на них силой своего поэтического слова.

На основании изучения жизни и творчества крупнейших представителей поэзии жырау (Асан Кайгы, Казтуган, Шалкииз Тленшиулы, Доспамбет, Жиёмбет, Ахтамберды, Умбетей, Бухар Жырау, Нысанбай, Базар жырау и др.) автором делается вывод, что в условиях самостоятельной государственности, необходимости ее защиты и укрепления заметно возвысилась роль жырау, которые поставили поэзию на службу государству и правителю, сформировали литературу государственного служения. Подчеркивается, что свои непосредственные обращения к правителю, панегирические стихи, философские размышления о бытии и думы о народе, дидактические толғау-раздумья о добре и

зле, о дружбе и вражде, выдающиеся жырау излагали языком высокохудожественной поэзии, с использованием метких сравнений, ярких метафор, синтаксических и психологических параллелизмов.

В книге Р. С. Кареновым повествуется о том, что коренные изменения в социально – экономической и политической жизни во второй половине XIX – начале XX веков определили формирование новых идей, мыслей, взглядов в обществе. Новизна эпохи стала выражаться и в том, что поэты – жырау, как носители идеи казахской государственности, постепенно стали уходить с исторической арены. Теперь на арену вышли акыны, которые прежде занимались импровизацией на семейно-бытовые и другие различные темы народной жизни, участвовали в поэтических состязаниях – айтысах, устраиваемых на свадебных пирах, годовых тризнах – поминках по умершим, и прочих торжествах.

Однако было бы неверным думать, что акыны вовсе отошли от традиций старой поэзии. В монографии исследователем высказывается идея, что многие лучшие черты поэзии жырау все-таки были сохранены. Но и они обогащались и развивались акынами в иной среде в соответствии с другими требованиями, принесенными новой эпохой, в корне отличной от предыдущих времен.

Изучение ученым-литературоведом творчества бия, сыгравшего неопределимую роль в истории Казахского ханства.

В казахском обществе функцию судей выполняли бии, которые хорошо знали степные законы и нормы обычного права (адат). Бием становился уважаемый в народе человек, показывавший такие качества, как честность, рассудительность, благородство. Бии были выходцами из народа (кара сүйек) и часто являлись советниками при ханах.

Рашифом Саттаровичем еще с детства собирались истории, легенды, что рассказывали аксакалы о знаменитом бие и ораторе Байдалы Бекшеулы, который жил во времена ханов Абылая и Уали. Богатое наследие в виде крылатых выражений и эпических высказываний, оставшееся от Байдалы бия помещено в различных сборниках.

В начале 2000-х годов была издана книга Р. С. Каренова «Әрі көсем, әрі шешен Байдалы би» («Байдалы би – выдающаяся личность своей эпохи, одаренный оратор». – Караганда: Издательство «Болашак – Баспа», 2002, 104с.). Литературоведом была опубликована также фундаментальная статья на казахском языке в одном из авторитетных казахстанских журналов (Каренов Р.С. Байдалы би Бекшеулы // «Таң – Шолпан», 2008, №3, 166-183 беттер) и статья на русском языке (Каренов Р.С. Непререкаемый авторитет // «Индустриальная Караганда», №27 (22865), 10 марта 2022 года, с.6). Кроме того, вышли в свет многочисленные статьи ученого об известном бие на страницах газеты «Орталық Қазақстан» и журнала «Азия – Транзит» (№4(13) 2001 года, с. 33-45; №7 (28) 2002 года, с. 4-12).

В изданной книге, опубликованных статьях на страницах журналов и средств массовой информации вкратце освещаются следующие основные сведения о Байдалы Бекшеулы:

- родился в 1727 году, ушел из жизни в 1822-м;
- с юных лет был вовлечен в управленческие дела, состоял членом совета биев, который руководил Средним жузом, координировал политику ханов Абылая и Уали;
- знаменитый бий остался в памяти потомков как блестящий знаток степного права. Он справедливо решал как внутренние проблемы народа, так и различные споры и тяжбы между людьми и родами - о земле, о вдовах и т.д. Поэтому к нему приходили за судом и советом люди от разных племен. Байдалы был известен как влиятельный бий, который мог найти выход из любой ситуации;
- согласно народным сказаниям, однажды, довольствуясь советами Байдалы бия, Абылай хан сказал: «У меня восемь биев, из тех восьми он самый особенный». Хан всегда особо выделял его среди советников – биев, дававших определенные направления в политике и при вынесении конкретных решений для всего Среднего жуза;
- еще при жизни бия считали аулие – целителем, святым. Его благословения и предсказания всегда сбывались;
- мавзоль Байдалы Бекшеулы находится у возвышенности у реки Шидерты близ села Родниковского Осакаровского района Карагандинской области. Интересно отметить, что во время строительства канала «Иртыш-Караганда» эта местность была затоплена. Однако именно захоронение святого бия осталось нетронутым. В настоящее время мазар, в котором покоится выдающаяся личность своей эпохи, одаренный дипломат и оратор, занесен на карту сакрального Казахстана;

- представляется важным указать, что мавзолей Байдалы бия является священным местом паломничества. К нему тянутся люди, которые находят там покой и утешение, восстанавливают душевное равновесие. Местные жители уверяют, что приходящие к могиле бия паломники, испытывающие психологически подавленное состояние, быстро поправляются и приходят в себя.

В 2004 году решением XVII сессии Карагандинского областного маслихата сельский округ «Дружба» был переименован в «Байдалы би». В районном центре – поселке Жанаарка теперешней Улытауской области – в его честь названа одна из улиц.

Изыскания литературоведа по раскрытию ярких личностей отечественных ученых.

Профессор Каренов является автором ценного издания «Қазақ елінің жиырма ұлы ойшылдары мен ғалымдары» («Двадцать великих мыслителей и ученых казахской земли». – Караганда: ТОО «Арка и К», 2016, 500с.). В представленной монографии прежде всего отмечается, что целую плеяду гениев подарила человечеству «золотая эпоха» исламской науки: Аль – Фараби, Махмуд Кашкари, Юсуп Баласугуни, Ахмет Ясауи, Мухаммед Хайдар Дулати, Кадыргали Жалаири. Подчеркивается, что ученые – энциклопедисты средневековья составили настоящее созвездие на небосводе мировой мысли. И кажется, они заставили ярче сиять само солнце и ночные светила, пролив лучи знаний на их сущность.

Утверждается, что помимо уникальной многогранности и колоссального цивилизационного вклада, отмеченных выше великих мудрецов роднит их принадлежность к Центральной Азии, где они родились и провели большую часть жизни. Указывается, что тогда многие нынешние нации только формировались, и потому казахи, узбеки, таджики и другие народы, населяющие регион, небезосновательно гордятся ими как земляками и соплеменниками.

В книгу ученого-литературоведа вошли также очерки-исследования о жизни и творчестве выдающихся деятелей науки Казахстана XIX и XX столетий, которые могут служить примером для молодежи. Рассказывая об отечественных ученых, Рашит Каренов постоянно подчеркивал, что основа их ярких достижений в науке – всегда талант, множественный на большой и упорный труд.

На базе выполненного исследования автор монографии пришел к заключению, что жизнь и творчество таких выдающихся ученых, как Ш.Уалиханова, И.Алтынсарина, К.Сатпаева, Е.Букетова, А.Маргулана, К.Мынбаева и других – это пример полной самоотдачи и абсолютного служения истине. Обосновывается, что их тяга к знаниям была неутомима, поглощало всецело, требуя постоянной сосредоточенности.

Великие немецкие писатели Герман Гессе и Томас Манн так писали о судьбе и талантливых личностях: «Истинное признание каждого состоит только в одном – прийти к самому себе, найти собственную судьбу и отдаться ей внутренне, безраздельно и не поколебимо. Талант есть способность обрести собственную судьбу». На самом деле служение обществу всегда должно быть для всех священным долгом. И здесь личности уровня Рашита Каренова – отличный пример. Он – крупный ученый-экономист, высокий профессионал своего дела, яркий публицист, талантливый ученый-литературовед, который обрел себя и собственную судьбу.

Время, пожалуй, единственное, что способно рассудить все происходящее, и потому оно неподвластно человеку. Но оно созвучно откликается тому, кто чувствует ему отведенное время – пытается понять его ритм, умеет его ценить, относится бережно.

У каждого человека наступает время, когда он, прожив определенную жизнь, оглядываясь в прошлое, осмысливая настоящее, по-своему, чаще сакрально, переоценивает все то, каким временем вознаградил его Создатель и как он в нем прожил, живет и хочет жить.

Не зря лауреат Нобелевской премии, физик Альберт Эйнштейн как-то заметил: «Выдающиеся личности формируются не посредством красивых речей, а собственным трудом и его результатами». Это в полной мере относится к нашему современнику Р.С. Каренову. Из под его пера вышли большое количество монографических исследований и около 500 статей, которые были опубликованы на страницах журналов – «Жұлдыз», «Ақиқат», «Кокшетау», «Айқап», «Алаш», «Қауырсын», «Таң-Шолпан», «Жаңа Сарыарқа», «Мағжан», «Мұқағали», Вестник КарГУ (в сериях: «Филология», «История», «Педагогика»), «Найзатас», «Мысль», «Сыр мен Сымбат», «Азия-Транзит»; газет – «Қазақ әдебиеті», «Казахстанская правда», «Егемен Қазақстан», «Индустриальная Караганда», «Орталық Қазақстан», «Жас Алаш», «Zaman – Қазақстан», «Замандас-Современник», «Қазақ», «Саран газеті», «Абай-Ақиқат», «Шипагер», «Вечерняя Караганда», «Қазақ үні» и др.

З.Ф. Сақтағанова – д.и.н., профессор
М.Абдуов - д.ф.н, профессор
Б.С.Рахымов - д.ф.н, профессор
Т.Б. Казбеков – к.э.н., профессор
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., menedzhment_kafedra@mail.ru

ҒАЛЫМ-ЖАЗУШЫНЫҢ ТАРИХИ ІЗДЕНИСТЕРІ

Көрнекті ғалым, білікті зерттеуші Каренов Рашит Саттарұлының тарихи ізденістері қазақ елінің рухани, әлеуметтік және саяси кеңістігіндегі маңыздылығы жоғары мәселелер ауқымы қамтиды.

Бұл бағытта ғалымның соңғы 20-25 жылда келесі кітаптары жарық көрді: «Қаракелер (Шежіре)(2001)»; «Қазақтың үш ұлы көсемі (2002)»; «Тұғыры биік тұлғалар(2003)»; «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр (2005)»; «Жеті атасын білген ер (2008)»; «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков (2010)»; «Аралбай руының шежіресі (2011)»; «Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшылары (2014)»; «Жұмабек Ташенев – Алаштың жүз жылда біртуар алып тұлғасы (2014)»; «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары (Екі томдық, 1-ші том) (2014)»; «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары (Екі томдық, 2-ші том) (2014)»; «Арғын-Алтай» тайпасының тарамды тармағы – Мұрат шежіресі: тарихи гениологиялық зерттеу (2015)»; «Хан Кене көтерілісінің қаһарман сардары – Мәнжі батыр» (Туғанына – 200 жыл толуына орай) (2015); «Шерубай Биболдыұлы – жоңғар шапқыншылығы заманының алып батырларының бірегейі» (туғанына 325 жыл толуына орай) (2018).

Бұл еңбектердің кейбірі қазақ халқының сан ғасырлық, мәдениетінен, тарихынан деректі мәлімет беретін мақалалар, эсселер жинағы түрінде жазылған. Оларға енген мақалалар негізінен орталық басылымдарда, мерзімді баспасөздерде жарық көріп, оқырман қауымның сарабынан өткен.

Бұл кітаптар қазақ сияқты ұлы да қайсар халықтың маңдайына жазылған біртуар, жүз жылда бір келер жарқыраған жұлдызы, шуақ шашар күні, жарық берер сәулесі, қайталанбас тұлғалары туралы жүрекжарды ыстық лебіздер, естеліктер, қимастық, сыйластық сезімдер сыйлайды.

Қазақ елінің әдет-ғұрпын, тарихын, мәдениетін, саяси өмірін, ғылымын мазмұндататын бұл кітаптар қоғам ғылымдарын зерттеуші-ғалымдарға, жоғары оқу орындарының тарих, педагогика, философия және филология факультеттерінің оқытушыларына, магистранттары мен студенттеріне қосымша құралдар ретінде қызмет ете алады.

Ғалымның тарихи тақырыптағы шығармашылық еңбектерін ірі-ірі төрт бағытқа бөліп қарастыруға болады.

Алғашқы бағыт – шежіре, этнография, генеалогиялық мәселелерге арналған еңбектер: «Қаракелер (Шежіре)» (2000); «Тұғыры биік тұлғалар» (2003); «Жеті атасын білген ер» (2008); «Аралбай руының шежіресі» («Аралбай батыр: Шежіре») (2011); «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: энциклопедиялық анықтамалық (Екі томдық. Бірінші кітап)» (2014); «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: Энциклопедиялық анықтамалық (Екінші кітап)» (2014). «Арғын-Алтай» тайпасының тарамды тармағы – Мұрат шежіресі: тарихи гениологиялық зерттеу (2015).

Аталған монографиялардан автордың ұрпақтан ұрпаққа беріліп, халық арасында кеңінен таралған аңыздарды, жырлар мен өлеңдерді, эпсаналарды жинастырып, бір тұтастыққа келтіргендігін байқаймыз. Бұл басылымдар этнография ғылымның дамуына өзіндік үлес қосып, профессор Р.С. Кареновты қазақ фольклорының білгірі етті.

Адамның өзінің шыққан тегін, тарихын зерттеуі расында да қызығушылық туғызатын іс. Ата-бабалардың шығу тегі көбінесе әр түрлі әңгімелерге негіз болып, ертегілер және ауызша жеткізілетін аңыздар секілді ұрпақтан ұрпаққа жетті. Мұнда қазақтардың этникалық құрамы және мекен етпекші нақты жерлерге қоныстануы қазақ руларының этнологиялық негіздерінің жалпы мәселерін шешудің бір бөлігі болып табылады. Аталған мәселенің зор маңыздылығын сезіне отырып, Р. С. Каренов өз зерттеулерінде Орта жүз қазақтарының этникалық құрамын, сондай-ақ оның рулары мен тайпалырының қоныстанған аймақтарын қарастырумен шектелген. Ал бұл түптің түбінде ғалымның тарихи, археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық, антропологиялық, географиялық және әлеуметтік-экономикалық зерттеулері қазақ халқының пайда болуы туралы өте күрделі мәселені шешуіне септігін тигізеді, қазақтың әрбір руының тарихын тыңғылықты зерттеуіне әкеледі. Ғалымның

пікірінше қазақтар өз тарихын, өз шежіресін рулық, тайпалық тұрғысынан сақтап қалған бірден-бір ұлт. Тұтастай алғанда жеті атасын білу – бұл үрдіс. Бұл өз генефонның үздіксіз күшейтіп отыру, бұл этностың табиғи айрықша селекциясы.

Белгілі болғандай, ғалым-генеалог шежірені зерттеп жалғастырғанда өзіне белгілі өте аз мөлшердегі дереккөздерді пайдаланаған. Оның үстіне генеалогиялық ескерткіш – деректерді қандайда бір көпке белгілі, танымал тұлға ұсынған жағдайда оған ол толық сенім білдірген. Барлық қолжетімді деректерді, мұрағат құжаттарын, сондай-ақ отандық және шетелдік (әсіресе ресейлік) әдебиеттерді сыни тұрғыдан пайдалану негізінде профессор Р. С. Каренов өз монографиялары мен мақалаларында орта жүз қазақтарының этникалық құрамын, сондай-ақ жекелеген рулар мен тайпалардың әр түрлі тарихи кезеңдерде Қазақстан аумағы бойынша қоныстануы мен орын алмастырып көшіп жүру үрдісін барынша толық бейнелеу мақсатын қойды. Орта жүз қазақтарының этникалық құрамын айқындауда автор келесі ғылыми әдістемелік қағидаларды ұстанады:

– көп ғасырлық тарихи уақыт аралығында әрбір тайпа, әрбір ру экономикалық және саяси факторларға орай өзгеріп отыратындығы қуатталған. Мысалы, экономикалық, әлеуметтік, әскери-саяси факторлар тайпалардың үш тобының бөлектеніп шығуына және XVI ғасырдың басында солардың негізінде үш қазақ жүзінің негізгі тұрғындары Жетісуды жайлаған Ұлы жүз, Балқаш көлінің солтүстігінен бастап Қаратау жоталары мен Орталық және Солтүстік-Шығыс Қазақстан аралығын мекендеген Орта жүздің және Батыс Қазақстанда кіші жүздің құрылуына себеп болды. «Жүз» сөзі «бүтіннің бір бөлігі», «бүтіннің бір тұсы» дегенді білдіреді. Жүздердің түзілуіне жекелеген рулар мен тайпалар одағына бірігуі жатыр:

– генезис үдерісінде жеке тайпалардың, кейде шығу тегінен өзгеше өз ара әрекеттесуі жүріп жатты, өзінен әлдірек тайпаның немесе рудың этнонимін қабылдаған рулық топтардың бірігуі орын алды. Нәтижесінде мемлекетеміз 43 тайпадан жасақталып құрылды: 25-і Кіші жүзден; 6-уы Орта жүзден; 12-і Ұлы жүзден болды. Орта жүз құрамына келесі тайпалар енеді: арғын, керей, найман, қыпшақ, қоңырат, уақ:

– Арғындар Орта жүздің барынша көп бөлігінде қонысталған. Олардың өкілдері Қарқаралы, Павлодар, Ақмола, Атбасар, Көкшетау және Петропавлск уездерінде болып шоғырланған. Арғындардың едәуір бөлігі Семей уезінде қоныстанған. Бұл тайпаның өкілдері Торғай өңіріндегі Кіші жүз жерлерінде (Торғай өзені және оның салалары бойында), Қостанай уезінің шығысын және Сырдарияны мекендеген.

– Петропавл уезінің батыс бөлігіндегі Керейлердің Кіші жүз жерлерінде өз руластары болды. Наймандар Зайсан, Өскемен, Семей уездерінің басым бөлігінде, Павлодар уезінің орта тұсындағы Ертістің сол жағалауы мен Шідерті өзені аралығында қоныстанған. Олар Атбасар уезінің оңтүстігі мен оның батыс шекарасын, сондай-ақ Ұлы жүзге жататын Лепсі уезінің барлық дерлік аумағын мекен етті. Қыпшақтар Павлодардың солтүстігіндегі және Омбы уезінің оңтүстігіндегі жерлерді мекендеді. Олардың көп бөлігі Кіші жүз жерлерінде Қостанай уезінде, Торғай уезінің шығысы мен оңтүстігінде, және жекелеген топ болып Сырдария бойында орналасқан. Қоңыраттар Кіші жүз жерлерінің Түркістан ауданында, оның Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік аралдар жақтарында тұрақтады. Уақтар жекелеген аралдар түрінде Ертіс бойында, Павлодар уезінде, сондай-ақ Семей уезінде, Петропавл уезінің шығысында қоныстанған болатын. Сөйтіп, Орта жүз тайпаларының қоныстануының жалпы суреттемесі осындай болған еді.

– Арғын тайпасы Орта жүз тұрғындарының барынша көп бөлігін құрайды. Олардың атаулары Орта жүз ұғымының синонимі деуге болады. Арғын тайпалары негізгі алты ұрпаққа бөлінеді: Мейрам сопы, Ақ сопы, Қара сопы, Темір сопы, Сары сопы, Нәдір сопы. Осыған байланысты халық арасында «Арғын болсаң алтау бол» деген сөз қалған. Арғынның үлкен ұлы Мейрамның балаларын бір сөзбен «Бәйбіше баласы» (яғни үлкен немесе бірінші әйелінің балалары) деп атайды. Бұл топ Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік және Қаракесек руларынан тұрады. Арғын тайпаларының қалғандары олардың шешелерінің есіміне орай Момын тобына біріктірілген. Момындардың бабалары жеті руға тармақталған («Жеті Момын»): Бәсентейін, Қарауыл, Атығай, Қанжығалы, Тобықты, Сары-жетім, және Шақшақ. Оларды «Тоқал Арғын», яғни кіші әйелінің балалары деп те атайды.

Қазіргі таңда елімізде шежіре айрықша мәнге ие болып, қарқынды даму үстінде. Себебі әрбір қазақ дүниеге келгеннен шежіре деп аталатын осы құндылыққа енеді.

Европа елдерінен бір-бір айырмашылығы, шежіреге «ақ сүйектер» немесе «асыл тұқымдылар» ғана емес, қарапайым адамдар да бірдей енеді.

Шежіре жайлы жазылған бұл шығармаларында зерттеуші-ғалым шежірені қазақ халқының ауызша тарих айту дәстүрінің өте маңызды туындысы деп қарастырған. Себебі қазақ шежіресі әдебиет пен тарих ғылымдарындағы халқымыздың шығу тегін, таралуын баяндайтын тармағы. Шежіренің қазақ, түрікмен, монғол, қырғыз және т.б. халықтар арасында ауызша сақталғандығы дәлелденіп, біздің ата-бабаларымыз үшін де шежіре тарих қызметін атқарғандығы айтылған. Ол халықтың этникалық құрылымын анықтауға, тұтастығын көрсетуге мүмкіндік беретін төл тарихымыздың нұсқасы, ұлттық рухани мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған. Қазақ қоғамында ауызша айту дәстүрі туындыларын ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыратын арнайы адамдар болған. Ел арасында өткен өмір тарихын жақсы білген «шежіреші адамдар» болған. Олар қазақтың ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрін, заңдарын, әдет-ғұрпын, ай-күн есептерін жақсы білген, көшпелілердің танымын жете түсінген, небір аңыз-әпсана, жырларды жадында сақтаған. Егер қазақ мәдениеті біртұтас дейтін болсақ, онда шежірені де осылай қарастыруымыз керек деп дәріптейді автор. Яғни, шежіренің ішінде аңыз бен шындық та, ертегі мен әпсана да, өнер мен ғылым да бар, ал дәстүрлі қазақ мәдениетінен оның біреуін бөліп қарастыру мүмкін емес деп зерттеуші ғалым ой түйген.

Автордың шежіре жайлы бұл кітаптарын өскелең ұрпаққа тарихи ғибрат беретін құндылықтар деп санауға болады.

Екінші бағыт ғалымның тарихи тұлғаларға – Алаш қайраткерлеріне арналған еңбектері.

Автор өз зерттеулерінде қазақ көгінде жарқырап көрінген жұлдыздардың, Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшыларының ұлықтығы мен кішіктігін, олардың өздерінен кейінгі жамырай өрген дарынды толқынның қаулап өсуіне игі әсерін тигізгенін қарастырған. Автордың зерттеп көрсеткендей, XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ қазақ зиялыларының қатары А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Ж. Досмұхамедов, Х. Досмұхамедов, Ә. Бөкейханов, Қ. Сәтбаев, Ж. Аймауытов, Б. Қаратаев, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Ә. Диваев, М. Дулатов, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, Н. Төрешұлы, М. Әуезов, Ә. Ермаков сияқты тағы да басқа саясат, әдебиет пен мәдениет, ғылым саласындағы ондаған демократиялық бағыттағы Алаш ардақтыларымен толықты. Оларда бір ғана ұлы мақсат болды. Ол халықтың санасын ояту, орта ғасырлық мүлгуден арылтып, өнер-білімді меңгеріп, дамыған халықтардың қатарына қосылу арқылы ұлттың тәуелсіздігіне қол жеткізу еді. Олар бодандық бұғауының әйтеуір бір уақытта үзілетініне сенді. Сондықтан да сол күнге туған халқын жеткізуге бар күш-жігерлерін жұмсады. Алаш қайраткерлерінің басым көпшілігі ғылымға емес – утопияға, демократияға емес – авторитаризмге негізделген большевизм идеясын қабылдамай, баррикаданың арғы бетіне шығып, өз елінде, өз жерінде отырып азап шеккен қазақ халқының мұң-мұқтажын қорғауды мақсат еткен Алаш партиясын ұйымдастырды. Ел алдындағы ұлы мақсаттарды жүзеге асыратын атқарушы билік органы – «Алашорда» үкіметін құрып, ұлттық-аймақтық негіздегі «Алаш автономиясы» мемлекеттігін жариялауға талпыныс жасады. Қазақ халқының ұлттық, саяси санасын қалыптастырудағы ең биік белес болған XX ғасыр басындағы осы бір қазақ зиялылары алдыңғы қатарлы тобының саяси қызметі де, құқықтық көзқарастары да, тіпті ғылыми, әдеби мұралары да ұзақ жылдар бойы жабық тақырып саналып, зерделі зерттеулерге нысан бола алмады. Оларсыз қазақ тарихы – тұл, алтын дегені күл еді. «Алаш» партиясының саяси күрес тарихын, «Алашорда» үкіметінсіз экономикалық ілімдер мен реформалар тарихын, «Алаш автономиясының» Қазақстан мемлекеттілігінің негізін, Алаш ардагерлері өмірінсіз ұлт тарихын жасау, мемлекеттік тіліміздің тарихын қалыптастыру мүмкін емес еді.

Сондықтан да соңғы жылдары Алаш көсемдері мен көшбасшылары туралы едәуір жазылды. Ғылыми зерттеулерден бөлек көркем шығармалар да бар. Дегенмен де, олардың мемлекет қайраткерлігі істерінде әлі де түйіндей түсетін, анықтап, ашығын айтатын жайлар жетерлік.

Әсіресе 1937-1939 жылдары ерекше қарқын алып, халықты жаппай қуғын-сүргінге ұшыратқан репрессия саясаты – ұлттық тарихымыздың ең қаралы, ең қасіретті беттері қатарынан орын алады. Табанды зерттеуші өз еңбектерінде ұлтымыздың зиялы қауымын, барша көзі ашық азаматтарын баудай жапырған «ұлы террордың» әлі де айтылмай жатқан көлеңкелі беттері аз емес екендігін ашып жазған.

Жазушы ғалымның зерттеп жазған кейіпкерлері рухы биік тұлғалар. Осы күдіретті күш оларды кез келген уақытта кез келген тығырықтан алып шығады. Мысалы, Алаш қайраткері Имам Әлімбеков жайында жазылған «Алаш азаттығының ақиығы Имам Әлімбеков» атты кітабы соның айғағы. Себебі Имам Әлімбеков өткен ғасырдың бас кезінде Алаш қозғалысының рухы биік өкілдерінен болатын, және ол туралы жазылған шығармалар некен-саяқтың. «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» еңбегі де осы айтылғандарды қуаттай түседі. Демек, Әл-Каренидің есімі қазақ оқырмандарына өткен ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарынан бері таныс.

Автордың ойынша, өмірдің күнгейінен көлеңкесін, тәттісінен ащысын, жеңілінен ауырын көп көрсе де мойымаған тегеуріні мықты, рухы өжет Алаштың көсем жандарының адами болмыс-бітімі кейінгі буын ұрпаққа ғибрат, үлгі-өнеге болуы керек.

Өз монографияларында зерттеуші-ғалымның айрықша ден қойған үшінші мәселе – қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозғалысы.

Ұлт-азаттық қозғалысының сипатын зерттей келе, автор оның үш мәнді белгісін ашып көрсеткен: біріншісі қозғалысқа жалпыұлттық идеяның тән болуы; екіншісі – қозғалыс алға қойған негізгі мақсаттың анықтау, ашық түрде мемлекеттік билік мәселесіне келіп тірелуі; үшіншісі – қозғалыстың басында ұлт зиялыларының саяси көрегендік, қолбасшылық кемелдік, дипломатиялық қасиеттері бойында бар көрнекті өкілдерінің тұруы.

Бұл кітаптарда отарлаудың сорақылықтарын біле-көре тұра туған елінің өсіп-өнуін империя тағдырынан тыс көзалдына елестетпеген, Ресей құрамында қала беріп, өркениетке жетуді мүмкін санаған, тұлғалардың әлеуметтік қауымның әр кезеңдегі – XVIII, XIX ғасырлардағы, XX ғасыр басындағы дүниетанымы арнайы зерттеуді талап ететіндігі көрсетілген.

Автордың тағы бір байқағаны – өлке болашағын Ресеймен байланыстыра қарастырғандар маңызды мәселеретінде бірде саяси тәуелсіздікті, ұлттық қауіпсіздікті, әлеуметтік-экономикалық дамудың, өнеркәсіптік-индустриалды жолға түсудің мүмкіндіктері мен нұсқаларын сөз қылса, екіншіде ағартушылыққа, оқу-білімге үлкен үмітпен қараған.

Патшалық билік тұсында мемлекеттілігінен айрылған Қазақстан бірнеше әкімшілік-аумақтық бағыныштылық пен талапайға ұшырады. Елдің ақпараттық тұтас кеңістігінен айрылып, оған демографиялық діни жаңа үдерістер қосылған соң, жалпыұлттық идея өзінің міндетімен көздегені жағынан әр аймақта әртүрлі болғанына әдістемелік мән беру қажеттігі туралы ұсыныс жасалған. Мысалы, отарлық қанаудың күшеюімен Ортажүз бен Кіші жүзде 1836-1838 жылдары Исатай-Махамбет, 1837-1847 жылдары Кенесары хан басқарған ұлт-азаттық қозғалыс жүріп жатқанда, оңтүстік аймақта патшалықтың өктемдігі әлі орныға да қойған жоқ болатын. Мұнда дәурені өткен, ертең өзі де отарға айналатын орта азиялық билеушілер Ұлы жүз қазақтарын зар илетіп мықтымсынып жүрген еді.

Автордың көрсеткеніндей, қазақ даласының әр аймағында қалыптасқан нақты тарихи ахуалға қарай мұраты бір, міндеті әр алуан қазақ идеясы осылайша дүниеге келген. Тек XX ғасыр басында ғана, яғни отар өлкеге айналу аяқталғаннан жартыға сырдай уақыт өткенде, бүкіл өлкенің азаттығын, қазақ мемлекетін құруды, ояруды ту еткен жалпы қазақ идеясы Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап кетті. Ал оның бастау бұлағында бұрындары, кеңес заманында айтқандай пролетарлық төңкерісті дайындаған большевиктер емес, аз таралыммен-ақ қазақтың тілі, құлағы, көзі бола алған – «Қазақ», «Айқап» сынды газет-журналдар, Алаш автономиясының идеясын ұсынған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов басқарған либералды-демократиялық зиялылар тұрды.

Ғалымының еңбектерінде де ұлт-азаттық қозғалысының мемлекеттік билік мәселесімен байланысы да егжей-тегжейлі талданған. Мемлекеттік билік мәселесін күн тәртібіне қоймаған әлеуметтік сілкініс бар болғаны ашыну, бүлікшіл, қарақшылық дәрежесінде қалады деп есептейді автор. Әрісі түркілер, берісі қазақтар көшпелі өмір салтын кеше жүріп, мемлекеттік билік тәртізді құндылықтардың парқы мен нарқын ежелден-ақ терең ұғынған. Әйтпесе жер-суын, тауымен даласын, қағандығын, хандарын, батыр-билерін, заңдарын дәріптеген, мадақтаған, ұлықтаған қыр-аңыздарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізбеседі, мәңгі тасқа қашап жазбас еді.

Мемлекеттік билікті қолға алмай ұлт-азаттық қозғалысының дйттеген мақсатына жетпейтінін идеологиялық шығармашылық тұрғыдан бекемдеген Махамбет тұжырымы Кенесары бас болған әлеуметтік сілкіністерде нақты шешімін тапты деп ой қорытады автор.

Автордың бағалауынша, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің маңызы да, салмағы да, төл тарихымыздан ойып алар орны да ерекше. Өйткені аталмыш алапат айқас алдына қойған арман-мақсатының айқындылығымен де, ауқымдылығымен де күллі Алашты ортақ мүддеге жұмылдыра білген жалпы халықтық сипатымен де дараланып тұрады.

Автордың көңіл аударған бір мәселесі, Кенесары Қасымұлының бастаған көтерілісінің басқа көтерілістерден басты ерекшелігі Қазақстанның барлық аумағын, яғни Үш жүзді қамтуы еді. Көтеріліс барысында Кенесары әскерінің саны 20 мыңға дейін жетті.

Кітаптардың мазмұнына арқау болған төртінші мәселе – елі мен жерін жаудан қорғаған өжет, қайтпас күш иелері, ата-мекенде елдіктің уызын ұйытқан, халқының еңсесін көтерген батырлар тұлғасының сыр мен сынға толы әлеуметтік бейнесі.

Батыр туралы сөз бастаудың, ой тастаудың басты шарты – қазақты тану және қазақты таныту, осы түйінді міндеттердің басты жолы мен өтімді тәсілдерін өзара үйлестіру. Қала берсе, батыл ізденіс-әрекетті жасампаздық күшпен әлеуметтік қауымның құралына айналдыру. Ұрпақ ұсақтап, халық жалтақтап, жастар арасында ездік пиғыл орныққан сайын ерлердің тәжірибесінен тәлім алудың, ерлердің өнегесінен үлгі алудың, ерлердің өнегелі дәстүрімен тәсілін меңгерудің маңызды екендігі анағұрлым артуда.

Халқымызда батырлар туралы аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар өте мол. Себебі қазақ тарихының бағдары мен беттерін, оның батырлары – қолбасшылары, ел басшылары, би-шешендері, мәмлегерлері, саясаткерлер әрі қарай ұштастырды. Олар батылдығы басым, күшті әрекеттің басы-қасында болды, халқымен бірге қоян-қолтық өмір сүрді, халқының салт-дәстүрін сақтай білді.

Сан алуан батырлар елдің тірегі де, тұтқасы да болғандар. Олар – жігерлі де намысқой жауынгерлер, абыройы бір басынан асқан ерлер. Ел-жұрт батырлардың ерлігімен, естілігімен, ептілігі мен бақытты, беделді болған, өсіп-өнген. Батырлар қаншама көп болмасын, олар – халық дәстүріндегі ескіліктің жәрдемшісі, жаңалықтың жаршысы, естіліктің белгісі, ерліктің үлгісіндей. Батырлар ерлігінде халық өнегесінің ізі, тарих оқиғасының қисыны суреттеледі. Батырлар әрекетінде ел мінезі, ұрпақ ұғымы, ел қиялыққа баттасып жатады. Батылдық қара күште ғана емес, епті қайратта, айла-амалда. Батыр басы сонысымен бағалы, батыр аты сонысымен ардақты еді. Батырлар бейнесі ұрпақтар арасында сомдалған, ел қиялынан туындаған тұлғалық, батырлар беделі – ел хикаясындағы естеліктер мен әңгімелер.

Автордың бірнеше жылдар бойы дайындаған осы еңбектерінде қалың қазақты атқа қондырған ұлт-азаттық көтерілістің бас сардарларының бірі, ақтық демі біткенше Кенеханның ең сенімді серігі бола білген мыңбасы – Мәнжі Күржікейұлы баһадүржайлы сыршертілген: «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр (2005)»; «Хан Кене көтерілісінің қаһарман сардары – Мәнжі батыр» (Туғанына – 200 жыл толуына орай) (2015).

Кенесарының құрметіне бөленген Мәнжі батырдың хан сарбаздарын даярлап, жаттықтырып, дайындаудағы сардарлығы бір бөлек; жекпе-жекке шығып, жау жыққаны бір бөлек; жеке шауып, шеп бұзғаны бір бөлек сараланған. Олардың әрқайсысы жеке-жеке талданып, зерттеліп, кейінгі ұрпаққа өнеге ретіндегі үлгілі істердің басы болары сөзсіз.

Қазақтың хас батырларының бірегейі, туған елінің тәуелсіздігін көксеп, басын бәйгеге тіккен, елінің бостандығы үшін ажалға қарсы шапқан, арыстандай арпалысқан аяулы, ардагер батыр Мәнжі Күржікейұлы 1815 ж. қазіргі Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданында дүниеге келіп, шамамен 1911 ж. қайтыс болған. Арғын-Алтай тайпасының Қареке руынан шыққан.

Автордың байқағанындай, Мәнжі батырдың өмірі – небір қиындыққа, қыспақ пен қиянатқа толы ғұмыр. Ол – патшаның отарлау саясатына қарсы шығып, қол бастаған атақты батыр. Оның бүкіл өмірін, ерлікке толы іс-әрекетін XIX ғасырдың орта кезінде өткен әйгілі оқиға – Кенесары хан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысынан бөліп алып қарауға болмайды. Мәнжі батыр – өз ғұмырында туған елінің тәуелсіздігі мен бостандығын, еркіндігі мен егемендігін армандап өткен тарихи тұлға.

Кітаптағы хан Кене әскерінің шешуші шайқастарда жеңіске жетуі қол бастаған батырдың тапқырлығы мен шеберлігіне байланысты десек, Мәнжі батыр бойына сондай қабілеттерді жинай білген сардар. Осындай ерлердің ерлігі арқасында қалың елдің бірлігі сақталып, жүгірген аңның тұяғы тозып, ұшқан құстың қанаты талатын ұланғайыр даланың ұлтымызға ұя болғанын бүгінгі ұрпақ біле жүргені жөн. Оның себебі кешегі кеңестік жүйе кезінде дала қазағы «жабайы» саналып, елі мен жеріне соқпай, батыры мен бегі жоқтай айтылып, жазылып, тұтас ұлт сауатсыздар санатында саналғаны жасырын емес. Ал, ел тәуелсіздік алғаннан кейін оң-солымызға қарап, өткенімізді саралап, өшкенімізді іздеген кезде асылдарымыздың тот баспай жарқырай көзге түскенін көріп жүрміз.

Монографияда айтылғандай, патшалық Ресейдің озбыр отаршылдығы салдарынан көптеген ұсақ халықтар жер бетінен жойылып кеткені бүгінде тарихи ақиқат. Арманы көп аз халықтардың амалсыз күресінің алдыңғы шебінде атойлап, қашан да алға шығатындар – тағы да сол айтулы батырлар.

Хан Кене секілді, Ұлы тұлғамен үзеңгілес жүріп, жосын жорықтарда қалың қолды бастаған Мәнжі батырдың тұлғалық ерекшелігін сомдау, оның ұлағатты ісін ұрпаққа таныту – бүгінгі буынның алдында тұрған үлкен міндет. Осы бағытта, ең алдымен, ел тарихындағы Кенесары хан жайлы қатталған деректерді қазбалап, сол арқылы батыр бабамыздың болмысын ашу мақсатында аймағымыздың ғалымдары мен тарихшылары, ақындары мен ұлтжанды азаматтары үлкен шығармашылық ізденіспен еңбек етуде.

Оқырман қауымға жол тартқан бұл еңбектер ата-бабаларымыздың мыңдаған жылдар бойы

аңсаған арманы – Тәуелсіздік үшін жүргізген ұлт-азаттық қозғалыста басшылық жасаған Кенесары хан Қасымұлының отаршылдыққа қарсы көтерілісінде бас сардарлардың бірі болған, ақтық демі біткенше Кене ханның ең сенімді серігі бола білген мыңбасы – Мәнжі Күржікейұлы баһадүр жайлы жазылған мәңгілік құндылығы бар шығармалар болып табылады. Сондықтан отан сүйгіш әрбір қазақ азаматы өскелең ұрпақты ел жандылық рухында тәрбиелеу үшін осындай қаһарман Мәнжі батырдай ұлдарының есімдерін асқақтата беруге үлес қоса отырып, жылдар мен ғасырлар өткен сайын баһадүрдің Отаны үшін жасаған керемет ерліктерін уағыздай берген абзал.

Ғалымның тарихи еңбектерінің ішіндегі құнды дүниелерінің бірі атақты батыр – Шерубай Биболдыұлының өмір жолын егжей-тегжейлі, жан-жақты қарастырған – «Шерубай Биболдыұлы – жоңғар шапқыншылығы заманының алып батырларының бірегейі» (туғанына 325 жыл толуына орай) (2018) атты еңбегі.

Шерубай дүниеге келген жылдары қазақ басына ауыр жағдай туған аласапыран қиын-қыстау кезең еді. Алтын Орда құлағаннан кейін аса шиеленісті жағдайда қалыптасқан қазақ-жоңғар қарым-қатынастары осынау әдет-ғұрпы, тұрмыс салты бір-біріне өте жақын халықтардың ұзаққа, өте ұзаққа созылған соғыс жағдайында өтті.

Дәл осы кезде қазақ жерінің әр түкпірінен елінің азаттығы, қазақтың намысы үшін атқа мінген атақты батырлар бой көтерді. Ерлігі ел арасына аңыз болған қарт батырлардың қатары жас жолбарыстармен толықты.

Сол кезде Шерубай да өзінің әйгілі тұлпарына ер салды, өйткені ол жастайынан соғысқа қатысқан сарбаздардың әңгімелерін естіп өсті. Әкесі, ағалары, жақын туыстары оны әскери өнерге баулыды. Мылтық атқызды, садақ тартқызды, аңға бірге алып шығатын болды. Шерубай жас күнінен құралайды көзге атқан мергендігімен және зеректігімен көзге түсті. Ат құлағында ойнаған бапкер, тақымды көкпаршы, әдіскер сайыскер, балуан болып өсті. Әсіресе, ол даңқты Бөгенбай батырдың қолында болып, көпті көрді, соғыс өнерінен біраз нәрсені үйренді.

1717 жылы Аякөз шайқасы кезінде Шерубай жекпе-жекте қалмақтың атақты батырын өлтіреді.

Алғашқы шайқасында-ақ көзге түскен Шерубайды Әбілхайыр хан онбасы, жүзбасы, кейін мыңбасы етіп тағайындайды. Өкінішке орай, қазақ хандарының алауыздығынан 1717 жылы қазақ әскері жеңіліс тапты, ал жоңғарлар сол бетімен 1718 жылы қазақтарды Арыс, Бөген және Шаян өзендері бойынан тықсырып, тұтастай Оңтүстік Қазақстанды басып алды.

1717-1718 жылдардан кейін де жоңғар-қазақ арасындағы қантөгіс бірнеше жылдарға созылды. Ірілі-ұсақ сансыз ұрыстар болды. Отты қару өндірісін дамытқан жоңғарлар сол кезде әлі садақ пен найзамен қаруланған қазақтарға қарсы бірнеше жорықтарға шықты. Осы қақтығыстарда Шерубай батыр өзінің бүкіл қазақ даласына тарап кеткен әйгілі ерліктерін жасап, жекпе-жек айқастарда дұшпандарын қан қақсатты.

Бұланты шайқасы және оның батырлары туралы бүгінгі ұрпақтың білетіні тым аз. Ол жайында «Жоңғар шапқыншылығында қазақ елінің шығыс және түстік аймақтары жау қолында қалып, осы Бұланты өзенінің бойында тұңғыш рет тегеурінді қарсылық көрген, жаудың беті қайтқан» деген мағынадағы жалпылама деректерді ғана білетін сияқтымыз. Ал, біздің шын білетініміз, осы шайқаста Шерубай батыр сегіз рет жекпе-жекке шығып қылышын қанға суарып, жоңғар батырларының басын қаңбақша домалатқан.

Бұлантыда шайқас болған жер кейіннен «Қалмаққырылған» аталып кетті. Осы жеңістен кейін қазақ арасы ресми түрде хандықтарға бөліне бастады. Сол хандықтардың бірін – Әбілхайыр хан, бірін – Сәмеке хан, бірін – Әбілмәмбет хан, Жолбарыс хан және Барақ сұлтандар басқарды.

1730 жылы Шерубай бастаған сарбаздар, қазіргі Балқаш көлі маңындағы «Аңырақай» жазығында қалмақтармен бір жарым ай соғысты.

Аңырақай шайқасында Шерубай Биболдыұлы соғыс өнерін жетік білетін қолбасшы, жекпе-жекте қаймықпайтын нағыз көзсіз батыр екенін көрсетеді. Қазақ батырлары жоңғарларды тас талқан етіп жеңіп, бітім сұрауға мәжбүр етеді. Сонымен, Аңырақай шайқасы қазақтың қазақ болып қалуындағы ұлы жеңісі болды!

Осы шайқастардан кейін жоңғарлар қарымта қайтаруды көздеді. Бірақ та 1739 жылы Севден тайшы мен сары Мәнджі Сарыарқаны шапқанымен, тауы шағылып кері қайтты. 1740 жылы Севден бастаған жоңғарлар қайтара Сарыарқаға тап бергенімен, зор шығынға ұшырап кері шегінуге мәжбүр болды. Сол жылы қыста Қалдан Сереннің ұлы Лама доржы 30 мың қолмен шабуылға шығады. Жазға дейін жалғасқан шайқаста жоңғарлар дегеніне жете алмай, дымы құрыды.

Сарыарқа жерін азат ету шайқастарында қалмақтарға тойтара соққы берген қазақ батырларының қатарында Шерубай Биболдыұлы да болды. Оның ересен ерлігін, ұйымдастырушылық әскери қолбасшылығын көрген Бұқар жырау: «Атын Қареке-Биболды руына ұран болсын, ұрпақтарың өзіндей қыран болсын!» деп, Шерубайға батасын береді.

Жалпы алғанда, тұлға өмірін індете зерттеп жүрген ізденушілердің айтуынша, Шерубай Биболдыұлы 1717-1757 жылдар аралығындағы Сарыарқа жеріндегі, Аңырақай, Шұбартеңіз, Бұланты-Білеуті, Аякөз, Ақшәулі, Шаған, Шорға, Көкпекті секілді қазақ-жоңғар шайқастарының барлығына қатысып ерліктерімен көзге түседі.

Автордың ойынша, басты назарда болатын, әрбір адам үшін ерекше қағида болып қалыптасқан мәселе – бүгінгі әр қазақтың, әр қазақстандықтың тәуелсіздік, дербестік жағдайында өмір сүруі; сол тәуелсіздіктің күні кешегі батыр-бабаларымыздың төгілген қанымен, ғажайып әдеби, мәдени мұраларымен келгенді

Тлеубердинова¹ А.Т., д.э.н., профессор

Мамбетова С.Ш², к.э.н., профессор

Институт экономики Комитета науки Министерства науки и высшего образования
Республики Казахстан

Карагандский исследовательский университет им. академика Е.А. Букетова

Республика Казахстан, г. Караганда, sagynysh.2012@mail.ru

ЖИЗНЬ, ПОСВЯЩЕННАЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ НАУКЕ И ОБРАЗОВАНИЮ

Отечественная вузовская система по праву гордится научной элитой. Ее ярким представителем являлся бывший заведующий кафедрой «Менеджмент», замечательный педагог и выдающийся ученый, почти полвека беззаветно служивший высшему экономическому образованию Казахстана, доктор экономических наук, академик МАИИН Рашит Саттарович Каренов.

Наверное, каждый человек в дни юбилея оглядывается на минувшие годы. Кого-то при этом переполняют сожаления о потерянном времени и огромное желание направить его вспять, чтобы исправить совершенные когда-то ошибки. А кто-то, наоборот, оглядываясь назад, с твердой уверенностью подмечает, что если бы Всевышний дал ему второй шанс, то прожил бы он эту жизнь точно так же.

Таким людям, действительно, есть чем гордиться. Ведь благотворные дела на благо общества достойны всяческих похвал.

В наши дни редко можно встретить такого ответственного человека, как Рашит Саттарович Каренов. Он был крупным ученым и неординарной личностью, чья деятельность отмечена многочисленными заслуженными наградами и званиями, и просто человеком, прожившим долгую и интересную жизнь. Он в полной мере оправдал высказывание знаменитого немецкого писателя Германа Гессе: «Истинное призвание каждого состоит только в одном – прийти к самому себе, найти собственную, а не любую судьбу и отдаться ей внутренне, безраздельно и непоколебимо»...

В начале 60-х годов прошлого столетия для Рашита Каренова началась новая полоса в жизни. В 1962 году, успешно сдав вступительные экзамены, он поступил в Карагандинский политехнический институт (КарПТИ) и стал учиться по специальности «Экономика и организация горной промышленности». Обучение в институте оказало значительное влияние на формирование мировоззрения и научного склада мышления будущего ученого. Р.С. Каренов всегда с большой ответственностью относился к учебе и на протяжении всех студенческих лет по всем изучаемым дисциплинам аттестовывался только на «отлично».

Это были годы учебы и крепкой дружбы, и он через всю жизнь пронес верность студенческому братству. До конца своей жизни он поддерживал теплые связи с бывшими сокурсниками.

В 1967 году Каренова, как блестяще окончившего вуз, направили учиться в аспирантуру Московского горного института, где в 1970 году защитил кандидатскую диссертацию. Аспирантские годы стали благоприятными для роста молодого ученого. Именно московская научная школа экономистов стала для него новым центром идей, где трудились люди феноменальной одаренности – Тигран Хачатуров, Леонид Абалкин, Станислав Шаталин, Абел Аганбегян, Николай Некрасов, Александр Анчишкин, Николай Федоренко, Григорий Сурмило, Александр Астахов и многие другие известные ученые.

К Каренову относится известное выражение «Талантливый человек талантлив во всем». Об этом говорят его многочисленные ученики. Но особенно потенциал Рашита Саттаровича раскрылся в образовательной сфере. Он хорошо знает проблемы развития высшей школы Казахстана.

Опытный педагог, крупный организатор образования, ученый, человек, обладающий высоким интеллектом и культурой, он четко организовывал деятельность кафедры «Экономики и организации машиностроения» КарПТИ, которую возглавлял с 1981 по 1991 год. После защиты докторской диссертации в начале 90-х годов сначала перешел в Карагандинский НИИ Проблем комплексного освоения недр, возглавив Лабораторию «Экономического анализа и прогнозирования», а с 10 января 1994 года стал заведующим кафедрой «Маркетинг» КарГУ им. академика Е.А. Букетова.

Рашита Саттаровича заслуженно называют одним из мэтров высшего экономического образования и подготовки управленческих кадров (менеджеров). С 2002 года по настоящее время он возглавляет выпускающую кафедру «Менеджмент». Слава к Каренову пришла в результате кропотливого труда и самосовершенствования как ученого и преподавателя. В Национальном рейтинге по экономическим специальностям специальность «Государственное и местное управление» занимала второе место в республике. Вклад его и здесь неоценим.

Наряду с обучением и воспитанием студенческой молодежи, он особое внимание обращал на повышение квалификации профессорско-преподавательского состава кафедры. Специально создал научно-методологический семинар и постоянно руководил его работой. Делился своим богатым опытом и знаниями с молодыми преподавателями, учит их искусству педагогической деятельности, навыкам научного исследования, умению управлять коллективом.

Профессор Р.С. Каренов активно участвовал во внедрении государственного языка в учебный и научный процесс, делопроизводство, способствуя тем самым расширению сферы применения казахского языка в коллективе университета.

Рашит Саттарович в 1999-2000 годы избирался деканом экономического факультета, где обучали студентов по остродефицитным специальностям того времени. Для руководства таким большим факультетом требовались гибкость, творческое использование неформальных отношений. Добросердечность, отзывчивость, а также дружеские и профессиональные связи вместе с научной компетентностью позволили декану Каренову заложить крепкую основу для сплочения профессорско-преподавательского состава факультета.

Научно-исследовательская деятельность академика Р.С. Каренова обширна и многогранна. Им подготовлено огромное количество учебных пособий и учебников на казахском и русском языках, терминологические словари по управлению, множество методических разработок, которые в настоящее время широко применяют в вузах Казахстана. Всего из-под пера знаменитого ученого вышли 1700 научных и литературных работ, из них 99 монографии, аналитические обзоры, брошюры, учебные пособия и учебники, более 1000 научных и публицистических статей.

По результатам опубликованных научных работ можно выделить следующие направления исследований академика Каренова:

- провел глубокие и обстоятельные исследования проблем современного менеджмента и маркетинга, экономики и статистики;
- разработал исходные положения и принципы геоэкономического направления горной науки и разработал системную методологию взаимоувязанного решения цикла задач промышленного освоения и использования минеральных ресурсов;
- предложил основы современной методологии и критериев оценки эффективности использования основных фондов и капитальных вложений по отдельным их направлениям;
- внес крупный вклад в методологию и практику разработки инвестиционных стратегий, теорию принятия управленческих решений;
- внедрил экономико-математические методы в оптимизационные расчеты параметров отечественных предприятий;
- сформулировал исходные натурфилософские основы, установки и принципы концепции разумного природопользования.

По научным трудам, учебникам и учебным пособиям Р.С. Каренова обучалось и обучается не одно поколение студентов, магистрантов, будущих докторов. Как говорил Гектор Хью Манро (Саки): «Он открыл себя сам и щедро поделился этим открытием с целым светом».

Активная гражданская позиция Р.С. Каренова ярко проявилась, когда он дважды становился депутатом областного масштаба. В 1989-1993 годы был избран депутатом Карагандинского областного

Совета народных депутатов и возглавил Постоянную комиссию по Экономической реформе и бюджету, а в 1999-2003 годы стал депутатом Карагандинского областного Маслихата второго созыва и работал в составе Постоянной комиссии по промышленности, строительству, транспорту и коммунальному хозяйству.

По мнению Р.С. Каренова, задача депутата:

а) услышать каждого избирателя, вникнув в суть его обращения, побудить представительную власть, соответствующий уполномоченный орган сделать для человека все, что положено по закону;

б) принимать активное участие при обсуждении значимых вопросов, выносимых на рассмотрение сессий областного Маслихата, особенно касающихся утверждения, уточнения областного бюджета;

в) проводить регулярную работу в своем избирательном округе, осуществлять прием избирателей, рассматривать заявления и обращения граждан, своевременно направлять запросы и письма в соответствующие органы;

г) как член той или иной Постоянной комиссии принимать участие в проводимых областными Маслихатом семинарах, заседаниях круглого стола, публиковать свои статьи по острым проблемам на страницах республиканских и областных газет, выступать по телевидению;

д) в качестве члена Постоянной комиссии усилить контроль за выполнением постановлений и решений сессий маслихата, а по неисполненным поручениям и запросам депутатов приглашать на заседания руководителей государственных структур, недобросовестно относящихся к своим служебным обязанностям и не уделяющих должного внимания к рассмотрению обращений граждан.

Будучи дважды избранным в представительный орган власти, Рашит Саттарович сделал очень много для решения ряда актуальных проблем Карагандинского региона и его жителей, своей бурной депутатской деятельностью оказывал содействие исполнительным органам по обеспечению стабильного социально-экономического развития области. Как народный избранник понимал, что главное в работе депутата – это решение проблем избирателей и налаживание обратной связи. Выступая регулярно на сессиях областного Маслихата напоминал депутатам: мы должны знать, чем живут, к чему стремятся наши избиратели, поскольку взаимоотношения «избиратель-депутат» очень значимы для нашего гражданского общества. «От того, как они складываются, есть ли позитивные результаты от совместной работы, зависят нормальная жизнь населения и доверие к власти», - говорил он.

Под научным руководством Р.С. Каренова защищено более 50 кандидатских диссертаций и две докторские. Его ученики сегодня представляют собой новое поколение не только ученых-экономистов, но и креативных менеджеров вузовского и послевузовского образования, обучающихся и воспитывающих специалистов для суверенного Казахстана.

Рашит Саттарович сосредотачивал свое внимание на научно-исследовательской работе, учебно-воспитательном процессе, повышении качества подготовки специалистов. В рамках разработанной стратегии в университете осуществляется модернизация бизнес-образования, развиваются двухдипломное образование и академическая мобильность с привлечением опыта многих университетов ближнего и дальнего зарубежья мирового уровня. Профессор Каренов всегда говорил о единстве теории и практики в процессе обучения, глубоком знании профилирующих дисциплин. Как педагог, профессионал высокого класса, цельностью своей натуры и доброжелательностью к коллегам, студентам и магистрантам, он всегда являлся примером для многих. Он подготовил и выпустил более 400 высококвалифицированных менеджеров, специалистов, успешно работающих в сфере государственного и местного управления.

Вполне закономерно, что государство достойно оценило его вклад в развитие экономики, образования страны, присвоив звание «Почетный работник образования РК» и наградив несколькими медалями, Почетными грамотами. За заслуги в высшем образовании и научной деятельности Рашита Саттаровича избрали академиком Международной Академии информатизации и Международной Академии науки и практики организации производства. Он обладатель Гранта МОН РК «Лучший преподаватель вуза» и дважды стал обладателем Государственной научной стипендии Правительства РК ученым и специалистам, внесшим выдающийся вклад в развитие науки и техники.

Вселенная академика Каренова вовлекает в свою орбиту всех, кто когда-либо соприкоснулся с ним. И это очень ответственно – нести звание его ученика и последователя. Всю свою научную и педагогическую деятельность Рашит Саттарович Каренов направлял на то, чтобы не прервалась связь времен.

Айткулов Б.Б., Есенгельдина А.С.
Есенгельдина А.С. – кандидат экономических наук, профессор
Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, г.Астана,
Республика Казахстан, магистрант
BeKa-015@mail.ru

УПРАВЛЕНИЕ ПРОЦЕССАМИ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ В ОБРАБАТЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ (КЕЙС-СТАДИ НА ПРИМЕРЕ ЦВЕТНОЙ МЕТАЛЛУРГИИ)

Концепция инноваций является многогранной и включает не только внедрение новых продуктов или услуг, но и реализацию новых процессов, технологий и бизнес-моделей. В контексте обрабатывающей промышленности инновации особенно важны для обеспечения роста, конкурентоспособности и устойчивости.

В контексте управления инновация подразумевает внедрение новых идей, продуктов, процессов или методов, которые приводят к значительным улучшениям или достижениям в отрасли. Это может охватывать широкий спектр действий, включая разработку новых технологий, оптимизацию производственных процессов, создание новых продуктов и применение инновационных бизнес-моделей. Инновации играют ключевую роль в долгосрочной конкурентоспособности и устойчивости обрабатывающей промышленности, позволяя компаниям опережать конкурентов, адаптироваться к изменяющимся требованиям рынка и использовать новые возможности.

С другой стороны, развитие инноваций предполагает систематическое и стратегическое управление инновационным процессом в промышленной среде. Это включает в себя выявление возможностей для инноваций, генерацию и отбор перспективных идей, распределение ресурсов для их разработки, а также реализацию и коммерциализацию полученных инноваций. Также важно создать поддерживающие организационные структуры, культуры и процессы, которые способствуют инновациям, а также постоянно мониторить и улучшать их эффективность. В контексте обрабатывающей промышленности развитие инноваций особенно критично для стимулирования технологического прогресса, повышения производительности, содействия дифференциации продукции и адаптации к изменяющимся условиям рынка. Поэтому глубокое понимание концепции инноваций и их развития является ключевым для эффективного управления в отрасли цветной металлургии Казахстана.

Казахстан занимает одно из ведущих мест в мире по производству и экспорту цветных металлов, таких как медь, алюминий, цинк и свинец. На 2023 год страна уверенно удерживает ключевые позиции в глобальных рейтингах по добыче этих ресурсов благодаря богатой сырьевой базе и значительным запасам полезных ископаемых.

В настоящее время цветная металлургия находится на переходном этапе своего развития, что стимулирует предприятия к инновационной деятельности.

Исследование Юсупова и Иманбековой [1] утверждает, что инновации способствуют экономическому росту и повышают конкурентоспособность предприятий. Авторы подчеркивают важность перехода от экстенсивных к интенсивным методам производства. Это требует использования современных технологий и эффективного использования интеллектуальных ресурсов.

Статья Рахимовой С. подчеркивает важность системного подхода к управлению инновациями, который включает в себя не только создание новых продуктов, но и их успешное внедрение на рынок [2].

Щетинина К. и Пономаренко Т. акцентируют внимание на проблемах, с которыми сталкиваются отрасли, таких как устаревшая инфраструктура, нехватка инвестиций и необходимость внедрения современных технологий [3].

Для успешной реализации инновационного процесса на предприятии требуются инновационный потенциал, эффективное управление им, наличие институтов, связывающих звенья инновационной цепочки [5]. В этом контексте показательным является опыт Eurasian Resources Group (ERG), который будет рассмотрен в разделе анализ и дискуссия.

В целом рассмотренные нами публикации акцентируют внимание на необходимости ускорения цифровой трансформации промышленности Казахстана, активного внедрения передовых технологий

и эффективного государственного регулирования инновационных процессов для повышения конкурентоспособности отрасли.

Исследователи также акцентируют внимание на том, что государственная политика в сфере инноваций имеет значительное влияние на стимулирование инновационной деятельности. Ключевыми направлениями являются поддержка научных исследований, формирование технопарков и инновационных кластеров, а также развитие инфраструктуры для внедрения новых технологий.

Одним из ключевых направлений является автоматизация производственных процессов. Внедрение роботов и автоматизированных систем управления способствует снижению трудозатрат и повышению точности операций. Например, использование роботов для выполнения рутинных задач, таких как сортировка и упаковка, освобождает рабочую силу для более сложных задач, что в свою очередь повышает общую эффективность производства.

Согласно рисунку 1 производство основных благородных и цветных металлов в основном сосредоточено в Восточно-Казахстанской области (25,5% от общего объема производства в 2023 году), г. Астана (14,2%), Ұлытау (13,2%), Акмолинская (12,8%), Карагандинская (12,4%) и Павлодарская (9,6%) области и по итогам 2023 года объем производства составил 5 520 110,6 млн. тенге, что ниже показателя 2022 года на 5,4%. Снижение индекса физического объема в цветной металлургии, составившее 97,0% (Рисунок 2), обусловлено уменьшением производства следующих металлов: рафинированной меди (92,8%), необработанного серебра (87,8%), аффинированного серебра (88,7%), рафинированного необработанного свинца (93,3%) и аффинированного золота (99,9%).




Рисунок 1 – Производство основных благородных и цветных металлов в разрезе регионов РК, %
 Источник: Составлено на основании данных Национального бюро по статистике АСПИР РК



Рисунок 2 – Динамика индекса промышленного производства, %
 Источник: Составлено на основании данных Национального бюро по статистике АСПИР РК

При этом наблюдается неравномерная динамика удельного веса производства основных благородных и цветных металлов в общем объеме промышленного производства (Рисунок 3). Если в 2010 году этот показатель составил 7,5%, то по итогам 2023 года он вырос до 11,7%. Самый высокий показатель зафиксирован в 2020 году – 14,8%, соответственно.




Рисунок 3 – Удельный вес производства основных благородных и цветных металлов в общем объеме промышленного производства РК, %

Источник: Составлено на основании данных Национального бюро по статистике АСПиР РК

Казахстан является одним из ведущих мировых производителей и экспортеров цветных металлов, таких как медь, алюминий, цинк и свинец. Страна экспортирует свою продукцию более чем в 30 стран мира, при этом внутреннее потребление остается стабильным, а экспорт постоянно растет.

Казахстан занимает сильные позиции на международном рынке, особенно в производстве рафинированной меди. Доля республики в мировом производстве меди составляет 2,3%. Практически вся произведенная медь экспортируется за рубеж, причем основными импортерами являются Италия, Германия и другие страны.

В 2023 году Казахстан поставил на мировой рынок 364 тыс. тонн меди на сумму 2,9 млрд долларов, 207 тыс. тонн алюминия на 528 млн долларов, 214 тыс. тонн цинка на 551 млн долларов и 12 тыс. тонн титана на 158 млн долларов.

Развитие цветной металлургии является приоритетной задачей для государства. Для привлечения инвесторов предусмотрены льготные кредиты и освобождения от налогов на добычу полезных ископаемых, что будет способствовать дальнейшему росту отрасли.

Вместе с тем для поддержания устойчивости отрасли «производство основных благородных и цветных металлов» важно следовать мировым тенденциям развития, которые характеризуются внедрением новых технологических решений в развитии. В последние годы в производстве основных благородных и цветных металлов активно внедряются новые технологические решения, которые направлены на улучшение эффективности и качества продукции.

Внедрение вертикальных индукционных печей непрерывного литья с микропроцессорным управлением позволяет существенно увеличить производительность и улучшить качество выпускаемой продукции. Данные установки способны изготавливать прутки различного сечения с оптимальными характеристиками. Это, в свою очередь, способствует улучшению микроструктуры сплавов и равномерному распределению компонентов в металле.

Одним из ключевых направлений является **внедрение экологически чистых технологий** в процессе добычи и переработки цветных металлов. Это подразумевает совершенствование методов обогащения и переработки, что помогает сократить негативное воздействие на окружающую среду и способствует устойчивости отрасли.

Исследования, направленные на *разработку новых флотореагентов и других химических веществ для обогащения металлов*, также способствуют оптимизации производственных процессов. Эти инновации могут существенно повысить эффективность извлечения металлов из руды.

Активная инвестиционная деятельность, направленная на обновление оборудования и технологий, позволяет предприятиям цветной металлургии сохранять конкурентоспособность на международном рынке. Это включает в себя как капитальные вложения в новое оборудование, так и модернизацию имеющихся производственных мощностей. В цветной металлургии применение инновационных технологий становится важным фактором для увеличения производительности, сокращения затрат и повышения качества продукции. Рассмотрим основные направления и примеры успешного использования инноваций в данной области.

Внедрение концепции «Индустрия 4.0» на предприятиях цветной металлургии Казахстана в 2022 году включало практические примеры применения передовых технологий:

На Аксуском заводе ферросплавов были внедрены «цифровые советчики», которые повышают производительность плавильных цехов за счет автоматической обработки изображений и машинного обучения. Данное решение в режиме реального времени анализирует фракционный состав шихтовых материалов и выдает рекомендации по оптимизации производственных процессов [5].

Актюбинский завод ферросплавов до конца 2022 года завершил модернизацию цехов, работающих с момента ввода предприятия в эксплуатацию. Это позволило повысить экологичность производства и снизить нагрузку на окружающую среду [6].

Компания «Казхром» в 2021 году инвестировала более 20 млрд тенге в реализацию мероприятий, направленных на снижение негативного воздействия на окружающую среду на всех своих предприятиях, включая Актюбинский и Аксуский заводы ферросплавов [6].

Таким образом, ключевые предприятия цветной металлургии Казахстана активно применяют цифровые технологии и обновляют производственные процессы, что способствует повышению их эффективности и экологической устойчивости.

Также следует отметить и использование технологии блокчейн, которая открывает новые перспективы для улучшения прозрачности и эффективности цепочек поставок в цветной металлургии. Многие мировые компании уже начали внедрять проекты, основанные на использовании блокчейна в данной области. Показательным в этом направлении является опыт ERG.

Компания ERG активно сотрудничает с различными стейкхолдерами для анализа возможностей применения технологии блокчейн с целью отслеживания происхождения кобальта в Демократической Республике Конго и обеспечения соответствующих гарантий. В частности, ERG является членом Глобального альянса для сектора аккумуляторных батарей и совместно с компаниями Glencore и IXM (дочернее предприятие СМОС) разработала блокчейн-платформу ReSource. Эта платформа уже успешно используется для отслеживания перемещения кобальта на предприятии Metalkol [5, с. 30].

Крупнейший мобильный оператор Казахстана, Kcell, активно участвует в цифровизации промышленных предприятий страны, внедряя современные IT и телекоммуникационные решения. В настоящее время компания развернула частные сети LTE на ряде крупных объектов, интегрируя различные IoT-технологии для повышения эффективности производства [6].

Применение частных сетей LTE обеспечивает надежную и безопасную передачу данных между производственными системами, датчиками и оборудованием, создавая основу для внедрения интернета вещей и других инновационных решений в промышленности. Так, ERG развернула крупнейшую частную сеть LTE в Казахстане, которая охватывает 6 предприятий в трех областях страны. Это создает надежную среду для передачи данных автоматизированных систем управления в горной добыче и транспорте, что позволяет повысить эффективность оборудования на 10% [7].

Kcell сотрудничает с ведущими предприятиями горнодобывающей, металлургической и других отраслей для цифровой трансформации их производственных процессов. Компания предлагает комплексные решения, которые включают не только частные сети, но и системы мониторинга, аналитики, управления и автоматизации на базе передовых IoT-технологий.

Таким образом, Kcell играет ключевую роль в ускорении цифровизации промышленности Казахстана, обеспечивая предприятия современной телекоммуникационной инфраструктурой и интеллектуальными IoT-решениями для повышения конкурентоспособности и эффективности в эпоху Индустрии 4.0.

Для успешного стратегического управления инновациями в ERG функционируют два подразделения, ответственные за развитие инноваций и цифровых технологий - Научно-исследовательский инжиниринговый центр ERG (НИИЦ) и структурное подразделение BTS.

Основная цель НИИЦ заключается в реализации инновационных проектов и коммерциализации новых идей, направленных на повышение эффективности и конкурентоспособности предприятий ERG. При этом НИИЦ активно применяет различные методы, успешно апробируемые в 4-х региональных лабораториях, полностью интегрированных в производство. Эти инструменты способствуют планированию и реализации инновационных проектов предприятиями, принимая во внимание влияние внешних факторов и внутренние ресурсы.

Несмотря на значимость инновационного менеджмента, предприятия сталкиваются с рядом ограничений, включая инерцию успеха, неопределенность в выборе стратегий и организационные сложности. Для преодоления этих трудностей требуется постоянное совершенствование инновационных стратегий и адаптация к изменяющимся рыночным условиям. Как показал наш анализ, управление инновационными решениями во многом зависит от проактивной позиции управляющей компании, что демонстрирует опыт Eurasian Resources Group (ERG).

ERG является одним из лидеров в области внедрения инноваций в Казахстане, активно используя беспилотную технику, частные сети LTE, цифровые двойники и другие передовые технологии для повышения эффективности и устойчивости производства. Ключевые факторы успеха Eurasian Resources Group (ERG) в управлении инновациями включают несколько важных аспектов: стратегическое планирование и интеграция, создание научно-исследовательского инжинирингового центра (НИИЦ), внедрение цифровых технологий, ориентация на международное партнерство и устойчивое развитие.

Стратегическое планирование и интеграция: ERG создает и реализует стратегические планы для внедрения инновационных процессов и технологий. В частности, компания активно использует «Индустрию 4.0» для цифровизации своих операций, что позволяет ей стать более конкурентоспособной.

Создание научно-исследовательского инжинирингового центра: Основание НИИЦ стало важным шагом в направлении управления инновациями. Центр занимается созданием и внедрением новых технологий и исследованиями, направленными на оптимизацию производственных процессов. Благодаря этому ERG может оставаться впереди технологических изменений в отрасли.

Внедрение цифровых технологий: Компании часто используют цифровые решения, такие как «Цифровой двойник», которые улучшают прогнозирование качества и точности производственных процессов. Это также повышает эффективность использования ресурсов и снижает затраты.

Партнерство с международными компаниями: ERG сотрудничает с Hitachi и Mitsui и другими ведущими мировыми компаниями для внедрения передовых технологий и обмена опытом. Благодаря этому партнерству компания может лучше приспособиться к новым условиям и улучшить свои производственные процессы.

Ориентация на устойчивое развитие: ERG активно ориентируется на устойчивое развитие, что отражается в их корпоративной стратегии и инициативах. Устойчивое развитие для ERG включает в себя не только экологические аспекты, но и социальное развитие, а также корпоративное управление. Компания стремится к созданию долгосрочной ценности для всех заинтересованных сторон, включая местные сообщества и государственные органы [5].

Таким образом, эффективное управление инновациями в обрабатывающей промышленности означает, что общие функции конкретизируются по видам деятельности для процессов, состоящих из отдельных этапов деятельности, таких как этапы научно-исследовательской работы, конструирования продукта и разработки технологии. После этого преобразования функции распределяются по исполнителям процесса и структурным подразделениям. Кроме того, необходимо определить объект, на который будет влиять управление с помощью функций и их направленности. Это связано с тем, что функции сами по себе не определяют последовательность этапов деятельности состояния или внутренних импульсов развития. Из сказанного следует, что функциональное управление реализуется полностью, когда оно взаимодействует с процессным управлением.

Функциональное процессное управление может объединить отдельные процессы, связанные с инновационной деятельностью, в сложный процесс или систему процессов, а также обеспечить их реализацию в соответствии с одной из структурных схем жизненного цикла инноваций: «проектирование — научно-технический продукт (инновация) — производство — рынок» или

«проектирование — научно-технический продукт (инновация) — рынок». Инновационный процесс, реализуемый в рамках этих схем жизненного цикла инноваций и достигающий своего финального этапа коммерциализации, становится бизнес-процессом, а не просто процессом.

Список литературы

1. Sadyrova, Mansia; Yusupov, Kuanish; Imanbekova, Bibigul (2021): Innovation processes in Kazakhstan: Development factors, Journal of Innovation and Entrepreneurship, ISSN 2192-5372, Springer, Heidelberg, Vol. 10, Iss. 1, pp. 1-13, <https://doi.org/10.1186/s13731-021-00183-3>
2. Рахимова Сауле Абайбековна Управление инновациями и инновационными процессами // Вестник ОмГУ. Серия: Экономика. 2013. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/upravlenie-innovatsiyami-i-innovatsionnymi-protsessami>.
3. Щетинина Кристина Васильевна, Пономаренко Татьяна Владимировна Государственное регулирование отраслей цветной металлургии в Республике Казахстан и России // УЭКС. 2017. №5 (99). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/gosudarstvennoe-regulirovanie-otrasley-tsvetnoy-metallurgii-v-respublike-kazahstan-i-rossii>
4. Аубакирова Г.М., Исатаева Ф.М., Куатова А.С. Цифровизация промышленных предприятий Казахстана: потенциальные возможности и перспективы // Вопросы инновационной экономики. – 2020. – Том 10. – № 4. – С. 2251-2268. – doi: 10.18334/vines.10.4.111211.
5. Евразийская группа. (2022). Отчет о устойчивом развитии 2022. [https://www.erg.kz/files/redesign/report_cards/1040006195652664aeda28d9.28434470/file/ERG%20SDR%202022%20\(RUS\).pdf](https://www.erg.kz/files/redesign/report_cards/1040006195652664aeda28d9.28434470/file/ERG%20SDR%202022%20(RUS).pdf)
6. Внедрение новых технологий на Актюбинском заводе ферросплавов. (2022). Внедрение новых технологий на Актюбинском заводе ферросплавов. <https://www.vnedra.ru/novosti/aktyubinskij-zavod-ferrosplavov-do-konca-2022-goda-zavershit-modernizacziyu-czechov-rabotayushhih-s-momenta-vvoda-predpriyatiya-13976/>
7. Kcell. (2023). Промышленность РК в кооперации с Кселл переходит к Индустрии 4.0. <https://investors.kcell.kz/?p=3004>

ГТАХА 06.52.13

А.Е.Аманбаева, А.О. Мусабекова, А.З.Стыбаева
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
akgul.amanbayeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЖОЛЫ: ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Әлемдік экономика қазіргі таңда үлкен өзгерістерге ұшырауда. Жаһандану процесі, технологиялық жаңалықтар, пандемиялар және экологиялық мәселелер мемлекеттердің экономикалық даму бағытына айтарлықтай ықпал етуде. Әсіресе, дамушы мемлекеттер бұл өзгерістерге бейімделу үшін жаңа стратегиялар мен саясаттарды енгізуге мәжбүр. Қазақстан экономикасы да әлемдік нарықтағы жағдайларға тәуелді, сондықтан елдің ішкі және сыртқы экономикалық саясаты үздіксіз өзгеріп отырады. Қазақстанның экономикалық дамуы ХХ ғасырдың соңында тәуелсіздік алғаннан бері күрделі реформалар мен жаңа экономикалық саясат негізінде дамып келеді. Әуел бастағы экономикалық бағыт кеңестік жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшуге негізделсе, бүгінде экономиканы әртараптандыру, индустриализация, цифрландыру және жасыл экономикаға бейімделу маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Қазақстан үшін экономикалық даму бірнеше факторлармен анықталады:

1. Табиғи ресурстарға байлығы – ел экономикасының негізгі тірегі болғанымен, ұзақ мерзімді тұрақтылық үшін әртараптандыру қажет.
2. Инновация және технологиялар – ғаламдық экономикадағы өзгерістерге бейімделу үшін технологиялық жаңғыртулар енгізу маңызды.
3. Әлеуметтік мәселелер – жұмыссыздық, кедейшілік және әлеуметтік теңсіздік мәселелері ел экономикасының тұрақтылығына әсер етеді.

4. Халықаралық интеграция – жаһандық нарыққа ену және сыртқы сауда Қазақстан экономикасының дамуына үлкен әсер ететін факторлардың бірі.

1. Қазақстан экономикасының Қазақстан экономикасы бірнеше тарихи кезеңдерден өтті. Әр кезеңдегі экономикалық саясат пен өзгерістер елдің қазіргі жағдайына үлкен ықпал етті. Кеңестік кезеңдегі экономикалық модель Қазақстан экономикасының дамуы ХХ ғасырдың басында КСРО құрамында болған кезде басталды. Кеңес Одағы кезінде Қазақстан жоспарлы экономика аясында дамыды, яғни мемлекеттік жоспарлауға негізделген жүйе болды. Елдің өнеркәсіптік секторы, әсіресе ауыл өнеркәсіп, КСРО-ның өнеркәсіптік кешеніне интеграцияланған еді. Мұнай, газ, металлургия, ауыл шаруашылығы өнімдері елдің негізгі өндірістік салаларына айналды. Алайда бұл кезеңде Қазақстанның экономикасы негізгі өндірістік салаларға ғана негізделіп, инновациялық дамудан артта қалды. Кеңес Одағының құлдырауымен жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу қажеттілігі туындады. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін, кеңестік жүйенің күйреуімен бірге елде экономикалық құлдырау басталды. Өндіріс көлемі төмендеді, жұмыссыздық деңгейі жоғарылады, және инфляция айтарлықтай өсті. Тәуелсіздік жылдарындағы экономикалық реформалар 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алып, өз экономикасын қалыптастыруға кірісті. Алғашқы жылдарда елдің алдында ауыл экономикалық дағдарыс тұрды. Кеңес Одағынан қалған жоспарлы экономика тиімді жұмыс істемей, инфляция шарықтап, өндіріс тоқырауға ұшырады. Мұндай жағдайда Қазақстан Үкіметі нарықтық экономикаға көшуге бағытталған реформаларды бастады. 1990-шы жылдардың басында Қазақстанда жекешелендіру процестері жүргізілді. Мемлекеттік кәсіпорындар жеке меншікке беріліп, нарықтық қатынастар енгізіле бастады. Бұл реформалар елдегі экономикалық құрылымды өзгертті, бірақ ауыл кезеңдер де болды. Жекешелендіру барысында көптеген мемлекеттік активтер тиімсіз басқаруға ұшырады, ал инфляция мен жұмыссыздық деңгейі айтарлықтай өсті. 1990 жылдардағы экономикалық реформалардың тағы бір маңызды аспектісі – шетелдік инвестицияларды тарту болды. Қазақстан шетелдік инвесторлар үшін тартымды нарық ретінде танылды, әсіресе мұнай және газ саласында ірі халықаралық компаниялармен серіктестік орнатылды. Бұл елдің экономикалық дамуына белгілі бір дәрежеде серпін берді [1]. 1990-шы жылдардағы дағдарыс және қалыпқа келу жолдары 1990 жылдардың ортасында Қазақстан экономикасы ең ауыл дағдарыс кезеңін бастан кешірді. Өндірістік құлдырау, инфляцияның жоғары деңгейі және халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі экономикалық тұрақсыздыққа әкелді. Алайда, сол жылдары Қазақстан Үкіметі макроэкономикалық тұрақтылықты қалпына келтіру үшін бірқатар реформалар жүргізді. 1994-1995 жылдары Қазақстан Халықаралық валюта қорының қолдауымен экономикалық тұрақтандыру бағдарламасын қабылдады. Бағдарлама инфляцияны төмендетуге, мемлекеттік бюджет тапшылығын қысқартуға және валюталық нарықты тұрақтандыруға бағытталды. Бұл реформалар экономикалық тұрақтылықтың алғашқы қадамдарын қамтамасыз етті. 1997 жылы Қазақстан өзінің ұзақ мерзімді экономикалық дамуының «Қазақстан-2030» стратегиясын жариялады. Бұл стратегияның басты мақсаты – экономиканы әртараптандыру, тұрақты өсімді қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын жақсарту болды. Аталған стратегия аясында елдің экономикасы біртіндеп қалпына келіп, тұрақты өсім траекториясына өтті [2]. Мұнай және газ секторының маңыздылығы. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанның экономикалық дамуының басты драйвері мұнай және газ секторы болды. Каспий теңізіндегі ірі мұнай кен орындарының ашылуы мен оларды игеру ел экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың негізі болды. «Теңіз», «Қашаған», «Қарашығанақ» сияқты ірі мұнай кен орындары Қазақстанның әлемдік мұнай нарығындағы позициясын нығайтты [3]. Мұнай мен газ экспорты елдің ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) айтарлықтай бөлігін құрайды, бұл Қазақстанды әлемдегі мұнай өндіруші елдердің қатарына қосады. Алайда, мұнайға тәуелділік елдің экономикалық тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін. Мұнай бағасының құбылмалылығы экономикалық өсімнің тұрақсыздығына және бюджет кірістерінің ауытқуына алып келеді. Сондықтан мұнай мен газ секторын әртараптандыру және баламалы салаларды дамыту өзекті болып қала береді.

Қазақстан экономикасының қазіргі жағдайы. Экономиканың негізгі секторлары Қазақстанның экономикалық құрылымы шикізаттық секторға негізделген, оның ішінде мұнай, газ, металлургия және ауыл шаруашылығы салалары маңызды орын алады. Мұнай мен газ секторы елдің экономикасының негізі болып табылады, ал металлургия мен ауыл шаруашылығы экономиканың әртараптандыруына үлес қосады. Экономикалық өсім және даму көрсеткіштері соңғы жылдары Қазақстанның экономикалық өсуі 4-5% деңгейінде болды, бұл әлемдік нарықтағы шикізат бағаларына тікелей байланысты. Экономикалық даму көрсеткіштері негізінен инвестициялар, экспорттық әлеует және ішкі тұтыну динамикасына әсер етеді. Мемлекеттік бағдарламалар мен реформалар Қазақстанның

«Қазақстан-2050» стратегиясы аясында елдің экономикалық саясаты инновацияларға, цифрландыруға және өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған. Мемлекеттік бағдарламалар, мысалы, индустриалды-инновациялық даму бағдарламалары, елдің өндірістік секторын жаңғыртуға және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуде.

Экономиканың басты проблемалары Қазақстан экономикасының шикізаттық тәуелділігі экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Экспорттық түсімдердің басым бөлігі мұнай мен газдан түскендіктен, шикізат нарығындағы өзгерістер ел экономикасына теріс әсер етуі мүмкін.

Әлеуметтік теңсіздік және жұмыссыздық. Жұмыссыздық деңгейі, әсіресе ауылдық жерлерде, әлі де жоғары. Экономикалық өсім халықтың барлық қабаттарына бірдей әсер етпейді, бұл әлеуметтік теңсіздік мәселесін туындатады. Инфрақұрылымның әлсіздігі Қазақстандағы инфрақұрылым мәселелері экономикалық дамуға кедергі келтіруде. Жолдар, көлік жүйелері және энергетикалық инфрақұрылымның дамымауы аймақтардың интеграциясына және экономиканың жалпы тиімділігіне теріс әсер етеді. Инновациялардың баяу енуі Қазақстанның ғылыми-технологиялық әлеуеті жеткіліксіз, бұл елдің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Инновацияларды енгізу және ғылыми зерттеулерге инвестиция салу арқылы Қазақстан экономикасын жаңғырту қажет.

Экономикалық дамуды ынталандыру жолдары. Экономикалық дамуды ынталандыру – кез келген мемлекет үшін стратегиялық маңызы зор. Қазақстанның экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін бірқатар шаралар қабылдануы қажет. Бұл бөлімде экономиканы әртараптандыру, инновацияларды дамыту, ауыл шаруашылығын реформалау, кадрлық саясатты жетілдіру және инфрақұрылымды жаңғырту сияқты негізгі бағыттар қарастырылады.

Экономиканы әртараптандыру Қазақстан экономикасының шикізаттық тәуелділігі ұзақ мерзімді экономикалық тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Мұнай мен газ секторының доминантты рөлі, әлемдік нарықтағы шикізат бағаларының тұрақсыздығы, сондай-ақ шикізат өнімдерінің бағасының төмендеуі елдің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан экономиканы әртараптандыру – Қазақстанның дамуы үшін маңызды міндет. Жаңа салаларды дамыту Қазақстанға ауыл шаруашылығы, туризм, ақпараттық технологиялар, және өңдеу өнеркәсібі сынды жаңа салаларды дамыту қажет. Мысалы, ауыл шаруашылығында экологиялық таза өнімдер өндіруге бағытталған жобаларды іске асыру арқылы экспортты көбейтуге болады. Туризмді дамыту үшін тарихи және мәдени ескерткіштерді насихаттау, туристік инфрақұрылымды жақсарту, халықаралық туроператорлармен әріптестікті нығайту қажет.

Инвестицияларды тарту. Экономиканы әртараптандыру үшін жаңа салаларға инвестиция тарту – басты мәселе. Шетелдік және ішкі инвестицияларды тарту үшін Қазақстанда инвестициялық климатты жақсарту, мемлекеттік қолдау бағдарламаларын енгізу, сондай-ақ кәсіпкерлікті дамыту шараларын іске асыру қажет. Инвестиция тарту үшін салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру, инвесторларға құқықтық қорғау қамтамасыз ету, нарықтық ақпаратпен қамтамасыз ету де маңызды.

Инновацияларды дамыту. Экономиканы жаңғырту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін инновацияларды дамыту қажет. Қазақстанның ғылыми-технологиялық әлеуетін көтеру, зерттеу және дамыту (R&D) саласындағы инвестицияларды көбейту, сондай-ақ заманауи технологияларды енгізу елдің экономикасын әртараптандыруға ықпал етеді.

Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды мемлекеттік деңгейде қолдау, университеттер мен ғылыми ұйымдардың арасындағы ынтымақтастықты нығайту, халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу – Қазақстанның ғылыми әлеуетін арттырудың маңызды жолдары.

Инновациялық кластерлер құру. Инновациялық кластерлер құру арқылы жаңа технологияларды өндіріске енгізу, стартаптарды қолдау және олардың бизнес-инкубаторлар арқылы дамуын қамтамасыз ету керек. Мысалы, Алматы мен Астанада IT-кластерлерді дамыту, еліміздің басқа да аймақтарында инновациялық шешімдерді іздеу үшін қажетті инфрақұрылымды қалыптастыру маңызды.

Ауыл шаруашылығын реформалау. Ауыл шаруашылығы – Қазақстан экономикасының маңызды секторы, бірақ оның әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр. Ауыл шаруашылығын реформалау, заманауи технологияларды енгізу, суармалы жерлерді дамыту, агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту – экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің кілті болып табылады.

Заманауи технологиялар. Ауыл шаруашылығында заманауи технологияларды енгізу арқылы өнімділікті арттыру қажет. Мысалы, су ресурстарын тиімді пайдалану, өсімдіктерді қорғаудың биологиялық әдістерін қолдану, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеудің жаңа технологияларын енгізу агросектордың дамуына оң әсерін тигізеді.

Агроөнеркәсіп кешенін дамыту. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін өндірушілер мен өңдеушілер арасындағы байланысты нығайту, кооперативтік қозғалысты қолдау, ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау әлеуетін арттыру маңызды. Қазақстанның экологиялық таза өнімдерін шетелге экспорттау арқылы халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік туындайды.

Кадрлық саясат және білім беру реформасы. Экономикалық дамудың маңызды факторы – білікті кадрлар. Білім беру жүйесін жаңғырту, кәсіптік білім беруді дамыту, жастарды кәсіпкерлікке ынталандыру – еліміздің экономикалық дамуын қолдаудың негізі.

Кәсіптік білім беру. Кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, оқу орындарының индустриямен ынтымақтастығын нығайту, білікті мамандар даярлау – экономиканың әртүрлі секторлары үшін кадрлық тапшылықты жоюдың кілті. Жастарға арналған кәсіпкерлік курстары мен бағдарламаларын енгізу, стартап жобаларын қолдау және жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту қажет.

Ғылым мен білімнің интеграциясы. Жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың арасындағы интеграцияны арттыру, ғылыми-зерттеу жұмыстарын өндіріс қажеттіліктерімен байланыстыру, инжиниринг және ғылымның практикалық қолданбалы бағытын дамыту – білім беру саласының тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Инфрақұрылымды жаңғырту. Инфрақұрылым – экономикалық дамудың негізі. Қазақстанның инфрақұрылымын жаңғырту, көлік, энергетика, байланыс және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту – елдің экономикасының тиімділігіне ықпал етеді.

Көлік инфрақұрылымын дамыту. Көлік инфрақұрылымын дамыту, логистикалық жүйені жетілдіру, транзиттік әлеуетті арттыру – Қазақстанды халықаралық саудада бәсекеге қабілетті ету үшін маңызды. «Нұрлы Жол» бағдарламасы аясында көлік және логистика инфрақұрылымын дамыту елдің экономикалық өсімін ынталандырады.

Энергетикалық инфрақұрылым. Энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, электр желілерін заманауи талаптарға сай жаңарту – Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шарттары. Энергетикалық тиімділікті арттыру, экологиялық таза энергия көздеріне көшу – болашақ экономика үшін маңызды.

Қазақстанның халықаралық экономикалық қатынастары. Елдің экономикалық дамуына және жаһандық экономикадағы орнына үлкен әсер етеді. Бұл тарауда Қазақстанның халықаралық экономикалық байланыстары, сауда қатынастары, шетелдік инвестициялар мен халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығы қарастырылады.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) және оның маңызы. Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) – Қазақстанның халықаралық экономикалық интеграциясының басты платформасы. 2015 жылы құрылған бұл одақ Қазақстан, Ресей, Беларусь, Армения және Қырғызстанды қамтиды. ЕАЭО аясында мемлекеттер арасындағы тауар, қызмет, капитал және жұмыс күшінің еркін қозғалысы қамтамасыз етілген [4].

АЭО Қазақстанның экономикалық дамуында бірқатар артықшылықтар береді:

- Сауда көлемін арттыру: ЕАЭО мүшелері арасындағы сауда көлемі артып, жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

- Инвестиция тарту: Интеграция экономикалық тұрақтылықты арттырып, шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал етеді.

- Бірлескен жобалар: Интеграциялық процестер арқылы елдер бірлескен жобаларды жүзеге асырып, бәсекеге қабілеттілікті арттыру мүмкіндігіне ие болады.

Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) және оның рөлі Қазақстан 2015 жылы Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүше болды. Бұл ұйым халықаралық сауданың негізгі ережелерін бекітіп, сауда қатынастарын реттейді. ДСҰ-ға мүше болу Қазақстанның халықаралық нарықтарға интеграциялануына, сауда тарифтерін төмендетуге және сыртқы экономикалық саясатты жетілдіруге мүмкіндік берді. ДСҰ-ға кіру арқылы Қазақстан мынадай мүмкіндіктер алды:

- Сауда кедергілерін төмендету: ДСҰ мүшесі бола отырып, Қазақстан халықаралық саудадағы тарифтер мен кедергілерді төмендету бойынша міндеттемелер алды, бұл экспорттық әлеуетті арттырады.

- Сауда дауларын шешу механизмі: ДСҰ аясында мемлекеттер арасындағы сауда дауларын шешудің тиімді механизмдері бар, бұл Қазақстанға халықаралық нарықта өз мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

- Халықаралық стандарттарға бейімделу: ДСҰ стандарттарына сәйкес экономиканы дамыту, өнімдердің сапасын арттыру, сондай-ақ бәсекеге қабілеттілікті көтеру Қазақстанның халықаралық деңгейдегі саудадағы позициясын нығайтады.

Шетелдік инвестициялар Қазақстанның экономикалық дамуы үшін шетелдік инвестициялар үлкен рөл атқарады. Елдің табиғи ресурстары мен стратегиялық орналасуы шетелдік инвесторлар үшін тартымды факторлар болып табылады. Инвестицияларды тарту үшін мемлекет инвестициялық климатты жақсарту, салықтық жеңілдіктер, құқықтық қорғау, инфрақұрылымды дамыту сияқты шараларды қабылдауда.

Инвестициялық климатты жақсарту. Инвестициялық климатты жақсарту үшін Қазақстанда әртүрлі реформалар жүргізілуде. Салық кодексін жаңарту, мемлекеттік сатып алулар жүйесін реформалау, кәсіпкерлік қызметті қолдау шараларын енгізу – шетелдік инвестицияларды тарту үшін маңызды. Мысалы, “Бәйтерек” холдингі, “Kazakh Invest” ұлттық компаниялары шетелдік инвесторларға қолдау көрсетіп, инвестициялық жобаларды іске асыруға көмектеседі.

Инвестициялық жобалар Қазақстанда шетелдік инвестициялар арқылы жүзеге асырылатын бірнеше ірі жобалар бар. Мысалы, Каспий теңізіндегі мұнай-газ жобалары, энергетикалық сектордағы жаңартылатын энергия көздерін дамыту жобалары, агроөнеркәсіптік кешеннің заманауи технологияларды енгізу жобалары. Бұл жобалар елдің экономикалық өсімін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық Қазақстан халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын белсенді түрде дамытып келеді. БҰҰ, ДСҰ, Халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк және басқа да ұйымдармен серіктестік елдің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады.

БҰҰ және оның бағдарламалары Қазақстан БҰҰ-ның тұрақты дамуы мақсаттарына қол жеткізуге, кедейлікпен күресуге, білім беру мен денсаулық сақтау салаларын дамытуға бағытталған бағдарламаларын іске асыруда. БҰҰ-ның Қазақстандағы даму бағдарламалары, әсіресе әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша жобалар, елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді [5].

Халықаралық қаржы ұйымдары. Халықаралық қаржы ұйымдары, мысалы, Дүниежүзілік банк және Халықаралық валюта қоры, Қазақстанға экономикалық реформаларды жүзеге асыруда қаржылық және консультациялық көмек көрсетеді. Олар еліміздің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету, бюджеттік саясатты жетілдіру, инфрақұрылымды дамыту бойынша жобаларды қаржыландыруда маңызды рөл атқарады.

Қазақстан экономикасының болашағы Қазақстан экономикасының болашағы бірқатар ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Елдің экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық бағыттарды дұрыс таңдау, инновацияларды енгізу, халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыру – маңызды мәселелер.

Технологиялық жаңғыру Қазақстан экономикасының болашағы технологиялық жаңғыруға байланысты. Заманауи технологияларды енгізу, цифрландыру, автоматтандыру мен роботизация процестері экономиканың тиімділігін арттырады. Ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект, big data, интернет заттары (IoT) сынды инновациялық шешімдер экономиканы жаңа деңгейге көтереді.

Цифрлық экономика Цифрлық экономика – Қазақстанның экономикалық болашағының негізі. Цифрлық платформаларды дамыту, электрондық коммерцияны қолдау, IT-секторды дамыту, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру – цифрлық экономиканың негізгі бағыттары. Бұл шаралар бизнестің тиімділігін арттырып, халықтың өмір сүру деңгейін жоғарылатуға ықпал етеді [6].

Экологиялық тұрақтылық. Экологиялық тұрақтылық – Қазақстанның болашағы үшін маңызды аспект. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық таза технологияларды енгізу, жаңартылатын энергия көздерін дамыту – экологиялық мәселелерді шешудің негізі.

Жаңартылатын энергия көздері. Қазақстанның энергетикалық стратегиясында жаңартылатын энергия көздерін дамытуға ерекше назар аударылуда. 2030 жылға дейін жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 30%-ға жеткізу жоспарлануда. Бұл, әсіресе, экологиялық таза энергия өндірісін арттыру және энергия тиімділігін жоғарылату үшін маңызды.

Әлеуметтік саясат. Қазақстан экономикасының болашағы әлеуметтік саясатты жетілдірумен байланысты. Халықтың әл-ауқатын арттыру, кедейлікпен күрес, білім мен денсаулық сақтау салаларын дамыту – әлеуметтік тұрақтылықтың негізі.

Білім беру реформалары. Білім беру реформаларын іске асыру, кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру, жастарды кәсіпкерлікке ынталандыру – елдің кадрлық әлеуетін арттырудың маңызды жолдары. Білім беру жүйесінде инновациялық әдістемелерді қолдану, оқу орындарын заманауи талаптарға сай жабдықтау – білікті мамандар даярлауға мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау. Денсаулық сақтау жүйесін дамыту, медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру, халықтың денсаулығын сақтау – әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі. Қазақстан денсаулық сақтау жүйесінде заманауи технологияларды енгізу арқылы медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Жалпы, қорыта келе Қазақстанның экономикалық дамуының болашағы көптеген факторларға байланысты, бірақ негізгі бағыттардың дұрыс таңдалуы, стратегиялық жоспарлардың тиімді жүзеге асырылуы елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға және экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [7]. Қазақстан халықаралық қоғамдастықта бәсекеге қабілетті ел ретінде танылу үшін ресурстық әлеуетін, адам капиталы мен инновацияларды тиімді пайдаланып, заманауи экономикалық талаптарға жауап беруге қабілетті болуы тиіс. Экономикалық даму – бұл тек экономиканың көрсеткіштерін ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік аспектілерін, экологиялық тұрақтылықты және мәдени-рухани құндылықтарды да қамтитын кешенді процесс. Қазақстан өз дамуында тұрақтылық пен жаңғырудың жолын таңдаса, келешегі жарқын болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. - “Қазақстан жолы”. – Астана: “Атамұра” баспасы, 2006. – 55 б.
2. Әубәкіров Я.А., Жатқанбаев Е.Б., және т.б. – “Экономикалық теория негіздері”. – Алматы: “Экономика” баспасы, 2010. – 81 б.
3. Нурланова Н.К. – “Экономика Республики Казахстан: Проблемы и перспективы развития”. – Алматы: “Ғылым” баспасы, 2009. – 12 б.
4. Тұрсынғалиева Д.А., Сулейменова Г.Т. – “Қазақстанның халықаралық экономикалық қатынастары”. – Алматы: “Дәуір” баспасы, 2015. – 61 б.
5. Жатқанбаев Е.Б. – “Қазақстан экономикасын жаңғырту және оның тиімділігі”. – Алматы: “Экономика” баспасы, 2012. – 82 б.
6. Кенжеғали Сағадиев – “Қазақстан: Экономикалық реформалар және даму стратегиясы”. – Алматы: “Қазақ университеті” баспасы, 2011. - 26 б.
7. Досаев Е.Д. – “Мемлекеттік реттеу және Қазақстанның экономикалық дамуы”. – Алматы: “Экономика” баспасы, 2016. – 37 б.

ҒТАХА 06.73.02

А.Ж.Амангелді, Ж.К.Абдиразақова, А.О. Мусабекова
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы,
zharasovna01@mail.ru, zanat6663@gmail.com

ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛАНДЫРЫЛУЫ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАСЫ

Цифрландыру – қазіргі заманғы экономиканың ажырамас бөлігі. Бұл процесс экономиканың барлық салаларына әсер етіп, жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндерді туындатады. Қазақстан үшін цифрлық экономикаға көшу – стратегиялық маңызды міндет. Бұл мақалада Қазақстанның қазіргі цифрлық экономикасы, оның дамыған елдермен салыстырмасы және цифрландырудың экономиканың түрлі салаларына әсері қарастырылады.

«Цифрлық» экономика мемлекеттік басқару жүйесін басқару үшін көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Қазіргі заманғы технологиялар адам факторын, оның сыбайлас жемқорлық пен қателіктерін азайтатын, салықтық және басқа да есептерді автоматтандырады, нақты жағдайды талдау негізінде шешім қабылдауды қамтамасыз ететін жоғарғы технологиялы цифрлық мемлекеттік басқару платформасын құруға мүмкіндік береді. Мемлекет азаматтық қоғамға өзінің жеке әлеуетін іске асыруға және өз өмірін басқаруға жаңа мүмкіндіктер беруі қажет. Осы мақсатқа жету үшін мемлекет мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту керек, электрондық үкіметтің қолайлығын қамтамасыз ету

қызметтерін дамыту және мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарды жеңіл әрі қауіпсіз түрде қамтамасыз етуі қажет. [5]

Қазақстанда цифрлық экономикаға көшу 2017 жылы қабылданған "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасымен басталды. Бағдарлама аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту, электронды қызметтерді енгізу, және цифрлық инфрақұрылымды нығайту жоспарланған [1].

Қазақстанның цифрлық экономикасының негізгі бағыттарына тоқталып кетсек.

- Электронды қызметтер. Мемлекеттік қызметтердің көп бөлігі электронды түрде көрсетілуде, бұл азаматтардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Ақпараттық жүйелері мен байланыс арналарының біріктірілуі арқасында азаматтарға кез-келген уақытта, кез келген жерде қызмет алу мүмкіндігі беріледі. Бұл жаңа модель азаматтарға қызметті бір каналдан (мысалы, порталы, мобильді қосымша) бастауға, ал оны басқа арнада (мысалы халыққа қызмет көрсету орталығында) аяқтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ақпараттық жүйелердің интеграциясы қағазбен жұмыс істеуді азайтып, процесстерді тиімдірек ұстауға бағытталған.

- Ақпараттық технологиялар. IT-сектордың дамуы, стартаптар мен инновациялық жобаларға қолдау көрсетілуі.

- Инфрақұрылым. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту үшін Қазақстанда кең жолақты интернет желісі, деректер орталықтары, және ақпараттық жүйелердің интеграциясы жүзеге асырылуда. Бұл инфрақұрылым цифрлық қызметтер мен өнімдердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Дамыған елдермен салыстыру. Цифрландыру деңгейі бойынша Қазақстан дамыған елдермен салыстырғанда әлі де артта қалып отыр. Мысалы, Эстония мен Сингапур сияқты елдерде цифрлық қызметтер мен технологиялар кеңінен қолданылуда. Эстонияның IT саласы 3.68 жылы 2020 миллиард еуро айналымын тіркеді. Бұл сектор Эстонияның жалпы ЖІӨ-нің шамамен 7%-ын құрайды және жалпы жұмыс күшінің 5%-ға жуығын жұмыспен қамтамасыз етеді. Эстонияның Еуропадағы цифрлық трансформацияның алдыңғы қатарындағы ел. Сингапур цифрлық трансформацияны белсенді түрде жүзеге асырып, "Smart Nation" бағдарламасын іске асырды. Бұл бағдарлама аясында қала инфрақұрылымы, денсаулық сақтау, және білім беру салаларында цифрлық технологиялар қолданылуда. Қазақстанда да "Smart City" жобалары қолға алынып, қалалардың инфрақұрылымын модернизациялау жұмыстары жүргізілуде. [2, 3]

Цифрландырудың елімізге әсері. Цифрландыру экономиканың түрлі салаларына әртүрлі әсер етеді. Цифрлық технологиялар өндіріс процесін автоматтандыруға, тиімділікті арттыруға және өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Қазақстанда өнеркәсіптік кәсіпорындарда Industry 4.0 концепциясы енгізілуде. Бұл кен орындарын орталықтан басқару және қашықтан бақылау, сондай-ақ ұңғымалар мен кәсіптік жабдықтардың жұмысын тиімді етуге мүмкіндік береді [4].

Қаржы секторы экономиканың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, оның жағдайы мен дамуы өзгерістердің жылдамдығына байланысты. 2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктердің онлайн-сервистерін белсенді пайдаланушылардың саны 23,3 миллионды құрайды. Екі жыл ішінде мобильді банкингтің белсенді пайдаланушылары санының өсуі 15,1%-ды құрады. Бұл динамика максималды деңгейде, яғни жоғары дәрежеде екенін мәлімдейді. Мысалға келтіретін болсақ ҚР-да Kaspi.kz, Halyk bank, Jusan bank. Төлем қызметтерін қолжетімді ету мақсатында банктік емес экожүйелер, мысалы электрондық ақша жүйелері мен мобильді операторлар енгізілуде. Алайда, қаржы секторының цифрландыруына кедергі келтіретін мәселелер де бар, атап айтқанда, мемлекеттік ақпараттық жүйелермен стандартталған электронды өзара әрекеттесу мен халықтың қаржылық сауаттылығының жеткіліксіздігі [6].

Цифрландыру білім беру саласында да маңызды рөл атқарады. Онлайн курстар мен платформалар білім алудың жаңа тәсілдерін ұсынады. Бұл жастардың біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді. Студенттердің қажеттіліктері мен деңгейлеріне сәйкес курстарды таңдау, оқу материалдарын индивидуализациялау білім беру сапасын арттырады.

Көлік және логистика. Сапалы көліктік-логистикалық инфрақұрылым экономиканың дамуына үлкен әсер етеді, себебі ол аумақтарды үйлестіруге және тауарларды тиімді жеткізу шығындарын азайтуға көмектеседі. Қазақстанда темір жол желісі жақсы дамыған, бірақ автокөлік жолдары мен арзан әуе тасымалы жеткіліксіз. Қазақстанда көлік және логистиканы цифрландыру мақсатында «Зияткерлік көлік жүйесі» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба автомобиль жолдары, көлік құралдары, ақылы жолдардағы қозғалыс, қалааралық автобустардағы жолаушылар, сондай-ақ рәсімделген билеттер туралы мәліметтерді жинап, өңдеуді қамтиды. Бұл жүйенің құрамдас бөліктерінің бірі - ақы алу жүйесі,

сондай-ақ жол қозғалысының қатысушыларына жолдағы жағдай туралы ақпарат жинап, ұсынатын жүйе болып табылады [1].

Елде бірыңғай ұлттық денсаулықты сақтау жүйесі бар. Денсаулық сақтауды цифрландыру саласын ақпараттандыруды, өзара әрекеттесу платформасын енгізуді және мобильді денсаулық сақтау қызметтерін дамытуды қамтиды. Бұл сондай-ақ қолданушылардың оқу процесін, диагностика мен емдеу жоспарларын басқаруда жасанды интеллект және заманауи технологияларды қолдануды көздейді. Денсаулық сақтау саласын біріктіру платформасы медициналық жүйелердің бір-бірімен және сыртқы жүйелермен тиімді байланысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар коммерциялық компаниялардың әзірлеген мобильді қосымшаларын және әрбір азамат үшін электрондық денсаулық паспортын енгізу арқылы түпкі пайдаланушыларға арналған қосымшалар экожүйесін құруды қарастырады. Жиналған деректер медициналық статистика, аналитика технологияларын пайдаланып, шешім қабылдауға қызмет етеді. Бұл қағазсыз денсаулық сақтауға көшуге, ұсынылатын көмектің тиімділігін арттыруға және медициналық ұйымдар арқылы қызметтерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Қазақстанның цифрлық экономикасына көшу барысында бірнеше қиындықтар туындауда:

- Инфрақұрылым: Кейбір аймақтарда интернет жылдамдығы мен қолжетімділігі төмен.
- Кадрлар: Цифрлық сауаттылықты арттыру үшін мамандар даярлау қажет.
- Киберқауіпсіздік: Цифрлық жүйелердің қауіпсіздігіне назар аудару қажет.


Алайда, бұл қиындықтарды жеңу арқылы Қазақстан цифрлық экономикада үлкен жетістіктерге жете алады.

Осыған байланысты әртүрлі жастағы еліміздің тұрғындары арасында сауалнама алдық. Сауалнама сұрақтары бойынша төмендегідей жауаптар алдық. Сауалнама нәтижесі бойынша соңғы жылдардағы экономика салаларының цифрландырылуы, оның ішінде ONAY, DAMUMED платформалары сауалнамаға қатысқан Қазақстандықтар үшін оңтайлы болғанын көре аламыз. Бірақ, сауалнамаға қатысқан адамдардың көп бөлігі жастар екенін де айта кеткен жөн.


1. Сіз дәрігерге жазылу үшін "DAMUMED" қосымшасын қолданасыз ба?




2. Сізге автобустарда жол ақысын қалай төлеген ыңғайлырақ?




3. Сізге құжаттардың қандай түрде болғаны ыңғайлырақ?




4. Сіз электронды түрдегі құжаттарды қаншалықты жиі қолданасыз? (электронды төл құжат, жүргізуші куәлігі және т.б.)




5. Сіз төлемдерді электронды түрде жасайсыз ба?




6. Сіз онлайн білім беру курстарына қатысасыз/ қатысқансыз ба?



7. Қаржылық қызметтерді алу кезінде сіз үшін ең маңызды аспект қандай?



8. Болашақта экономика салалары толығымен цифрландырылса сіздің көзқарасыңыз?



Қазақстанның цифрлық экономикаға көшуі – бұл тек технологияларды енгізу ғана емес, сонымен қатар экономиканы жаңғырту және дамыған елдермен бәсекелестікке қабілеттілікті арттыру процесі. Цифрландырудың тиімділігі тек мемлекеттік саясаттың дұрыс бағытталуымен ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық деңгейінде цифрлық сауаттылықтың жоғары болуымен байланысты. Қазақстанның цифрлық экономикасының дамуы – еліміздің болашағы үшін маңызды қадам болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы - Қазақстан Республикасының ресми құжаты. <https://primeminister.kz/news/reviews/2019-zhyly-cifrlyk-k-azak-stan-memlekettik-bag-darlamasy-iske-asyru-ayasynda-8-myn-zhu-mys-orny-k-u-ryldy>
2. Эстонияның цифрлық трансформациясы туралы зерттеулер - <https://www.ruskinfex.com/kk/country-highlights/exploring-estonias-it-industry/>
3. Сингапурдың "Smart Nation" бағдарламасы - <https://ult.kz/index.php/post/smart-city-akyldy-kalalar-adam-omirine-kalay-aser-etedi>
4. Деректер мен статистика - <https://primeminister.kz/news/reviews/kazakstanda-industriya-40-engizu-nemese-akyldy-zauyttar-karantin-men-alemdik-pandemiya-kezeninde-oz-zhumystaryn-kalay-atkardy-1485118>
5. «Сандық экономиканың негіздері» атты М.Ш.Алиновтың кітабы. <https://library.atu.kz/files/86255.pdf>
6. Банктердің онлайн-сервистері жайлы мәлімет- <https://ranking.kz/kz/renking/banking-and-finance-rankings-kz/mobildi-banking-en-zhogary-korsetkishterge-zhakyndap-keledi-elde-kr-edb-onlayn-servisterinin-23-millionnan-astam-paydalanushysy-bar.html>

А. Амангелді, А. Тағай, А.О. Мусабекова
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
amangeldiaida011@gmail.com, a.tagay@internet.ru

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТЕГІ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАСҚАРУ

Мақалада педагогикалық менеджментте білім беру сапасын басқарудың өзектілігі, әдістері және нәтижелері жан-жақты қарастырылады. Білім беру сапасы – қазіргі білім жүйесінің негізгі компоненті болып табылады, және оның деңгейін арттыру педагогикалық менеджменттің маңызды міндеттерінің бірі. Зерттеу барысында педагогикалық менеджменттің білім беру сапасын арттырудағы рөлі айқындалады, ол білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз ету үшін жаңа әдістер мен технологияларды енгізу қажеттілігін көрсетеді. Білім беру сапасын басқару үшін түрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды. Зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, инновациялық әдістер мен заманауи технологияларды енгізу білім беру процесін жетілдіруге және оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, электронды оқыту платформалары, интерактивті оқу материалдары, және студенттермен жұмыстың жаңа тәсілдері оқу сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу білім беру ұйымдарында сапаны қамтамасыз ету үшін қолданылатын тиімді стратегияларды анықтайды. Мысалы, оқытушылардың кәсіби дамуын қолдау, білім беру бағдарламаларын жетілдіру, және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйесін жаңарту сияқты іс-шаралар білім беру сапасын арттыруға зор ықпал етеді. Бұл мақала білім беру саласындағы мамандар мен зерттеушілер үшін аса маңызды ресурс болып табылады, өйткені ол педагогикалық менеджменттің тиімділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар мен стратегияларды ұсынады. Білім беру сапасын басқарудың жаңа тәсілдерін енгізу арқылы білім беру ұйымдарының дамуына және студенттердің оқу нәтижелерін жақсартуға септігін тигізеді. [1]

Қазіргі білім беру жүйесінде білім сапасы мен тиімділігі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды негізі болып табылады. Білім беру сапасын арттыру – білім беру ұйымдарының басты стратегиялық бағыттарының бірі, өйткені сапалы білім жастардың болашағын қалыптастыруда және елдің дамуына ықпал етеді. Педагогикалық менеджмент білім беру сапасын басқарудың заманауи тәсілдері мен құралдарын ұсынады, бұл білім беру процесінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Білім беру сапасын басқару білім беру мекемелерінің тиімділігін арттыру, білім беру процесін ұйымдастыру, сондай-ақ оқушылардың оқу мотивациясын жоғарылату бойынша маңызды міндеттерді шешуге көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, педагогикалық менеджмент білім беру жүйесінің ұйымдастырылуын және құрылымын жетілдіруге, оқу нәтижелерін жоғарылатуға, сондай-ақ оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыруға әсер етеді. Педагогикалық менеджменттің тиімділігі білім беру мекемелеріндегі менеджмент жүйелері мен процестерін жетілдіруге, инновациялық технологияларды енгізу арқылы сапалы білім беру мақсатында жүзеге асырылатын шараларға тікелей байланысты. Инновациялық технологиялардың білім беру жүйесіне интеграциясы білім беру сапасын арттыруда ерекше маңызға ие. Заманауи оқу құралдары мен әдістерінің енгізілуі оқу процесін тиімдірек етуге, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және оқудың интерактивтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде білім беру ұйымдары оқушылардың білім алуында жоғары нәтижелерге қол жеткізе алады.

С появлением цифровых платформ, таких как интернет-магазины, мобильные приложения и социальные сети, компании могут взаимодействовать с клиентами круглосуточно и на глобальном уровне. Это позволяет бизнесу не только охватить большую аудиторию, но и обеспечивать быструю и удобную обратную связь. Например, чат-боты и системы автоматизированной поддержки могут обрабатывать запросы клиентов в режиме реального времени, что повышает удовлетворённость клиентов и снижает нагрузку на персонал.

Информационные технологии также помогают компаниям улучшать качество обслуживания через анализ отзывов клиентов и оперативное реагирование на их потребности. На основе данных о взаимодействии с клиентами компании могут корректировать свою продукцию и услуги, чтобы соответствовать ожиданиям целевой аудитории. Персонализация сервиса, улучшенная благодаря информационным технологиям, увеличивает клиентскую лояльность и создаёт конкурентное преимущество.

Информационные технологии предоставляют компаниям множество возможностей для повышения эффективности и конкурентоспособности, что делает их неотъемлемой частью современного бизнеса. Основные преимущества внедрения ИТ в компании включают:

1) **Увеличение скорости выполнения задач.** Благодаря автоматизации и цифровым инструментам, таким как системы управления задачами и цифровые рабочие пространства, компании могут выполнять свои задачи гораздо быстрее. Это особенно актуально для процессов, требующих значительных временных затрат, таких как анализ данных, обработка запросов клиентов и управление ресурсами. Ускорение этих процессов позволяет компаниям сокращать время на выполнение рутинных операций и больше внимания уделять стратегическим вопросам.

2) **Удобство коммуникации и координации.** Информационные технологии позволяют компаниям наладить эффективное взаимодействие как внутри компании, так и с внешними партнёрами. Цифровые инструменты, такие как платформы для видеоконференций, мессенджеры и облачные сервисы, позволяют сотрудникам обмениваться информацией и работать над проектами из любой точки мира. Это особенно важно в условиях удалённой работы, которая стала нормой для многих компаний после пандемии COVID-19.

3) **Глобализация и выход на международный рынок.** Использование информационных технологий позволяет компаниям преодолевать географические ограничения и предлагать свои продукты и услуги на международном уровне. Интернет-платформы, такие как интернет-магазины и социальные сети, открывают доступ к глобальной аудитории, что значительно расширяет рынок сбыта для компании. Кроме того, современные логистические и маркетинговые решения позволяют компаниям адаптироваться к условиям различных стран и культур, что облегчает выход на новые рынки.

4) **Аналитика и обоснованные решения.** ИТ позволяют собирать и анализировать большие объёмы данных, которые помогают компаниям принимать обоснованные и точные решения. Аналитические системы и технологии обработки данных дают возможность проводить глубокий анализ рынка, потребностей клиентов, эффективности внутренних процессов и других факторов. Это помогает компаниям быть гибкими и адаптировать свои стратегии под текущие условия рынка, что делает бизнес более конкурентоспособным и устойчивым.

Информационные технологии оказывают глубокое влияние на большинство отраслей, помогая компаниям внедрять инновации, улучшать обслуживание клиентов и повышать конкурентоспособность. Ниже рассмотрены некоторые ключевые отрасли, в которых использование ИТ стало критическим для эффективного функционирования.

Торговля и электронная коммерция: В сфере торговли информационные технологии способствуют значительным изменениям в способах взаимодействия компаний с клиентами. Появление интернет-магазинов и платформ для электронной коммерции, таких как Amazon, Alibaba и другие, позволило бизнесу охватить глобальную аудиторию и продавать товары в любое время суток. Благодаря ИТ, покупатели могут легко сравнивать продукты, читать отзывы и совершать покупки из любой точки мира.

Технологии также позволяют улучшить управление складскими запасами, что важно для крупных розничных сетей. Информационные системы, такие как ERP и CRM, помогают компаниям отслеживать предпочтения клиентов и анализировать данные о продажах, что способствует персонализации предложений и улучшению качества обслуживания. Автоматизация логистики и использования больших данных (Big Data) позволяет значительно сократить затраты на хранение и транспортировку продукции, что повышает общую рентабельность бизнеса.

Производство и промышленность: Информационные технологии играют важную роль в повышении эффективности и гибкости производственных процессов. Современные технологии, такие как Интернет вещей (IoT), автоматизация и искусственный интеллект (ИИ), помогают создавать умные фабрики, где оборудование может обмениваться данными в реальном времени, оптимизировать производственные процессы и минимизировать время простоя.

Использование ИТ в производстве позволяет компаниям лучше прогнозировать спрос, управлять запасами и оптимизировать процессы на всех этапах. Применение автоматизированных систем управления производством (MES) и технологий, таких как предиктивное обслуживание, помогает сократить затраты и улучшить качество продукции. Это особенно важно для отраслей с высокой конкуренцией и чувствительностью к качеству, таких как автомобилестроение, фармацевтика и электроника.

Банковский сектор и финансы: Финансовые учреждения используют информационные технологии для управления операциями, обеспечения безопасности данных и улучшения клиентского опыта. В банковском секторе ИТ поддерживают широкий спектр операций: от обработки транзакций и управления рисками до кредитного скоринга и автоматизации обслуживания клиентов. Появление онлайн-банкинга и мобильных приложений делает доступ к банковским услугам более удобным для клиентов, а также расширяет возможности финансовых учреждений для анализа клиентских данных.

Кроме того, ИТ-инфраструктура в банковской сфере помогает обеспечить защиту от киберугроз и минимизировать риск мошенничества.

Медицина и здравоохранение: В здравоохранении ИТ играют ключевую роль в улучшении качества медицинского обслуживания и повышении доступности медицинских услуг. Современные технологии, такие как электронные медицинские карты (ЭМК), телемедицина и системы поддержки принятия решений, позволяют врачам более точно диагностировать заболевания и оперативно предоставлять лечение.

Электронные медицинские карты обеспечивают доступ к данным пациентов в режиме реального времени, что сокращает время на диагностику и минимизирует риск медицинских ошибок. Благодаря ИТ врачи могут консультировать пациентов на расстоянии, что особенно важно для отдалённых регионов, где доступ к медицинским учреждениям ограничен. Внедрение искусственного интеллекта и машинного обучения в здравоохранении позволяет анализировать большие объёмы медицинских данных и разрабатывать новые методы лечения.

Логистика и транспорт: В сфере логистики и транспорта информационные технологии помогают компаниям оптимизировать маршруты, управлять складскими запасами и улучшать обслуживание клиентов. Логистические компании используют ИТ для мониторинга и управления транспортными потоками в реальном времени, что позволяет улучшить точность доставки и снизить издержки на транспортировку.

Применение таких технологий, как GPS и IoT, позволяет компаниям отслеживать местоположение грузов, контролировать условия перевозки (например, температуру и влажность для чувствительных товаров) и быстро реагировать на непредвиденные ситуации. Автоматизация в логистике, например, через использование беспилотных транспортных средств и роботизированных систем на складах, помогает повысить производительность и минимизировать человеческие ошибки.

Образование и онлайн-обучение: В сфере образования информационные технологии помогают расширить доступ к знаниям и улучшить качество обучения. Использование онлайн-платформ, таких как Coursera, Udemu и другие, позволяет людям из разных стран и с разным уровнем дохода получать доступ к образовательным материалам и курсам.

Интерактивные платформы для дистанционного обучения дают преподавателям и студентам взаимодействовать удалённо, что особенно важно в условиях глобализации и во время пандемий. Виртуальные классы, видеолекции, электронные учебные материалы и тестирования позволяют сделать обучение гибким и адаптированным к нуждам студентов, а также дают возможность изучать материалы в удобное время.

Современные информационные технологии продолжают стремительно развиваться, меняя подход к ведению бизнеса и открывая новые возможности для компаний. Ниже рассмотрены ключевые тенденции, которые, вероятно, будут определять развитие ИТ в бизнесе в ближайшие годы.

Искусственный интеллект и машинное обучение: Искусственный интеллект (ИИ) и машинное обучение (МО) стали неотъемлемыми технологиями для анализа данных, улучшения качества обслуживания клиентов и оптимизации бизнес-процессов. ИИ помогает автоматизировать рутинные задачи, выявлять паттерны поведения клиентов и прогнозировать будущие потребности. Например, использование чат-ботов и виртуальных ассистентов позволяет обеспечивать круглосуточное обслуживание клиентов, экономя ресурсы и улучшая клиентский опыт.

Системы машинного обучения позволяют обрабатывать большие объёмы данных, что особенно важно для маркетинга, финансов и медицины. В дальнейшем компании смогут ещё шире применять

ИИ для предсказания спроса, оптимизации цепочек поставок и создания более точных рекомендаций для клиентов.

Большие данные и аналитика: Большие данные (Big Data) и аналитика стали важным элементом стратегического планирования и принятия решений. Возможность анализа данных в реальном времени даёт компаниям ключевые преимущества: оперативный доступ к информации о поведении клиентов, мониторинг рыночных трендов и управление внутренними процессами.

На основе аналитики больших данных компании могут выявлять скрытые закономерности, изучать предпочтения клиентов и прогнозировать потребности рынка. Использование продвинутых аналитических систем помогает адаптировать продукты и услуги под конкретные целевые аудитории, что усиливает конкурентные преимущества и способствует росту бизнеса.

Кибербезопасность и защита данных: С ростом объёмов данных и цифровизации бизнес-процессов вопросы кибербезопасности становятся всё более актуальными. Компании сталкиваются с постоянными угрозами кибератак, которые могут привести к утечке конфиденциальной информации, финансовым потерям и ущербу для репутации. В ответ на это компании всё чаще используют передовые технологии для защиты данных, такие как многофакторная аутентификация, шифрование и мониторинг угроз в режиме реального времени.

В будущем компании будут уделять ещё больше внимания защите данных, инвестируя в кибербезопасность и обучая сотрудников безопасным практикам работы с информацией. С развитием технологий, таких как блокчейн и искусственный интеллект, компании смогут создавать более надёжные системы защиты информации и предотвращения киберугроз.

Автоматизация бизнес-процессов и RPA: RPA (Robotic Process Automation) и автоматизация бизнес-процессов (BPA) позволяют компаниям автоматизировать рутинные задачи, такие как обработка данных, оформление заказов и ведение бухгалтерии. Это помогает снизить операционные издержки, сократить время выполнения задач и минимизировать вероятность ошибок. Автоматизация особенно важна для крупных организаций, где высокие объёмы повторяющихся операций могут занимать значительные ресурсы.

RPA позволяет компаниям сократить затраты на выполнение рутинных операций и улучшить качество обслуживания клиентов. С помощью роботов компании могут автоматизировать процессы, которые ранее выполнялись вручную, что увеличивает общую производительность и эффективность.

Список литературы

- 1) Баскаков, А. В. Информационные технологии в управлении бизнесом. — М.: Юрайт, 2018. — 320 с.
- 2) Бухалков, М. И. Информационные системы и технологии в экономике и управлении. — М.: КноРус, 2019. — 400 с.
- 3) Венкатеш, В., и Дэвис, Ф. Принципы и методы управления информационными технологиями. — М.: Питер, 2017. — 368 с.
- 4) Кендалл, К., и Кендалл, Дж. Системный анализ и проектирование в информационных технологиях. — СПб.: Питер, 2016. — 448 с.
- 5) Меликян, Г. Г. Информационные технологии и бизнес. — М.: КноРус, 2019. — 276 с.
- 6) Лаудан, Дж., и Лаудан, К. Информационные системы в бизнесе и управлении. — М.: Вильямс, 2017. — 544 с.
- 7) О'Брайен, Дж., и Маракас, Дж. Основы информационных систем: Основы и практика. — М.: Вильямс, 2016. — 768 с.
- 8) Турбан, Э., и Вуд, Дж. Информационные технологии для управления и бизнеса. — М.: Финансы и статистика, 2018. — 448 с.
- 9) Усков, В. А., и Павлова, О. И. Цифровая экономика и информационные технологии. — М.: Инфра-М, 2020. — 352 с.
- 10) Щенников, В. А. Информационные технологии и системы управления. — М.: Академия, 2018. — 512 с.

Ж.Қ.Қайрат, Ш.Е.Елубай, А.О. Мусабекова
 Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
 Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
 elubai33@mail.ru

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДА СТРАТЕГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ РӨЛІ

Бұл мақалада қазіргі заманғы кәсіпорындарда стратегиялық менеджменттің атқаратын маңызды рөлі қарастырылады. Стратегиялық менеджмент кәсіпорынның нарықта ұзақ мерзімді табысқа жетуін қамтамасыз ету үшін қолданылатын басқару тәсілі болып табылады. Ол кәсіпорынның ішкі және сыртқы жағдайларын ескере отырып, оның дамуына бағытталған нақты мақсаттар мен міндеттерді анықтайды. Мақалада стратегиялық менеджменттің кәсіпорындарға тиізетін ықпалы мен оның тиімділігі, әсіресе қазіргі динамикалық және бәсекелестік ортадағы маңызы талданады. Сонымен қатар, компаниялардың ресурстарын тиімді пайдалану, инновациялар енгізу және ұзақ мерзімді перспективада жетістікке жету үшін стратегиялық менеджменттің қандай құралдары мен әдістері қолданылатыны көрсетілген.

Қазіргі экономика жағдайында кәсіпорындардың өміршеңдігі және табыстылығы көбінесе олардың басқару қабілеттеріне байланысты. Стратегиялық менеджмент қазіргі заманғы кәсіпорындардың нарықтағы өзгерістерге бейімделіп, бәсекелестерден озық тұру үшін маңызды құрал болып табылады. Бәсекелестік артықшылықтарды сақтау үшін компаниялар нарықтағы өзгерістерге жылдам жауап беруі қажет. Стратегиялық менеджмент кәсіпорынның ұзақ мерзімді мақсаттарын анықтай отырып, осы мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды қалай пайдаланатынын айқындайды.

Стратегиялық менеджмент нарықтың даму тенденцияларын болжауға, ұйымның ішкі және сыртқы ортасын сараптауға, сонымен қатар кәсіпорынның бәсекелестерінен алда болуына мүмкіндік береді. Әсіресе жаһандық нарықтағы бәсекелестік пен технологиялық прогрестің жылдамдығы кәсіпорындардың икемді болуын талап етеді. Стратегиялық жоспарлау және басқару арқылы компаниялар нарықтағы орнын нығайтып, сыртқы және ішкі өзгерістерге уақытында бейімделе алады. Стратегиялық менеджменттің кәсіпорынның жалпы басқару жүйесіндегі маңыздылығын түсіндіріп, оның компанияны дамытудағы рөлін айқындайды. Сонымен қатар, осы әдістің артықшылықтарын зерттеудің өзектілігі айқындалады, себебі заманауи нарық жағдайында кәсіпорындардың тұрақтылығы мен тиімділігі көбінесе басқару шешімдеріне байланысты [1].

Бұл мақаланың басты мақсаты – қазіргі заманғы кәсіпорындардағы стратегиялық менеджменттің рөлін жан-жақты талдау. Стратегиялық менеджменттің рөлін жан-жақты талдау үшін алдымен стратегиялық менеджменттің негізгі ұғымдарын түсіндіріп, оның кәсіпорынның дамуында қандай рөл атқаратынын көрсету қажет. Сонымен қатар, мақалада стратегиялық менеджменттің кәсіпорындарға қандай тиімді нәтижелер беретіні және оның бизнес-процестерге қалай ықпал ететіні зерттеледі.

Стратегиялық басқару тәсілдерінің қалай қолданылатыны, олардың кәсіпорынның бәсекелестік артықшылықтарын дамытуға қалай ықпал ететіні талданады. Мақаланың мақсаты – бұл процестің тек теориялық негіздерін түсіндіріп қана қоймай, оны практикалық деңгейде де қарастыру. Әсіресе Қазақстандағы және халықаралық деңгейдегі кәсіпорындарда стратегиялық менеджменттің қандай әдістері қолданылатынын анықтап, олардың ерекшеліктері мен артықшылықтарын салыстырмалы түрде талдау маңызды. Сонымен қатар, зерттеу кәсіпорынның ұзақ мерзімді мақсаттарына жету үшін стратегиялық менеджменттің маңызын және оның компанияның тұрақтылығына әсерін көрсетуді көздейді. Бұл мақала стратегиялық менеджменттің теориялық және практикалық аспектілерін біріктіріп, кәсіпорындардың дамуына нақты ықпал ететін факторларды зерттеуге бағытталған.

Стратегиялық менеджмент туралы түрлі теориялар мен көзқарастар сарапталды. Бұл мақалада әдеби шолу әдісі қолданылып, стратегиялық менеджменттің әртүрлі аспектілері зерттелді. Әрбір аспект компанияның стратегиялық жоспарлау және басқару процестеріне қалай ықпал ететінін түсіндіру үшін талданды. Сонымен қатар, кәсіпорындардың нарықтағы іс-әрекеттеріне шолу жасалды. Әдебиеттерде стратегиялық менеджменттің түрлі бағыттары көрсетілген. Олардың ішінде классикалық, ресурстық және инновациялық бағыттар бар. Бұл аталған әдістердің әрқайсысы егжей-тегжейлі қарастырылып, кәсіпорындардың оларды қалай қолданатынын сараланды. Сонымен қатар, нақты компаниялардағы тәжірибелік мысалдар келтірілді.

Қазіргі заманғы кәсіпорындардың стратегияларын әзірлеу және жүзеге асыру бойынша мәліметтер пайдаланылды. Сонымен қатар, халықаралық компаниялардың стратегиялық басқару тәжірибелері де қарастырылды. Осы деректерді қолдана отырып, кәсіпорындардың стратегиялық менеджмент арқылы ұзақ мерзімді бәсекелестік артықшылықтарды қалай қалыптастыратыны анықталды.

Қазіргі заманғы кәсіпорындарда стратегиялық менеджменттің бірнеше маңызды аспектілері анықталды. Негізгі нәтижелер мыналар:

1. Ұзақ мерзімді жоспарлау:

- Стратегиялық менеджмент кәсіпорындарға ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтап, олардың орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Кәсіпорындар стратегиялық жоспарлар арқылы болашақтағы экономикалық жағдайлар мен нарықтық тенденцияларды болжап, оларды алдын ала есепке ала алады [2].

2. Бәсекелестік артықшылықтарды дамыту:

- Кәсіпорындар стратегиялық менеджменттің көмегімен бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастырып, оларды нарықта нығайта алады. Бәсекелестік артықшылықтарға инновациялық технологияларды енгізу, сапалы өнімдер шығару және тұтынушыларға ерекше қызмет көрсету жатады.

3. Ресурстарды тиімді пайдалану:

- Стратегиялық басқару ресурстарды ұтымды қолдануды қамтамасыз етеді. Бұл кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын арттырып, оның нарықтағы орнының беріктігін қамтамасыз етеді. Компаниялар ресурстарын тиімді пайдалану арқылы шығындарды азайтып, пайдасын көбейтеді [3].

4. Инновацияларды енгізу:

- Инновациялар – қазіргі заманғы кәсіпорындардың тұрақты дамуының негізгі драйвері. Стратегиялық менеджмент кәсіпорындарға нарықтағы өзгерістерге икемді болуға, жаңа өнімдер мен қызметтерді нарыққа енгізуге көмектеседі.

5. Нарықтық өзгерістерге бейімделу:

- Нарықтағы тұрақсыздық кезінде кәсіпорындар стратегиялық менеджменттің көмегімен өзгерістерге тез жауап береді. Бұл компанияларға сыртқы ортадағы тәуекелдерді азайтып, нарықтық жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы кәсіпорындар үшін стратегиялық менеджменттің маңыздылығы орасан зор. Жаһандану, технологиялық прогресс, және нарықтағы бәсекелестіктің күшеюі кәсіпорындарға жаңаша тәсілдер мен әдістерді енгізуді талап етеді. Стратегиялық менеджменттің көмегімен кәсіпорындар нарықтағы өзгерістерді бақылап, олардың тенденцияларын алдын ала болжай алады. Бұл дағдылар кәсіпорындарға нарықтық жағдайлардың өзгерістеріне уақытында жауап беруге және бәсекелестерінен озып кетуге мүмкіндік береді.

Стратегиялық менеджменттің тиімділігі кәсіпорынның ұзақ мерзімді даму стратегиясын қалыптастыруда көрінеді. Кәсіпорындар өздерінің ресурстарын, оның ішінде қаржылық, адами және материалдық ресурстарын тиімді пайдалана отырып, бәсекелестік артықшылықтарын дамытуға болады. Мысалы, нарықта бұрыннан келе жатқан компаниялар өздерінің басқару стратегияларын өзгерте отырып, жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуде. Бұл оларға тұтынушылардың өзгеріп жатқан талаптарына жауап беруге және нарықтағы өз орнын нығайтуға көмектеседі [4].

Қазақстандағы кәсіпорындар үшін стратегиялық менеджменттің ерекше маңызы бар, себебі еліміздің экономикасы дағдарыстар мен өзгерістерге толы. Сондықтан, компаниялар үшін стратегиялық жоспарлаудың, әсіресе ұзақ мерзімді стратегиялардың маңызы артып келеді. Стратегиялық менеджмент көмегімен кәсіпорындар нарықтағы қауіптерді алдын ала анықтап, оларға бейімделу стратегияларын әзірлей алады. Бұл тәсіл тәуекелдерді басқаруды жеңілдетіп, компанияның нарықтағы орнының тұрақтылығын арттырады. Сонымен қатар, стратегиялық менеджмент кәсіпорындарда инновациялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Инновацияларды басқару, жаңа өнімдер мен қызметтерді нарыққа енгізу үшін кәсіпорындар стратегиялық жоспарлау арқылы ұйымдастырылады. Мұндай стратегиялар кәсіпорындардың нарықтағы бәсекелестік артықшылықтарын арттыруға және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

Нарықтың динамикалық ортасында кәсіпорындардың стратегиялық жоспарлары өзгерістерге икемді болуы тиіс. Олар нарықтағы бәсекелестікке қалай жауап беретініне байланысты, компаниялардың ұзақ мерзімді дамуы мен тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Талдау барысында кәсіпорындардың стратегиялық менеджментті тиімді қолдану нәтижесінде нарықтағы жағдайларын

жақсартатындығы анықталды. Бұл, өз кезегінде, олардың қаржылық көрсеткіштерінің жақсаруына, жаңа клиенттерді тартуға және нарықтағы үлесін арттыруға көмектеседі.

Сондықтан, стратегиялық менеджменттің маңыздылығын түсіну қазіргі заманғы кәсіпорындар үшін қажеттілік болып табылады. Нарықтағы бәсекелестік күресінің артуы, технологиялардың жылдам дамуы, және экономиканың жаһандану процесі кәсіпорындарға стратегиялық басқару дағдыларын меңгеруді және оларды тиімді қолдануды талап етеді. Стратегиялық менеджменттің көмегімен кәсіпорындар тұрақтылық пен табысқа қол жеткізіп, нарықтағы өзгерістерге уақытында жауап бере алады.

Қорытындылай келе Қазіргі заманғы кәсіпорындар үшін стратегиялық менеджменттің рөлі ерекше маңызды. Ол кәсіпорындардың ұзақ мерзімді даму жолын айқындап, нарықтық бәсекелестік ортада табысты болуына мүмкіндік береді. Стратегиялық менеджмент кәсіпорындарға олардың мақсаттарын анықтауға, ресурстарды тиімді басқаруға, және бәсекелестік артықшылықтарды дамытуға көмектеседі. Бұл басқару тәсілі қазіргі экономикадағы динамикалық өзгерістерге бейімделуді жеңілдетеді, кәсіпорындардың нарықтағы орнының беріктігін қамтамасыз етеді [5].

Стратегиялық менеджменттің кәсіпорынның табысына, тұрақтылығына, және инновациялық әлеуетіне тигізетін ықпалы анықталды. Кәсіпорындар нарықтағы өзгерістерді бақылап, өзінің стратегияларын уақытында түзету арқылы бәсекелестерінен озық тұра алады. Сонымен қатар, стратегиялық менеджмент компаниялардың қаржылық көрсеткіштерін жақсартып, жаңа нарықтарға шығуға және клиенттер базасын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазіргі жаһандану мен технологиялық прогресс жағдайында стратегиялық менеджменттің тиімділігін арттыру – кәсіпорындардың ең басты мақсаты болуы тиіс. Қазақстандағы кәсіпорындар үшін стратегиялық басқару әдістерін жетілдіру, инновацияларды енгізу, және нарықтық тәуекелдерді тиімді басқару маңызды. Бұл тәсілдер кәсіпорындарға тұрақты даму мен табысты бизнес жүргізу мүмкіндігін береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Купешова С. Стратегиялық менеджмент: оқу құралы. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. <https://www.kaznu.kz/kz/3415/news/one/35221/>
2. Зуб А.Т. Ұйымдастыру дағдарыстарын басқару. — Мәскеу: Университеттік гуманитарлық лицей, 2003.
3. Семей Н. Стратегиялық менеджмент. — Астана: Ғылым, 2020. <https://open.kz/kz/courses/strategiyaly-menedzhment-negzder-bsekelk-artyshylya-mtylu>
4. Воронина Т.П., Молчанова О.П. Инновациялық ұйымдарды басқару ерекшеліктері. // Мәскеу университетінің хабаршысы. — 2004. — №2. — Б. 35-40. https://kk.wikipedia.org/wiki/Стратегиялық_басқару
5. Стратегиялық жоспар 2025. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы. — [primeminister.kz](<https://primeminister.kz>).

ҒТАХА 06.71.07

С.К. Ержанова¹, Б.К.Спанова², С. Жарылқасын³

^{1,3}Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,

²Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

^{1,2,3}Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

salta_27@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДА АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН АРТТЫРУ

Қазақстан – ауылшаруашылық өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз етіп қана қоймай, ауылшаруашылық өнімдерінің экспортын дамыта алатын елдердің бірі. Ауыл шаруашылық саласын қолдау – мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі, өйткені ұлттық экономиканың бұл саласы нарық пен бәсекеге аз икемделген.

Еліміздегі агроөнеркәсіп кешенін экономикалық өсудің драйверіне айналдыру үшін ғаламданду жағдайындағы үрдістерді ескере отырып (Еуразиялық экономикалық одақтың

әрекет етуі, ДСҰ-на мүшелік, т.б.) бұл саланы басқару жүйесі қажет.

Ол үшін аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек. Шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығу маңызды.

Бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы қажет етіледі. Аграрлық-индустриалдық диверсификация, яғни ауылшаруашылық шикізатын өңдеуді арттыру, ауыл шаруашылығындағы жаңа құрал-жабдықтар, жаңа технологиялар агроөнеркәсіп кешеніндегі инновациялық-технологиялық дамытуды белсендендіру жағдайында ғана мүмкін. Аграрлық ғылымды дамыту мәселесі басты назарда болуға тиіс.

Ол ең алдымен жаңа технологияларды трансферттеумен және оларды отандық жағдайға бейімдеумен айналысуы қажет.

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту жаңа технологиялар мен бизнес-модельдерді енгізу, агроөнеркәсіп кешенінің ғылымға негізделуін арттыру шаруашылықтарды кооперациялау қажеттігін күшейтеді.

Дамыған елдер тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ауыл шаруашылығында өндіріс тиімділігін арттыру мақсатында орташа және ірі ауылшаруашылық тауар өндірушілері басым болуы керек.

Агроөнеркәсіп кешенінің материалдық-техникалық базасын күшейту, ауылшаруашылық өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізінде индустриалды-инновациялық даму жолына көшіру Қазақстан Республикасының ауылшаруашылық өндірістік кооперативтерін тиімді дамытуды білдіреді.

Шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, Қазақстанда ауыл шаруашылығы субъектілерінің кооператив түрінде жұмыс істеуіне жан-жақты қолдау көрсету керек.

Қазақстанның ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізілген жағдайда, әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендин қалыптастырып, ілгерілетуге мүмкіндік берді.

Табиғаты жағынан, жерінің қолайлылығы, экономикасының дамуы тарапынан біздің облысымыздың мүмкіндігі мол. Азық-түлікпен Қазақстанның батысындағы облыстардың халқын қамтамасыз етуге толық шамасы жетеді. Жалпы ауыл шаруашылығы саласын дамытуда облысымыздың әлеуеті жоғары. Сондықтан агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы негізгі міндет барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісі мен саланың экспорттық әлеуетін арттыру болып табылады.

Бүгінгі күні жекелеген өңірлерде әртараптандырудың болмауына байланысты ауыл шаруашылығы өндірісі бір жақты дамитын жағдай қалыптасты. Нәтижесінде солтүстік өңірлерде шаруашылықтар негізінен астық өндірумен айналысады және астық іс жүзінде монокультураға айналды. Әртараптандыру есебінен астық өндірісінің тәуекелдері азайтылған жоқ.

Сонымен қатар, мал шаруашылығы толық дамымай отыр, дегенмен бұл үшін барлық жағдай жасалған. Мал шаруашылығы өнімдері арқылы астықты сату есебінен ғана егістіктің әрбір гектарының қайтарымын кемінде 1,5–2 есеге арттыруға болады. Ауыспалы егіске жемшөп дақылдарын енгізу топырақтың құнарлылығын табиғи түрде үлкен шығынсыз арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, мал шаруашылығын дамыту ауыл тұрғындарын жыл бойы жұмыспен қамту мәселесін шешеді.

Сонымен бірге, нақты әртараптандырудың болмауының басты себептерінің бірі-жерді сапасыз жалдау. Ішінара тексеру көрсеткендей, олардың көпшілігінде жерді тиімді пайдалануға, оның құнарлылығын сақтауға, ауыспалы егісті сақтауға және т.б. қатысты жер заңнамасының негізгі талаптары жоқ немесе олар нақтыланбаған. Мұндай жағдай жер пайдаланушылардың жауапкершілігін бұлдыратады және тиімсіз пайдаланылатын жерлерді алып қою үшін жеткілікті дәлелдемелер базасын жинау іс жүзінде мүмкін емес етеді.

Сондай-ақ негізгі проблемалардың бірі мал шаруашылығын дамытудың тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Мұнда екі негізгі проблема бар.

Қазақстанда 185 млн. га жайылым бар, оның 88 млн.га суландырудың жоқтығынан пайдаланылмайды (48%). Пайдаланылатын 97 млн.га жайылымдардың ішінде өңірлер бөлінісінде 20% - дан 60% - ға дейін тозған.

Ауыспалы егістегі жемшөп дақылдарының үлес салмағының төмен болуына байланысты жыл сайынғы жемшөп дайындау көлемі зоотехникалық нормадан 2 есе аз (30% орнына 15%). Демек, жануарлардың төмен өнімділігі: төмен салмақ пен сүт өнімділігі.

Сондай-ақ жайылым айналымына, жайылымдардың түбегейлі және жер бетінің жақсаруына және оларды суландыруға бақылауды күшейту проблемасы шешуді талап етеді.

Екінші мәселе-жануарлардың генетикалық әлеуетінің төмендігі, нәтижесінде ауылшаруашылық жануарлары мен құстардың өнімділігі төмен.

Алайда, саладағы оң өзгерістерге қарамастан, бірқатар жүйелі проблемалар сақталуда.

Өсімдік шаруашылығында:

- ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдарын әртараптандырудың жеткіліксіз қарқыны;

- ұсынылған ғылыми негізделген ауыспалы егістердің сақталмауы;

- тұқым шаруашылығының жеткіліксіз дамуы, АШТӨ-нің химияландыру құралдарын (тыңайтқыштар, пестицидтер және т.б.) қолдануы;

- АШТӨ-нің техникалық және технологиялық жарақтандырылу деңгейінің төмендігі;

- негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен өнімділігі;

- қолданылатын технологиялардың, стандарттардың, сертификаттау және сапаны басқару жүйелерінің талаптарына сәйкес келмеуі;

- АШТӨ-нің зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы күрес жөніндегі фитосанитариялық іс-шараларды, сондай-ақ карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлерді оқшаулау және жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу жөніндегі карантиндік фитосанитариялық сауаттылығының төмен деңгейі, фитосанитариялық қызметтің материалдық-техникалық жарақтануының нашар болуы;

- АӨК цифрландыру бойынша жобаларды іске асыруды жеткіліксіз ұйымдастыру.

Мал шаруашылығында:

- ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарының төмен өнімділігі;

- азық базасымен жеткіліксіз қамтамасыз етілу;

- асыл тұқымды мал мен құс басының төмен үлесі;

- жемшөп және жемшөп дақылдары үшін егіс алаңдарының жеткіліксіздігі;

- жайылымдық жерлерді ұтымсыз пайдалану;

- құрама жем кәсіпорындарында айналым қаражатының жетіспеушілігі;

- көптеген АШТӨ үшін субсидиялардың қолжетімділік деңгейінің төмендігі;

- субсидиялаудың түпкілікті нәтижеге және өңірлердің мамандануына байланысының болмауы;

- эпизоотиялық жағдайды және мал шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігін бақылаудың жеткіліксіздігі;

- Ветеринариялық бақылау мен қадағалаудың және ҚР аумағының эпизоотиялық салауаттылығын қамтамасыз етудің тиімді жүйесінің болмауы;

- ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы мен жергілікті атқарушы органдар арасында ветеринария саласындағы функциялар мен өкілеттіктердің аражігін нақты ажыратудың жеткіліксіздігі;

- бақылаудағы объектілердің орнын ауыстыруды қоса алғанда, жергілікті жерлерде ветеринария саласындағы заңнаманың сақталуына ветеринариялық бақылаудың жеткіліксіздігі.

- АӨК цифрландыру бойынша жобаларды іске асыруды жеткіліксіз ұйымдастыру.

Саланың техникалық жарақтандырылуы саласында:

- ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынының жеткіліксіздігі;
- жинақтауыштарды оқшаулау мен өндірудің төмен деңгейі;
- сервистік қызмет көрсету жүйесінің дамымауы;
- мал шаруашылығы фермаларын механикаландырудың жеткіліксіз деңгейі.

Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және органикалық өнімді дамыту саласында:

- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үлесінің төмендігі, қайта өңдеу кәсіпорындарының өндірістік қуаттарының толық жүктелмеуі, сондай-ақ олардың физикалық тозуы және моральдық артта қалуы;
- елде органикалық өнім өндірісін сертификаттаудың жеке жүйесінің, өнім сапасын анықтау жөніндегі мамандандырылған зертханалардың болмауы.

Аграрлық азық-түлік нарықтарын дамыту саласында:

- сауда-логистикалық инфрақұрылымның дамымауы, делдалдық байланыстардың көп болуы;
- бөлшек сауда кәсіпорындары мен АШТӨ арасында байланыстың болмауы;
- экспорт үшін ірі, тұрақты партияларды қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық, техникалық және технологиялық мүмкіндіктердің болмауы.

Жер қатынастары саласында:

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалану, бақылаудың тиімді жүйесінің болмауы;
- жер сапасының нашарлауы және олардың өнімділігінің төмендеуі;
- бос жер учаскелерінің бірыңғай көзі және топырақтың сапалық және агрохимиялық жай-күйі бойынша бірыңғай платформа туралы ақпараттың болмауы;
- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кадастрлық құнын анықтау үшін өзекті деректердің болмауы;
- жайылымдарды жеткіліксіз суландырылуына байланысты оларды игерудің төмен деңгейі;
- пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы жерлерін айналымға тартудың төмен қарқыны;
- нақты егіншілік элементтерін енгізудің жеткіліксіз деңгейі.

Аграрлық ғылым, білім беру және кадрлық қамтамасыз ету саласында:

- ғылыми әзірлемелердің АӨК агроқұрылымдарының сұранысына нашар бағдарлануы, рентабельділікті, кірістілікті арттыру және бәсекелестік артықшылықтар алу;
- аграрлық ғылымды қаржыландырудың жеткіліксіздігі;
- экономиканың аграрлық секторында біліктілікті арттыру, консультациялық және ақпараттық қызметтер көрсету жүйелері үшін дамымаған инфрақұрылым;
- ғылыми нәтижелерді өндіріске беру тетіктерінің дамымауы;
- жаппай жұмысшы мамандықтарды даярлау жүйесінің болмауы;
- жоғары және арнаулы орта білімі бар мамандарды даярлау сапасы өндіріс талаптарына сәйкес келмейді;
- аграрлық бейіндегі оқу орындары түлектерінің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы жұмысқа орналасу үлесінің төмендігі;
- ауылда бекіту үшін жас мамандарды ынталандырудың төмен дәрежесі;
- ауылдық аумақтардың қазіргі элеуметтік және басқа да инженерлік инфрақұрылымының деңгейі халықтың өмір сүру сапасының қазіргі заманғы стандарттарына сәйкес келмейді.

Іс-әрекеті өзара тікелей немесе жанама байланысты, халықтың азық-түлік қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған салалардың (кәсіпорындардың) жиынтығы. Аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің мынадай негізгі үш саласы бар:

- ауыл шаруашылығына, тамақ өнеркәсібіне және ішінара жеңіл өнеркәсіпке қызмет көрсетуге және күрделі құрылысқа арналған өндіріс құралдарын өндіру;
- ауыл шаруашылығының өзі;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін даярлау, тасу, сақтау, ұқсату және тұтынушыларға жеткізу салалары.

Егіншілік және мал шаруашылығы өнімдерін сол өнімдерді ұқсатумен үйлестіріп, шаруашылықты жүргізуді қамтамасыз ететін салалармен (мысалы, минерал тыңайтқыштар өндірісі) бірлесе қызмет атқаратын шаруашылық бірлестігі (кәсіпорындар тобы).

Кәсіпорын қалдықтары ауыл шаруашылығының дамуына, ал ауыл шаруашылығы қалыптаса бастаған кешен шегіндегі кәсіпорындардың дамуына жәрдемін тигізетін болғандықтан, жаңа байланыс – ресурстық-энергетикалық байланыстың пайда болуы Аграрлық-өнеркәсіптік кешеннің маңызын арттыра түсті.

Биотехникалық революция қоғамдық өндірістегі құрылымдық өзгерістермен және қоғамдағы жаңа әлеуметтік құбылыстармен байланысты жүріп отырады. Осылардың арасында себепті-салдарлы байланыс болады: бір процесс келесінің дамуын ынталандырады және керісінше, осы байланыстағы ең маңызды жағдай – азық-түлік өндірісінде жаңа қоғамдық еңбек бөлінісінің пайда болуы. Ұзақ мерзім бойы азық-түлікпен қамтамасыз ету аграрлық еңбектің қызметі болып келген еді. Ал бүгінгі заманда осы қызметті өнеркәсіптік еңбек атқарады.

Ауыл шаруашылық шикізаттарынан азық және басқа тауарлар өндірісінің жаңа жүйесі бойынша біріншілік өнім өндіруі тек аграрлық өндіріс қызметіне жататын болды. Ал осы өнімнің аз бөлшегі (1/4) тұтынушыға таза түрде жетеді, көбі (3/4) – техникалық өндеуден өтеді. Ауыл шаруашылық өндірісі оңашаланған өзін-өзі ұдайы өндіретін жүйеден жаңа ұдайы өндірістік жүйенің буынына айналады.

Сонымен, жаңа қоғамдық еңбек бөлінісінің арқасында, аграрлық өндіріс қоғамдық, капиталдың ұдайы өндірісінің жалпы жүйесіне кіреді және ол осы жүйенің даму заңдарына сәйкес дамитын болады.

Осымен қатар, аграрлық өндіріс, көбінесе тұтыну заттарын өндіретін саладан, көбінесе, өндіріс құралдарын (шикізат өндейтін өнеркәсіп үшін) өндіретін салаға айналады.

Азық және ауыл шаруашылық шикізатынан тауарлардың бірнеше түрін өндіретін салалардың жиынтығы жататын ұлттық өндіріс аумағында экономиканың ерекше сферасы қалыптасады. Ол аграрлық-өнеркәсіптік кешен (АӨК) деп аталды. АӨК-нің құрылымын құратындар:

- біріншілік және түпкі өнім өндіретін сфера (өсімдік өсірушілік, мал өсірушілік және осылардың өнімдерін өндейтін өнеркәсіп салалары);

- ресурс құратын сфера (АӨК-ің барлық сферасына еңбек құралдарын жасайтын өнеркәсіп салалары және кадрлар дайындайтын жүйе);

- АӨК-тің өндірістік инфрақұрылымы;

- тауар және ақша айналымы және информациялық қамту жүйесі.

АӨК жабық өзін-өзі ұдайы өндіретін жүйе болып қызмет етеді.

Азық-түлік шаруашылығын, немесе, азық-түлік кешенін жеке бөліп қараған жөн.

Осыған АӨК-ің азық-түлік бөлімі және балық, орман шаруашылығы, минералдық су өндірісі, ішетін су дайындау және тұрғындарды сумен қамту, тамақ тұзы өндірісі және т.б. жатады.

Ауыл шаруашылық өндірістің машиналық стадияға ауысуымен байланысты, аграрлық еңбек аграрлық-өнеркәсіптік еңбекке айналады, ал аграрлық өндірістің өзі – аграрлық-өнеркәсіптік өндіріске айналады. Осыны бүгін жаңа типті жиынтық жұмыскер жүргізеді.

Аграрлық-өнеркәсіптік өндірістің өзіне тән жаңа біріншілік буыны болады.

Сапа жағынан қарағанда оның биологиялық, материалдық-техникалық және ғылыми базасы бөтен болады. Ал ірі және ұсақ өндіріс үшін осы базаның дәрежесі бірдей болады. Бұл жағдаймен фермерлік шаруашылық құрғанда есептесу керек. Жаңа жағдайларда ұтылмау үшін, тапсырма беруші ірі фирмалардың қажеттігімен есептесе отырып, шаруалар өз шаруашылығын мамандандыруға мәжбүр болады. Ал осы қадам оның еркіндігін шектетеді, ол экономикалық, технологиялық және ғылыми тәуелсіздігінен айрылады. Өндірілетін өнімге, пайдаланған тұқымға, гербицидке, тыңайтқыштарға, жанармайға, арендаға алынған техникаға, техникалық, агрономиялық, ветеринарлық және басқа түрлі қызметтерге бағаны

тапсырма беруші белгілейді. Бірсыпыра елдерде, шаруалар өздерінің мүдделерін қорғайтын кооперативтер құрып отыр.

Осыған қарамастан, шаруалар мекен-жайының аграрлық өндірістің біріншілік буыны болуы жоққа шығып келеді.

АӨК қалыптасуы және егіншіліктің өнеркәсіптік агрономияға айналуы, капиталдың ауыл шаруашылығына тартылуына жол ашып отыр, ірі капитал АӨК-ің барлық төрт сферасын қамтыған агробизнес жүйесі қалыптасып отыр. Мұнда басты рөлді қаржы өнеркәсіп топтары атқарады. Агробизнес жүйесі арқылы, капиталдың жалпы айналысына, еңбектік жеке меншікке негізделген шаруашылық қожалықтары тартылып отыр.

Фермерліктің мәселелері шиеленісіп келеді. Шаруашылық қожалықтарынан өзгеше, фермерлік ауыл шаруашылықтар жалдамалы еңбек қолдануға негізделеді. Бұлар ауыл шаруашылығының капитализациялануының бірінші кезеңінде пайда болған. Еңбек бөлінісі, өндірістің мамандануы, аграрлық өндірістің аграрлық өнеркәсіптікке айналуы, қатал бәсекелестік, бәсекелестік қабілеті бар шаруашылықтың көлемінің өсуі – осының барлығы фермерлік шаруашылықтардың шұғыл дифференциялануын тудырады. Бұлардың көбі жалдамалы еңбекті қолданудан бас тартып, шаруашылық қожалықтарымен қосылды, немесе, мүлде жойылды.

Әдебиеттер:

1 VAT rates applied in the Member States of the European Union. Situation at 1st January 2020. https://ec.europa.eu/taxation_customs/sites/taxation/files/resources/documents/taxation/vat/how_vat_works/rates/vat_rates_en.pdf; <https://www.avalara.com/vatlive/en/vat-rates/european-vat-rates.html>

2 Cnossen, S. VAT and agriculture: lessons from Europe. Int Tax Public Finance 25, 519–551 (2018). <https://doi.org/10.1007/s10797-017-9453-4>. <https://link.springer.com/article/10.1007/s10797-017-9453-4#Sec19>.

МРНТИ 06.73.02

Ә.Е. Ерлік, Д.Е. Зделеу, А.О. Мусабекова
Карагандинский исследовательский университет имени Е. А. Букетова,
Республика Казахстан, г. Караганда,
alisherlik281@gmail.com, Zdeley.d.e3010@gmail.com

ДОЛГОВОЙ КРИЗИС В РАЗВИВАЮЩИХСЯ СТРАНАХ, В ЧАСТНОСТИ В КАЗАХСТАНЕ

Долговой кризис - это экономическое явление, при котором государство сталкивается с невозможностью погасить свой внешний или внутренний долг. Развивающиеся страны особенно уязвимы к долговым кризисам, поскольку их экономика часто зависит от экспорта сырьевых товаров и международных займов. Такие страны, как Казахстан, подвержены риску неблагоприятных колебаний на мировых рынках, роста процентных ставок по внешним займам и нестабильности курса своих валют.

В современной глобализированной и взаимосвязанной экономике долговые кризисы могут быстро перерасти из региональной в международную проблему. В развивающихся странах, где экономическая стабильность часто зависит от мировых цен на нефть, металлы и другие ресурсы, долговые кризисы могут значительно замедлить экономический рост, усугубить социальное неравенство и вызвать политическую нестабильность. В таких странах, как Казахстан, где экономика в значительной степени зависит от экспорта нефти и газа, последствия долгового кризиса могут иметь долгосрочные последствия для всех слоев общества.

Долговой кризис в развивающихся странах - это многоуровневая проблема, корни которой лежат в экономической политике, структуре экономики и глобальных макроэкономических условиях. Рассмотрим здесь, используя актуальные данные и статистику, основные факторы, влияющие на долговую ситуацию в Казахстане и других развивающихся странах.

Одной из основных характеристик развивающихся стран является их большая зависимость от внешних заимствований для финансирования государственных расходов и поддержки экономического роста. Казахстан не является исключением: в 2023 году внешний долг Казахстана превысит 165 миллиардов долларов США, что эквивалентно примерно 90 % ВВП страны; в 2013 году внешний долг составлял 148 миллиардов долларов США по сравнению с примерно 100 миллиардами долларов США в 2008 году [1]. Основной причиной увеличения долговой нагрузки является необходимость финансирования инфраструктурных проектов и поддержки экономической активности, особенно на фоне снижения доходов от продажи нефти и металлов на мировых рынках. Одним из примеров этого стало падение цен на нефть в 2014-2015 годах, когда стоимость барреля нефти снизилась с более чем 100 долларов США до 30 долларов США [2]. Будучи одной из наиболее экспортоориентированных экономик, Казахстан был вынужден привлекать займы на внешнем рынке для поддержания финансовой стабильности и стимулирования экономической активности.

Зависимость от мировых цен на сырьевые товары Экономика Казахстана в значительной степени зависит от экспорта нефти, газа, металлов и других сырьевых товаров; в 2022 году нефть, природный газ и металлы будут составлять более 70% казахстанского экспорта, что делает страну крайне уязвимой к колебаниям цен на эти товары на мировых рынках. Последствия волатильности цен на нефть в 2014 году были очевидны: резкое падение цен на нефть привело к сокращению государственных доходов, уменьшению валютных резервов и необходимости привлекать дополнительные займы на внешних рынках. Такая зависимость делает экономику Казахстана более уязвимой к внешним потрясениям и усложняет обслуживание внешнего долга в условиях снижения экспортных доходов. Таким образом, цены на нефть в 2023 году будут более стабильными, но риски сохраняются. Дальнейший шок на сырьевом рынке может заставить Казахстан снова увеличить внешние заимствования. Инфляция и девальвация валюты

Еще одним важным фактором долгового кризиса является девальвация национальной валюты: в 2015 году в Казахстане была проведена либеральная девальвация тенге, в результате чего стоимость национальной валюты по отношению к доллару снизилась почти на 50 % [3]. Это привело к резкому увеличению стоимости погашения внешнего долга, номинированного в долларах и евро.

Девальвация тенге также усугубила инфляцию, которая составляла около 13,6 % в 2015 году, но вновь выросла до 18,8 % в 2022 году из-за экономических потрясений после пандемии и глобальных сбоях в цепочке поставок. Высокая инфляция увеличивает стоимость заимствований для бизнеса и государства, снижая возможности для долгосрочных инвестиций в развитие и способность эффективно погашать долг [7].

Основная часть внешнего долга Казахстана приходится на корпоративный сектор. По данным Национального банка Казахстана, около 70 % внешнего долга приходится на частный сектор, что еще больше усложняет долговую ситуацию в Казахстане [5]. В случае банкротства или дефолта крупных компаний нефтегазового или металлургического сектора может начаться цепная реакция, которая приведет к банковскому кризису. Корпоративный долг особенно опасен в периоды глобальных экономических потрясений, таких как пандемия COVID-19 или глобальные политические волнения. Поскольку компании вынуждены выплачивать долг на фоне снижения доходов, риск дефолта возрастает, а общая экономическая ситуация ухудшается.

Чтобы оценить масштабы долгового кризиса в Казахстане, полезно сравнить его с другими развивающимися странами. Например.

- Россия; в 2023 году внешний долг России составлял около 380 миллиардов долларов США, или около 30 процентов ВВП страны. Это относительно низкий уровень, обусловленный консервативной фискальной политикой и большими валютными резервами.

- Азербайджан Внешний долг Азербайджана в 2023 году составит 15 млрд долларов США, или около 20 % ВВП [4]. Низкая долговая нагрузка позволила стране сохранить стабильность даже в условиях падения цен на нефть.

- Аргентина В отличие от Казахстана, Аргентина столкнулась с серьезным долговым кризисом в 2020 году, когда ее внешний долг превысил 90% ВВП. В результате страна была вынуждена вести переговоры о реструктуризации долга с международными кредиторами, включая МВФ [7].

Долговой кризис Казахстана имеет несколько ключевых проблем:

1. Высокая зависимость от внешних заимствований. Казахстан, как и многие другие развивающиеся страны, сталкивается с необходимостью заимствований на международных рынках для поддержания экономической активности. Это создает уязвимость перед потрясениями в мировой

экономике.

2. Корпоративный долг. Высокий уровень корпоративных заимствований повышает риск дефолта и может привести к банковскому кризису, если крупные компании окажутся неплатежеспособными.

3. Нестабильность валюты. Девальвация тенге и высокая инфляция осложняют выплаты по долгам и создают дополнительные экономические трудности для страны.

4. Зависимость от сырьевых товаров. Казахстану необходимо снизить зависимость от экспорта нефти и металлов. Это связано с тем, что колебания цен на эти сырьевые товары могут серьезно повлиять на способность Казахстана обслуживать свой долг.

С точки зрения экономиста, можно предложить следующие пути решения долгового кризиса:

1. Диверсификация экономики. Казахстан должен сосредоточиться на развитии несырьевых секторов, таких как высокие технологии, сельское хозяйство и туризм. Это позволит снизить зависимость страны от мировых цен на нефть и уменьшить уязвимость экономики.

2. Оптимизация фискальной политики. Сокращение бюджетного дефицита и оптимизация государственных расходов уменьшат потребность во внешних заимствованиях и сделают экономику более устойчивой.

3. Реформа системы заимствований. Привлечение долговых средств, номинированных в собственной валюте страны, может снизить валютные риски. Казахстан должен стремиться к улучшению условий заимствования на международном рынке и снижению стоимости обслуживания долга.

4. Международное сотрудничество. Страны, переживающие долговой кризис, могут сотрудничать с международными организациями, такими как МВФ и Всемирный банк, для получения финансовой и технической помощи в управлении долгом.

Для решения долгового кризиса Казахстан может взять пример с таких стран, как Чили и Малайзия, которые успешно справились с подобными проблемами. Чили, столкнувшись с колебаниями цен на медь, провела реформы по диверсификации экономики и созданию стабилизационного фонда. Малайзия после азиатского финансового кризиса 1997 года реформировала свою экономику и финансовую систему, что позволило ей восстановиться и укрепить устойчивость к внешним шокам.

Таким образом, Казахстану следует принять во внимание международный опыт и проводить комплексные реформы для обеспечения устойчивости своей экономики.

Долговой кризис в Казахстане, как и в других развивающихся странах, отражает сложные вызовы современной глобальной экономики. Рост внешнего долга, достигший 90% ВВП, зависимость от мировых цен на нефть и уязвимость перед колебаниями валютных курсов – все это делает экономику страны подверженной шокам и кризисам. Эти факторы наглядно демонстрируют, насколько важно для развивающихся стран стратегически подходить к управлению долгом и структурным изменениям в экономике.

Экономическая нестабильность Казахстана в значительной мере обусловлена его зависимостью от экспорта сырьевых товаров, таких как нефть и металлы. Высокая концентрация корпоративного долга и недавние волны девальвации тенге лишь усугубили ситуацию, увеличив стоимость обслуживания внешнего долга и ограничив возможности для инвестиций в рост. Без глубокой диверсификации экономики и реформирования фискальной политики долговая нагрузка будет продолжать оказывать давление на развитие страны.

Инвестициялар (лат. "invest" — салым) - болашақта пайда табу немесе белгілі бір экономикалық табысқа жету мақсатында капиталды салу процесі. Инвестициялар экономиканың нақты секторына, соның ішінде өндіріс пен инфрақұрылымға, сондай-ақ активтер немесе бағалы қағаздар сияқты қаржы құралдарына бағытталуы мүмкін. Инвестициялардың негізгі мақсаты-инвестицияланған қаражатты ұлғайту және бастапқы шығындардан асатын кіріске қол жеткізу, бұл капиталдың өсуіне және жалпы экономиканың дамуына ықпал етеді. Инвестициялар екі негізгі түрге бөлінеді: ішкі және сыртқы. Ішкі Инвестициялар бір елде жүзеге асырылатын инвестицияларды білдіреді, яғни ресурстар мен қаражат ұлттық көздерден алынады — бұл мемлекеттік және жеке компаниялар немесе жеке кәсіпкерлер болуы мүмкін. Олар ішкі өндірістік қуаттарды, инфрақұрылымды және экономиканың басқа да салаларын дамытуға бағытталған. Сыртқы инвестициялар өз кезегінде шетелдік инвесторлар ел экономикасына инвестиция салған кезде шетелден капитал тартуды білдіреді. Бұған кәсіпорындарға, жобаларға немесе активтерге тікелей инвестициялар, сондай-ақ акциялар мен облигацияларды сатып алу сияқты портфельдік инвестициялар кіруі мүмкін. Сыртқы инвестициялар көбінесе жаңа технологияларға, инновацияларға және халықаралық нарықтарға қол жетімділікті қамтамасыз ету арқылы экономикалық өсуді ынталандыруда шешуші рөл атқарады [1]. Инвестициялық саясат-бұл экономикалық өсуді ынталандыру, бәсекеге қабілеттілікті арттыру және капиталды тарту мақсатында инвестициялық ағындарды басқару үшін мемлекет, компаниялар немесе басқа ұйымдар қабылдайтын шаралар жиынтығы. Инвестициялық саясат инвестициялау үшін қолайлы жағдайлар жасауға, тәуекелдерді азайтуға және экономиканың тұрақты және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Қазақстан Республикасы орта Азияда инвестициялық саясатта үлкен жетістікке жетіп, оны одан ары қарай жалғастыруда. Осы саясатты ол 1992 жылдан бастап қолданып келеді. Бүгінгі күнгі нәтижеге жету үшін Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатта бірнеше кезеңнен өткен.

Қазақстанның инвестициялық дамуының бірінші кезеңі 1992 жылдан 1993 жылға дейінгі кезеңді қамтыды. Тәуелсіздік алғаннан кейін республика өз экономикасын жаңа мемлекет ретінде құру және нығайту жолдарын белсенді іздеді. Осы кезеңде Қазақстан шет мемлекеттерден екіжақты Экспорттық кредиттер ала бастады, бұл халықаралық капиталды тарту жөніндегі алғашқы қадамдардың бірі болды. Сонымен қатар, ел Халықаралық Валюта Қоры, Халықаралық Қайта Құру және даму банкі, Азия Даму Банкі және т.б. сияқты ірі халықаралық қаржы ұйымдарымен белсенді ынтымақтастықта болды. Тартылған қаражат әртүрлі бірлескен кәсіпорындарды қолдауға бағытталды, дегенмен түскен капиталдың шектеулі болуына байланысты оның көп бөлігі сауда-делдалдық салаға бөлінді. 1993 жылға қарай шетелдік инвесторлардың Қазақстанға деген қызығушылығы, әсіресе ел экономикасы үшін ең перспективалы және стратегиялық маңызды болып табылатын мұнай-газ саласында айтарлықтай өсті. Осы назардың өсуі нәтижесінде Қазақстан инвестициялардың едәуір көлемін тарта алды: 1993 жылы шетелден 1,128 миллиард доллар түсті, бұл энергетика секторын дамытудағы маңызды қадам болды және одан әрі экономикалық өсудің негізін қалады.

Қазақстанның инвестициялық дамуының екінші кезеңі 1994 жылдан 1997 жылға дейінгі кезеңді қамтыды және шетелдік инвесторлардың елеулі қызығушылығын тудырған маңызды оқиға — ел экономикасын ықпалданумен ерекшеленді. Осы экономикалық реформаның нәтижесінде шетелдік инвесторлар Қазақстан экономикасына тікелей әсер ететін негізгі салаларға белсенді түрде инвестиция сала бастады. Бір мысал, металлургия саласына салынған инвестицияның айтарлықтай өсуі: егер 1994 жылы инвестиция көлемі салыстырмалы түрде аз болса, 1996 жылға қарай бұл салаға салынған инвестиция 100% - ға өсті [2]. 1997 жылы Жапония Қазақстан экономикасына шетелдік инвестициялар көлемі бойынша көшбасшы болып, 381 миллион доллар инвестициялады, бұл кезеңдегі барлық шетелдік инвестициялардың 25,4% - ы құрады. Екінші орында Америка Құрама Штаттары тұр, олар Қазақстан экономикасына 322,4 миллион доллар бөлді, ал Ұлыбритания 255 миллион доллар инвестициялады. Бұл қаражат негізінен бірнеше стратегиялық секторларға бөлінді, инвестициялардың 40% — ы металлургияға, 21,6% — ы мұнай-газ секторына, 9,4% - ы энергетикаға бағытталды.

Қазақстанның инвестициялық дамуының үшінші кезеңі 1998 жылдан 2008 жылға дейінгі кезеңді қамтыды және инвестициялық жобалар арқылы бірқатар ірі кәсіпорындарды жекешелендіруді қоса алғанда, ел экономикасындағы елеулі өзгерістермен атап өтілді. 2004 жылға қарай тартылған шетелдік инвестициялардың жалпы көлемі 10 миллиард доллардан асты, бұл қаражаттың 65%-ы минералды-шикізат кешенін дамытуға бағытталды. Осы кезеңде көмірсутек шикізатымен байланысты 208 жобаны жүзеге асыруға айтарлықтай күш жұмсалды. 1998-2000 жылдар аралығында геологиялық барлау жұмыстары кешені және мұнай мен газды қайта өңдеуге арналған жабдықтарды жаңғырту жүргізілді [3]. 2000 жылға қарай Қазақстан инвестиция тартып қана қоймай, ТМД елдеріне инвестиция сала отырып, белсенді инвестор болды. Басқа елдердің экономикасына қазақстандық салымдардың жалпы көлемі 25 миллиард долларды құрады. Ұлттық инвесторлар сыртқы нарықтарды белсенді игере бастады, ал 400-ден астам қазақстандық компания Қырғызстан аумағында, оның ішінде банк секторында, құрылыста, энергетикада және газ өнеркәсібінде жұмыс істеді. Қазақстан Қырғызстан экономикасына 1 миллиард доллардан астам қаржы салды. Сонымен қатар, Қазақстанның елеулі инвестициялары басқа елдердің экономикасына бағытталды. Мысалы, "Қазақмыс" корпорациясы Германияда металлургия зауытын сатып алды. Қазақстан мен Грузия арасында "ҚазМұнайГаз" компаниясының Қара теңіз жағалауында мұнай өңдеу зауытын құру, Баку мен Потидегі астық терминалын салу, сондай-ақ "Баку-Тбилиси-Джейхан" мұнай құбырын салу сияқты жобаларды қоса алғанда, 60-тан астам келісімге қол қойылды [4].

Осы кезеңде Қазақстан банктері ТМД елдерінде де өз қаражаттарын белсенді ұстай бастады, бұл өңірдегі елдің экономикалық ықпалының кенеюін айғақтады. Қазақстанның инвестициялық дамуының төртінші кезеңі 2010 жылдан 2017 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Инвестициялардың ең маңызды көлемі 2012 жылы капитал ағыны 28,9 миллиард долларға жеткен кезде тіркелді. Алайда, келесі үш жылда күрт құлдырау байқалды: инвестиция көлемі 50% - ға қысқарды. Тек 2016 жылы жағдай жақсара бастады және инвесторлар қайта орала бастады, бұл инвестициялық ағынның алдыңғы деңгейден 40% - ға өсуіне әкелді. 2013-2023 жылдар аралығында Қазақстан 236 миллиард доллар инвестиция тарта алды. Осы соманың 102,5 миллиард доллары тау — кен кешеніне, ал 83,7 миллиард доллары мұнай-газ секторына бағытталды, бұл осы салалардың елдің экономикалық дамуы үшін маңыздылығын растайды. Тәуелсіздіктің 32 жылы ішінде Қазақстан жалпы сомасы 400 миллиард доллардан астам шетелдік инвестиция алды, бұл ел үшін елеулі жетістік болып табылады.

Алдағы жоспарлар шеңберінде Қазақстан инвестициялар тартуды жалғастыруға ұмтылады: болжам бойынша, 2029 жылға қарай мемлекет қосымша 150 миллиард доллар алуды жоспарлап отыр, бұл тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету және негізгі салаларды жаңғырту үшін маңызды қадам болады. Осылайша, экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша республика дағдарысқа дейінгі кезеңде Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) қосылуға дайын болды. Қазақстанның ДСҰ-ға ресми кіруі 2016 жылғы 27 шілдеде 19 жылдан астам келіссөздерден кейін өтті. Осыдан кейін елдің сыртқы сауда көлемі 120 миллиард долларға жетті. Егер 90-жылдардың ортасында Қазақстан негізінен посткеңестік мемлекеттермен сауда байланыстарына ие болса, бүгінде әлемнің 185 елімен ынтымақтасады. ДСҰ-ға кіру Қазақстанның әлемдік және өңірлік экономикаға интеграциялануының стратегиялық бағытын іске асырудағы маңызды қадам болды. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан өз экономикасына шетелдік инвестицияларды тарту бойынша Орталық Азияның көшбасшысы болғанын атап өткен жөн. Осылайша, инвестициялық саясатты іске асыру шеңберінде Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамуда елеулі табыстарға қол жеткізді. Шетелдік капиталды тарту арқылы республика қуатты энергия ресурстары мен болашаққа нақты, бірақ өршіл жоспарлары бар ел ретінде өз позициясын нығайтты.

Бүгінгі таңда Қазақстанды әлемдік қоғамдастық дамыған нарықтық экономикасы бар ел ретінде мойындады деп сенімді түрде айтуға болады. Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып халықаралық инвестициялық рейтингке ие болды. Дүниежүзілік банк Қазақстанды инвестициялар үшін ең тартымды 20 елдің тізіміне енгізді. Соңғы жылдары Қазақстан экономикасының трансформациясын сипаттайтын негізгі өзгерістердің бірі қаржы секторының белсенді дамуы, қаржы нарықтарының қалыптасуы және тиісті институттардың құрылуы болды. Қазақстандық нарық бірінші кезекте республиканың инвестициялық ахуалына бағдарланатын шетелдік инвесторлардың назарын аударады. Бұл климатты тәуелсіз сарапшылар бағалайды және ел экономикасына салынған инвестициялардың тиімділігінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді [5].


1 кесте

Қазақстандағы өңірлердің біркелкі дамымауы

Жыл	Негізгі капиталға инвестициялар	
	млн. тенге	өткен жылға % - бен
1991	47	100,5
1992	601	53,0
1993	7 266	61,0
1994	113 224	85,0
1995	223 042	57,0
1996	155 386	60,0
1997	187 503	111,6
1998	264 204	174,8
1999	369 084	133,0
2000	595 664	148,5
2001	943 398	144,7
2002	1 099 986	110,6
2003	1 327 864	116,6
2004	1 703 684	123,1
2005	2 420 976	134,1
2006	2 824 523	111,1
2007	3 392 122	113,5
2008	4 210 878	114,8
2009	4 585 298	102,9
2010	4 653 528	97,0
2011	5 010 231	102,9
2012	5 473 161	104,1
2013	6 072 687	106,9
2014	6 591 482	104,2
2015	7 024 709	103,7
2016	7 762 303	102,0

2017	8 770 572	105,8
2018	11 179 036	117,5
2019	12 576 793	108,8
2020	12 270 144	96,1
2021	13 242 233	103,7
2022	15 251 104	109,2
2023	17 649 313	111,2
Е с к е р т у - автор [5] дереккөз бойынша құрастырған		

Инвестициялық саясат кез келген елдің экономикалық өсуі мен дамуының негізгі факторларының бірі болып табылады. Қазақстанда кең аумағы мен түрлі табиғи ресурстары бар инвестициялар тарту ұлттық экономиканы нығайтуда ерекше рөл атқарады. Алайда, Қазақстан алдында тұрған елеулі проблемалардың бірі оның өңірлерінің біркелкі дамымауы болып табылады. Дамыған урбанизацияланған орталықтар мен дамымаған шалғай аудандар арасындағы экономикалық, әлеуметтік және инфрақұрылымдық теңсіздік инвестициялық бағдарламаларды сәтті қаржыландыру мен іске асыруға айтарлықтай кедергі келтіреді. Қазақстанның әр өңірінде әртүрлі және құнды ресурстар, өнеркәсіп және орталықтар бар: Шығыс Қазақстан Түсті металлургия, машина жасау, аспаптар мен конденсаторлар өндірісі, электр энергетикасы, химия және ағаш өңдеу өнеркәсібі. Батыс Қазақстан мұнай-газ химия өнеркәсібі, балық өңдеу өнеркәсібі, Мұнай және рентген жабдықтары, ферроқорытпалар, минералды тыңайтқыштар өндірісі. Солтүстік Қазақстан Отын-энергетика, тау-кен өндіру салалары, машина жасау, мұнай өңдеу, ферроқорытпалар, алюминий, тракторлар өндірісі, агроөнеркәсіптік кешен, тамақ өнеркәсібі. Орталық Қазақстан көмір өндіру өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, кара және түсті металлургия, машина жасау, құрылыс индустриясы. Оңтүстік Қазақстан Тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп, металлургия, тау-кен химиясы, машина жасау, мұнай өндіру және мұнай өңдеу өнеркәсібі, фосфор тыңайтқыштары мен фосфор тұздарын өндіру.



Е с к е р т у – автор [5] дереккөз бойынша құрастырған.

Ұсынылған диаграммада Қазақстанның түрлі өңірлері бойынша жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестициялар көрсетілген. Деректер өңірлер арасында инвестицияларды бөлудің айтарлықтай біркелкі емес екендігін көрсетеді. Атырау облысы жан басына шаққандағы инвестициялардың ең көп көлемі бар өңір ретінде күрт ерекшеленеді, бұл өңірде мұнай-газ өндірудің жоғары деңгейімен байланысты. Өндіруші өнеркәсіпке қомақты күрделі салымдар Атырауды елдің негізгі инвестициялық орталықтарының біріне айналдырады. Павлодар және Маңғыстау облыстары да айтарлықтай инвестициялар тартуда, бұл дамыған өнеркәсіп пен энергетиканың болуына байланысты. Астана және Алматы сияқты ірі қалалар елдің экономикалық орталықтары болғанымен, мұнай өңірлерімен салыстырғанда жан басына шаққандағы инвестициялардың аз деңгейін көрсетеді. Себебі

мұндағы Инвестициялар тұрғындардың көп санына, сондай-ақ құрылыс және инфрақұрылым сияқты басқа салаларға бөлінеді. Жетісу, Түркістан және Шымкент облыстары сияқты аз дамыған өңірлер жан басына шаққандағы инвестициялардың салыстырмалы түрде төмен деңгейін көрсетеді. Бұл олардың ірі өнеркәсіп орталықтарынан қашықтығына, инфрақұрылымның жетіспеушілігіне және ірі капиталды тарту мүмкіндігінің төмендігіне байланысты. Қазақстан өңірлері бойынша инвестицияларды бөлудің біркелкі еместігі аз дамыған өңірлерді дамытуға бағытталған теңдестірілген инвестициялық саясатты жүргізу қажеттігін атап көрсетеді. Ол үшін инфрақұрылымды, логистиканы жақсартып отырып және білікті жұмыс күшін қамтамасыз ете отырып, дамымаған өңірлерге капитал тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды [6].

Қорытындылай келе, Қазақстанның инвестициялық саясаты тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуде және елді жаңғыртуда басты орын алады. Шетелдік және ішкі инвестицияларды, әсіресе мұнай-газ және металлургия сияқты негізгі салаларға тартудағы елеулі жетістіктерге қарамастан, Қазақстан еңсеру қажет бірқатар елеулі сын-қатерлерге тап болады. Бұл проблемалардың қатарына өңірлер бойынша инвестициялардың біркелкі бөлінбеуі, шалғай және дамымаған аудандарда қажетті инфрақұрылымның болмауы, қолданыстағы бюрократиялық кедергілер мен сыбайлас жемқорлық, сондай-ақ білікті кадрлардың жетіспеушілігі жатады. Экономиканы әртараптандыру және теңгерімді өңірлік дамуды қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін инвестициялық ахуалды жақсартуға, әкімшілік кедергілерді қысқартуға және инфрақұрылымды дамытуға бағытталған реформаларды жүргізуді жалғастыру маңызды. Осы проблемаларды шешуге кешенді көзқараспен ғана Қазақстан өзінің инвестициялық әлеуетін барынша ашып, өз экономикасының ұзақ мерзімді орнықты өсуін қамтамасыз ете алады, бұл, сайып келгенде, халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және елдің жалпы әл-ауқатын жақсартуға әкеледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Асилова А.С. Инвестиция негіздері Алматы, 2019
2. Дүйсенғалиева с. Б. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызмет: қалыптасу кезеңдері мен жолдары. - Астана, 2014.
3. А. М. Есдаулетова Н. Б. Демеев Қазақстанның инвестициялық саясаты: негізгі бағыттары және өсу перспективалары 2022.
4. Аяған Б.Г., Абжанов Х. М., Селиверстов С. В., Бекенова М. С. Қазақстанның қазіргі тарихы. Оқулық. - Алматы, 2010.
5. Ұлттық статистика бюросы. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттіктері 2024.
6. Қазақстан өңірлерінің біркелкі дамымауы жағдайында инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру мәселелері Абзалбек Гульнара Аманжолқызы 2021.

ҒТАХА 06.81.15

Ш. Көшмағанбет, С. Әділхан, А.О. Мусабекова
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
shakokoshmaganbet74@gmail.com

ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ: ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР

Бұл мақала цифрландыру дәуірінің экономика және менеджмент саласындағы жаңа мүмкіндіктері мен сын-тегеуріндерін талдайды. Цифрландырудың деректерді талдау, автоматтандыру, глобализация және инновациялық өнімдер дамыту сияқты артықшылықтарын көрсетеді. Сонымен қатар, киберқауіпсіздік, білім мен дағдылар, бәсекелестік және этикалық мәселелер сияқты сын-тегеуріндерге де назар аударады. Мақала кәсіпорындардың цифрлық трансформацияны тиімді пайдалану арқылы бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру мүмкіндіктерін қарастырады. Цифрландыру тек қауіптер емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктер ашатын динамикалық процесс ретінде бағаланады.

Цифрландыру дәуірі — бұл технологиялық жетістіктер мен инновациялардың экономика мен менеджмент саласына терең әсер ететін кезең. Бүгінгі күні цифрлық трансформация көптеген

ұйымдардың бизнес-процестерін, өнімдерін және қызметтерін қайта қарастыруға мәжбүр етеді. Бұл мақалада цифрландырудың экономика мен менеджменттегі жаңа мүмкіндіктері мен кездесетін сынтетеуріндеріне назар аударамыз. Цифрландыру дәуірі — бұл технологиялардың, әсіресе ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың, жедел дамуы арқылы экономика мен менеджменттің жаңа кезеңіне өту. Бүгінде бизнес ортада цифрландыру тек тренд емес, сонымен қатар ұйымдардың табысты болашағын қамтамасыз ететін қажеттілік [1].

Цифрландырудың алғашқы және ең маңызды аспектісі — технологиялық трансформация. Ақпараттық технологиялардың дамуы арқылы деректерді жинау, сақтау және өңдеу мүмкіндіктері айтарлықтай артты. Үлкен деректер (big data) технологиялары компанияларға тұтынушылардың мінез-құлықтарын тереңірек түсінуге, нарықтық трендтерді болжауға және тиімді маркетинг стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Цифрландыру бизнес-процестерді автоматтандыруды ынталандырады. Роботизация, жасанды интеллект (AI) және машиналық оқу (machine learning) технологиялары ұйымдардың өнімділігін арттыруға, адам ресурстарын тиімді пайдалануға және шығындарды азайтуға көмектеседі. Мысалы, өндірістік кәсіпорындарда автоматтандырылған жүйелер арқылы өнімділік деңгейін жоғарылатуға болады. Цифрландыру дәуірі жаңа бизнес модельдерінің қалыптасуына ықпал етеді. Электрондық коммерция, платформа экономикасы (Uber, Airbnb секілді) және жазылым негізіндегі қызметтер (SaaS) бизнес жүргізудің дәстүрлі әдістерін өзгертеді [2]. Бұл жаңашылдықтар кәсіпкерлерге нарықта бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді. Цифрландыру тұтынушылармен өзара әрекеттесуді қайта қарауға мәжбүр етеді. Онлайн байланыс арналары, әлеуметтік желілер және мобильді қосымшалар арқылы клиенттермен тиімді байланыс орнатуға болады. Персонализирленген ұсыныстар мен қызметтер тұтынушылардың лоялдығын арттырады, бұл өз кезегінде компанияның табысын жоғарылатуға септігін тигізеді. Цифрландыру кадрлық ресурстарға да әсер етеді. Жаңа технологиялар қызметкерлердің дағдыларына жаңа талаптар қояды. Кәсіпорындар өз қызметкерлерін оқытуға және дамытуға назар аударуы қажет. Бұл процесс ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттырып, инновацияларды енгізуіне мүмкіндік береді. Цифрландырумен бірге киберқауіпсіздік мәселелері де өзекті болуда. Деректердің қауіпсіздігі мен қорғау шаралары бизнес үшін маңызды, себебі кибершабуылдар мен деректердің ұрлануы ұйымдарға ауыр зардаптар әкелуі мүмкін. Кәсіпорындар киберқауіпсіздік жүйелерін нығайтып, деректерді қорғау стратегияларын әзірлеуі тиіс [3].

Цифрландыру дәуірі экономика мен менеджментке терең әсер етуде, жаңа мүмкіндіктер мен сынтетеуріндерді тудыруда. Кәсіпорындар бұл өзгерістерді тиімді пайдаланып, бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру үшін стратегиялық жоспарлар әзірлеуі қажет. Цифрландыру — бұл тек технологиялық процесс емес, сонымен қатар бизнес әлемін өзгертуге қабілетті күрделі трансформация. Бұл дәуірде табысты болу үшін ұйымдардың өзгерістерге бейімделуі және инновацияларды қабылдауы міндетті.

Жаңа мүмкіндіктер: Цифрландыру дәуірі экономика мен менеджментте жаңа мүмкіндіктерді тудыратын процесс болып табылады. Бұл кезеңде ұйымдар деректерді жинау, сақтау және талдау арқылы ақпаратқа негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік алады. Автоматтандыру арқасында рутиналық процестер тиімділігі артады, ал инновациялық технологиялар жаңа бизнес модельдерін енгізуге жол ашады. Глобализация ұйымдарға халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік береді, ал клиентпен тиімді байланыс клиенттердің лоялдылығын арттырады. Цифрландыру кадрлық ресурстарды дамыту қажеттілігін туғызады, сонымен қатар киберқауіпсіздік мәселелерін ерекше назарға алуды талап етеді. Бұл кезеңде компаниялар тұрақты даму стратегияларын қабылдай отырып, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға ұмтылады. Осындай өзгерістер бизнес әлемінің динамикасын өзгертеді, жаңа мүмкіндіктер мен сынтетеуріндерді қалыптастырады [4].

1. Деректерді талдау. Цифрландыру деректерді жинау мен талдау процесін жеңілдетеді. Үлкен деректер (big data) технологиялары компанияларға тұтынушы мінез-құлықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бизнес стратегияларын әзірлеуде, нарықтық трендтерді болжауда және персонализирленген ұсыныстар жасауға септігін тигізеді.

Автоматтандыру. Рутиналық бизнес-процестерді автоматтандыру өнімділікті арттырады. Бұл, әсіресе, өндіріс және қызмет көрсету секторларында байқалады. Роботизация және жасанды интеллект (AI) жұмыс күшінің тиімділігін көтеріп, қызметкерлердің уақытын стратегиялық міндеттерге бағыттауға мүмкіндік береді.

Глобализация. Цифрландыру арқылы кәсіпорындар халықаралық нарықтарға оңай шыға алады. Онлайн платформалар мен электрондық коммерция бизнеске жаңа клиенттер мен серіктестер табуға мүмкіндік береді.

Инновациялық өнімдер мен қызметтер. Цифрлық технологиялар жаңа өнімдер мен қызметтерді

дамытуға жол ашады. Мысалы, FinTech секторында жаңа қаржылық құралдар мен платформалар пайда болуда, бұл тұтынушыларға қаржылық қызметтерді жеңілдетеді [4,5].

Сын-тегеуріндер: Цифрландыру дәуіріндегі экономика мен менеджменттің сын-тегеуріндері бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды.

Біріншіден, киберқауіпсіздік мәселесі маңызды рөл атқарады. Цифрландыру бизнес процестерінің қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Деректердің бұзылуы немесе ұрлануы ұйымдарға ауыр зардаптар әкелуі мүмкін, сондықтан киберқауіпсіздік жүйелерін нығайту қажет.

Екіншіден, кадрлардың дайындығы — тағы бір сын-тегеурін. Жаңа технологияларға бейімделу үшін қызметкерлердің білімі мен дағдыларын жаңарту маңызды. Көптеген қызметкерлер цифрлық дағдылармен жабдықталмаған, бұл ұйымдардың тиімділігіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан кадрларды оқыту мен дамытуға қосымша ресурстар жұмсау қажет.

Үшіншіден, бәсекелестік қысым цифрландыру барысында арта түседі. Нарыққа жаңа технологиялық компаниялар мен стартаптардың кіруі дәстүрлі бизнес модельдеріне үлкен қысым көрсетеді, бұл компанияларды инновацияларды енгізуге мәжбүр етеді.

Төртіншіден, этикалық мәселелер де туындайды. Деректердің құпиялығы, алгоритмдердің әділеттілігі мен әлеуметтік теңдік сұрақтары бизнес шешімдеріне әсер етуі мүмкін. Компаниялар этикалық жауапкершілікті ескере отырып, шешімдер қабылдауы тиіс.

Бесінші, инфрақұрылым мәселелері цифрландыруды жүзеге асыру барысында кездеседі. Заманауи инфрақұрылымның болмауы ескі технологиялар мен жүйелер жаңа шешімдерді енгізуге кедергі келтіреді. Инфрақұрылымды жаңарту мен дамытуға инвестиция салу қажеттілігі туындайды.

Алтыншы, кешігулер мен қиындықтар цифрландыру процесінде орын алуы мүмкін. Жаңа технологияларды енгізгенде, жұмыс барысының тоқтап қалуы немесе қызметкерлердің жаңа жүйеге бейімделуі қиындықтарға себеп болуы ықтимал.

Жетіншіден, тұрақтылық және өзгерістерге бейімділік — компаниялардың жылдам өзгерістерге бейімделу қабілетін арттыруы маңызды. Әйтпесе, олар бәсекелестік артықшылықтарынан айырылып қалуы мүмкін.

Сонында, заңнамалық талаптар да назардан тыс қалмауы керек. Цифрландыру бизнес процестерін өзгерту барысында заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес болу қажеттілігі туындайды. Деректерді қорғау және жеке ақпараттың қауіпсіздігі бойынша талаптар бизнес жүргізуге әсер етеді.

Осы сын-тегеуріндер компанияларға үлкен қиындықтар мен кедергілер тудыруы мүмкін. Дегенмен, тиімді шешімдер мен стратегиялық жоспарлар арқылы ұйымдар осы мәселелерді жеңіп, табысты болашаққа жол аша алады [5].

Киберқауіпсіздік. Цифрландырумен бірге киберқауіпсіздік мәселелері де күшейеді. Деректердің ұрлануы немесе бұзылуы бизнес үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Компаниялар деректерді қорғауға және қауіпсіздік жүйелерін жетілдіруге көп инвестиция салуы қажет.

Білім мен дағдылар. Жаңа технологияларға бейімделу үшін қызметкерлердің дағдыларын жаңарту керек. Көптеген жұмыс орындары жаңа талаптарға сай келмей қалуы мүмкін, бұл жұмыссыздық деңгейін арттыруы ықтимал. Кәсіпорындар кадрларды оқыту мен дамытуға көңіл бөлуі тиіс.

Бәсекелестік. Цифрландыру бәсекелестікті күшейтеді. Нарықта көптеген жаңа ойыншылар пайда болып, дәстүрлі компанияларға қысым көрсетуі мүмкін. Осыған орай, ұйымдар инновация мен тиімділікке назар аударуы қажет.

Этикалық мәселелер. Цифрландырумен бірге этикалық сұрақтар да туындайды, мысалы, деректердің құпиялығы, алгоритмдік шешімдердің әділеттілігі және әлеуметтік теңдік. Осы мәселелерді шешу үшін компаниялар жауапкершілікпен әрекет етуі тиіс [5,6].

Цифрландыру дәуірі экономика мен менеджментте көптеген жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндерді тудырады. Кәсіпорындар мен ұйымдар осы өзгерістерді тиімді пайдалану үшін стратегиялық жоспарлар әзірлеп, тұрақты түрде өздерінің бизнес модельдерін жаңартып отыруы керек. Технологияның қарқынды дамуы — бұл тек қауіптер ғана емес, сонымен қатар болашақтың мүмкіндіктері. Цифрландыруды дұрыс бағытта пайдалану арқылы ұйымдар бәсекеге қабілеттіліктерін арттыра алады [7].

Цифрландыру дәуіріндегі экономика және менеджменттегі жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндердің мәні бірнеше маңызды аспектілерді қамтиды. Атап айтар болсақ, цифрландыру бизнес пен басқару процестерінде тиімділікті арттыру, өнімділікті жоғарылату және инновацияларды енгізуге мүмкіндік береді. Деректерді жинау және талдау арқылы ұйымдар стратегиялық шешімдер қабылдауда дәлелдерге негізделген ақпаратқа қол жеткізе алады. Автоматтандыру рутиналық процестерді

онтайландырады, ал жаңа бизнес модельдері нарықта бәсекелестікті арттырады. Глобализация ұйымдарға халықаралық деңгейде қызмет көрсетуге мүмкіндік береді, ал клиентпен тиімді байланыс тұтынушылардың лоялдылығын арттырады [8].

Сын-тегеуріндер цифрландыру процесінде туындайтын қиындықтарды білдіреді. Киберқауіпсіздік, кадрлардың біліктілігі, бәсекелестік қысымы, этикалық мәселелер және инфрақұрылымның жетіспеушілігі сияқты аспектілер ұйымдарға үлкен кедергілер тудыруы мүмкін. Бұл сын-тегеуріндер компаниялардың цифрландыруды тиімді жүзеге асыруын қиындатуы, сонымен қатар ресурстарды дұрыс басқару қажеттілігін туындатады.

Жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндердің арасындағы теңгерімді сақтау маңызды. Компаниялар цифрландырудың артықшылықтарын тиімді пайдаланғанда, сонымен қатар кездесетін қиындықтарды жеңу үшін стратегиялық жоспарлар әзірлеуі қажет. Бұл баланс ұйымдарға бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, нарықтағы орны мен тұрақтылығын сақтауға көмектеседі [9]. Цифрландыру экономиканы инновациялық даму деңгейіне көтереді. Жаңа технологияларды енгізу мен инновациялық шешімдерді қабылдау ұйымдарға тиімділікті арттыруға, өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсартуға, сондай-ақ жаңа нарықтарды игеруге мүмкіндік береді. Цифрландыру компанияларға тұрақты даму стратегияларын қабылдауға, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Бұл заманауи бизнес үлгілерінде басты рөл атқарады.

Цифрландыру дәуіріндегі экономика мен менеджменттегі жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндер ұйымдардың дамуындағы маңызды факторларды белгілейді. Осы факторларды дұрыс бағалау мен басқару компаниялардың табысты болашағын қамтамасыз етеді. Цифрландыру дәуірі экономика мен менеджменттің динамикалық өзгерістерін қалыптастырып, жаңа мүмкіндіктер мен сын-тегеуріндерді тудырды. Жаңа технологиялар мен ақпараттық жүйелер бизнес процестерін тиімділендіруге, инновациялар енгізуге және тұтынушылармен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Дегенмен, киберқауіпсіздік, кадрлардың дайындығы, бәсекелестік қысым және инфрақұрылым мәселелері сияқты сын-тегеуріндер де туындап отыр [10].

Қорытындылай келе осы өзгерістер мен қиындықтарды тиімді басқару үшін компаниялар стратегиялық жоспарлар әзірлеп, ресурстарды тиімді пайдалану арқылы бәсекеге қабілеттіліктерін арттыруы тиіс. Цифрландыру тек технологиялық прогресс емес, сонымен қатар ұйымдардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге, инновациялық даму деңгейін көтеруге және экологиялық жауапкершілікті арттыруға ықпал ететін күрделі трансформация. Сондықтан, цифрландыру дәуіріндегі экономика мен менеджменттің жаңа мүмкіндіктерін тиімді пайдалану және сын-тегеуріндерге жауап бере білу — табысты болашақтың кілті болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Brynjolfsson, E., & McAfee, A. (2014). *The Second Machine Age: Work, Progress, and Prosperity in a Time of Brilliant Technologies*. W. W. Norton & Company.
2. Porter, M. E., & Heppelmann, J. E. (2014). "How Smart, Connected Products Are Transforming Competition." *Harvard Business Review*, 92(11), 64-88.
3. Schwab, K. (2016). *The Fourth Industrial Revolution*. Crown Business.
4. Rogers, D. (2016). *The Digital Transformation Playbook: Rethink Your Business for the Digital Age*. Columbia University Press.
5. McKinsey & Company. (2021). "The state of AI in 2021." Retrieved from McKinsey & Company website.
6. Davenport, T. H. (2018). *Artificial Intelligence for the Real World*. Harvard Business Review Press.
7. Tapscott, D., & Tapscott, A. (2016). *Blockchain Revolution: How the Technology Behind Bitcoin Is Changing Money, Business, and the World*. Penguin.
8. Kotter, J. P. (2012). *Leading Change*. Harvard Business Review Press.
9. KPMG. (2020). "The Future of Digital Transformation." Retrieved from KPMG website.
10. Zhang, Y., & Zheng, Y. (2018). "Digital Transformation: A Review and Future Research Directions." *Journal of Business Research*, 97, 349-

А.Т.Кумисбекова, А.О. Мусабекова
 Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,
 Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
kumisbekova0505@gmail.com

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ HR МЕНЕДЖМЕНТ

Білім беру саласындағы HR менеджменті – білім беру мекемелеріндегі адам ресурстарын басқаруға бағытталған арнайы бөлім немесе қызмет түрі [1]. Бұл жүйе оқытушылар, әкімшілік персонал, техникалық қызметкерлер және басқа да жұмысшыларды басқаруды қамтиды. HR менеджменттің басты мақсаты – ұйымның тиімділігін арттыратын жоғары білікті, кәсіби және ынталы қызметкерлерді тарту, дамыту және олардың жұмысын ұйымдастыру.

HR менеджментінің білім беру саласындағы рөлі ерекше маңызды, себебі мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлердің кәсіби шеберлігі, жұмысқа деген қарым-қатынасы және мотивациясы білім беру сапасына тікелей әсер етеді. Білім беру мекемелерінің табысты жұмыс істеуі, оқыту және тәрбие процесінің сапасы көбіне осы қызметкерлердің біліктілігі мен мотивациясына байланысты.

Негізгі міндеттері мен мақсаттары HR менеджменті білім беру ұйымында келесі негізгі міндеттерді атқарады:

1. Қызметкерлерді жоспарлау – білім беру мекемесінің ағымдағы және болашақтағы қажеттіліктерін ескере отырып, қызметкерлер құрамын оңтайлы түрде қалыптастыру.
2. Қызметкерлерді іздеу және іріктеу – білім беру мекемесіне қажетті жоғары білікті мамандарды іздеу және тарту, кәсіби талаптарға сай келетін үміткерлерді таңдау.
3. Кадрлық жұмыс – қызметкерлерді қабылдау, жұмыстан шығару, еңбек шарттарын жасау және персоналды басқарудың басқа да әкімшілік процестері.
4. Оқыту және дамыту – педагогикалық және әкімшілік қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіби өсуіне жағдай жасау. Бұл білім беру саласында сапалы қызмет көрсету үшін маңызды.
5. Қызметкерлерді ынталандыру – мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлердің жұмысына деген ынтасын арттыру үшін тиімді жүйелер мен әдістерді қолдану. Мотивациялық факторлар ретінде еңбекақы, марапаттау, еңбек жағдайларын жақсарту және т.б. қолданылады.
6. Конфликттерді басқару – жұмыс орнында туындайтын даулы жағдайларды тиімді шешу және алдын алу. Бұл ұжымдағы қолайлы жұмыс атмосферасын қамтамасыз етеді.

HR менеджментінің білім беру саласындағы ерекшеліктері Білім беру саласындағы HR менеджментінің тағы бір маңызды аспектісі – қызметкерлердің жұмысының сапасын тұрақты бақылау және бағалау. Мұғалімдердің сабақ беру сапасы, оқушылардың оқу үлгерімі, білім беру процесіндегі инновациялық әдістерді қолдану HR қызметінің назарында болуы тиіс. Сондықтан кадрларды үнемі оқыту, кәсіби деңгейін көтеру білім беру жүйесінде үздіксіз жүзеге асырылуы тиіс [2, 3].

Сонымен қатар, білім беру мекемелері әртүрлі өзгерістерге бейім. Мемлекеттік білім беру стандарттарының өзгеруі, жаңа педагогикалық технологиялардың енгізілуі және басқа да жаңалықтар ұйымның HR бөлімінен үнемі бейімделуді және қызметкерлерді қайта оқытуды талап етеді.

HR менеджментінің тағы бір маңызды рөлі – оқу орындарындағы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру. Корпоративтік мәдениет – бұл қызметкерлердің жалпы құндылықтары мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы, ол ұйымның ішкі климатына және жұмыс процесінің тиімділігіне әсер етеді. Ұжым ішіндегі сыйластық, ынтымақтастық және кәсіби өсу мүмкіндіктері білім беру мекемелерінің тиімділігі мен табысына ықпал етеді.

Осылайша, білім беру саласындағы HR менеджменті – бұл тек кадрлармен жұмыс істеу ғана емес, сонымен қатар бүкіл оқу орнының стратегиялық дамуына әсер ететін кешенді процесс. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру, кәсіби өсуіне жағдай жасау, мотивациялық жүйелерді қолдану және ұйым ішіндегі корпоративтік мәдениетті дамыту – бұл HR менеджментінің негізгі құралдары. Олардың барлығы білім беру сапасын жақсартуға және оқу орнының мақсаттарына жетуге көмектеседі.

HR менеджменттің негізгі міндеттері. Білім беру ұйымдарындағы HR менеджменттің негізгі міндеттері — бұл адам ресурстарын тиімді басқару, жұмыс өнімділігін арттыру және ұйымның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу. Оқу орнының табысты жұмыс істеуі үшін дұрыс кадрларды

таңдау, оларды үздіксіз дамыту және ынталандыру аса маңызды. HR менеджменттің міндеттері білім беру процесінің сапасын тікелей жақсартуға және мекеменің беделін арттыруға ықпал етеді.

1. Қызметкерлерді іріктеу және жалдау. Қызметкерлерді іріктеу мен жалдау HR менеджменттің алғашқы және маңызды қадамдарының бірі болып табылады. Бұл процестің негізгі мақсаты — оқу орнының қажеттіліктеріне сай келетін, жоғары білікті және кәсіби мамандарды табу.

Іріктеу процесі бірнеше кезеңнен тұрады:

- Мамандарға қойылатын талаптарды анықтау: әрбір білім беру ұйымының белгілі бір талаптары мен стандарттары бар. HR менеджерлер мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін, кәсіби дағдыларын және жеке қасиеттерін ескере отырып, олардың сәйкес келуін қамтамасыз етуі тиіс.

- Үміткерлерді іздеу және іріктеу: осы кезеңде HR менеджменті түрлі арналар арқылы (вакансия сайттары, әлеуметтік желілер, университеттер және т.б.) қызметкерлерді іздейді. Іріктеу барысында үміткердің кәсіби білімі, тәжірибесі, дағдылары, сонымен қатар оның оқу орнының мәдениеті мен құндылықтарына сәйкес келуі бағаланады.

- Сұхбаттар және тестілеу: бұл кезеңде кандидаттардың біліктілігі мен білім беру саласындағы тәжірибесі бағаланады. Сонымен қатар, кейбір ұйымдар оқыту әдістерін, сыныпты басқару дағдыларын және басқа да кәсіби шеберліктерді тексеру үшін үміткерлерге арнайы тапсырмалар немесе тестілер дайындайды.

Қызметкерлерді іріктеудің сапалы жүзеге асырылуы оқу процесінің тиімділігін арттырады және білім беру мекемесінің имиджін нығайтады.

2. Қызметкерлерді оқыту және дамыту. Қызметкерлерді үздіксіз оқыту және дамыту — білім беру саласындағы HR менеджменттің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл педагогикалық кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру, олардың заманауи білім беру әдістерін меңгеруіне және білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Оқыту және дамыту процесі бірнеше бағытта жүреді:

- Кәсіби біліктілікті арттыру: педагогтар үшін арнайы семинарлар, тренингтер, курстар ұйымдастырылып, олардың педагогикалық әдістерін жаңарту және кәсіби дамуына мүмкіндік беріледі. Мұғалімдердің кәсіби деңгейі білім сапасына тікелей әсер ететін маңызды фактор.

- Тәлімгерлік және коучинг: жас мұғалімдерге тәжірибелі ұстаздар тарапынан тәлімгерлік көрсету маңызды. Бұл кәсіби тәжірибені бөлісу арқылы педагогтардың шеберлігін арттырудың тиімді әдісі болып табылады.

- Сыртқы тренингтер мен конференциялар: HR менеджмент қызметкерлерді сыртқы тренингтерге, конференцияларға, ғылыми іс-шараларға қатыстыру арқылы олардың білімдерін кеңейтіп, жаңа технологиялармен танысуына жағдай жасайды.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту олардың кәсіби өсуіне мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқу орнының білім беру сапасын және беделін көтереді.

3. Қызметкерлерді мотивациялау және марапаттау. Қызметкерлерді мотивациялау және марапаттау жүйесі — білім беру саласындағы HR менеджменттің табысты жұмыс істеуі үшін аса маңызды. Бұл қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасын арттыру және олардың кәсіби шеберлігін дамытудың тиімді әдісі [1, 4].

Мотивацияның негізгі әдістері:

- Қаржылық ынталандыру: бұл еңбекақы, бонустар, сыйақылар арқылы қызметкерлердің еңбегін марапаттау. Қызметкерлердің қаржылық жағдайын жақсарту олардың жұмысқа деген мотивациясын айтарлықтай арттырады.

- Моральдық марапаттау: қызметкерлердің жетістіктерін тану және мадақтау мотивацияның моральдық аспектісін құрайды. Бұл арнайы дипломдар, грамоталар, марапаттау рәсімдері арқылы жүзеге асады. Ұжымда жақсы жұмыс нәтижелерін мойындау және атап өту қызметкерлердің өз жұмысына деген сенімділігін күшейтеді.

- Кәсіби өсу мүмкіндіктері: мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлер үшін кәсіби мансаптық өсу жолдары белгіленуі тиіс. Қызметкерлердің өздерін жетілдіруге деген ұмтылысы оларға жаңа мүмкіндіктер берілгенде күшейе түседі.

- Жұмыс жағдайларын жақсарту: мұғалімдердің жұмысына қолайлы жағдайлар жасау, оларға заманауи құралдармен және ресурстармен қамтамасыз ету, жұмыс уақытын тиімді ұйымдастыру да мотивацияны арттырады.

Марапаттау жүйесі де қызметкерлердің еңбегін әділ бағалау арқылы олардың жұмысқа деген ынтасын арттырудың маңызды аспектісі. Бұл материалдық марапаттаулармен қатар, кәсіби жетістіктерін мойындау арқылы да жүзеге асырылады.

Білім беру саласындағы HR менеджмент оқу орындарының табысты жұмыс істеуінде аса маңызды рөл атқарады. Оның басты мақсаты — кадрларды тиімді басқару арқылы білім беру мекемелерінің стратегиясына, мақсаттарына және құндылықтарына сәйкес келетін қызметкерлерді тарту, дамыту және оларды оқу процесіне тиімді түрде қосу. Бұл тек әкімшілік жұмыс емес, бұл білім беру сапасын арттыруға, оқу орнының беделін нығайтуға және ұйымның ұзақ мерзімді табысына қол жеткізуге бағытталған кешенді басқару функциясы.

1. Қызметкерлерді іріктеу — сапалы білімнің негізі. Қызметкерлерді іріктеу білім беру мекемелерінің қызмет етуінде аса маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Дұрыс таңдалған педагогтар мен әкімшілік қызметкерлер оқу орнының білім беру сапасын айтарлықтай жақсартып алады. Қызметкерлерді дұрыс таңдау — оқушыларға сапалы білім беру, инновациялық әдістерді енгізу және жалпы оқу процесінің тиімділігіне тікелей әсер ететін фактор. Оқу орнының миссиясы мен мақсаттарына сәйкес келетін білікті мамандарды іріктеу HR менеджментінің бірінші кезектегі міндеті.

Мұғалімдердің кәсіби дағдылары мен тәжірибесі ғана емес, сонымен қатар олардың оқу процесіне деген көзқарасы, оқушылармен қарым-қатынасы және ұжымдағы ұжымшылдық деңгейі де іріктеу процесінде ескерілетін маңызды аспектілер болып табылады. HR менеджментінің тиімді жұмысы — тек жақсы маман табу ғана емес, сонымен қатар сол маманның оқу орнының құндылықтарына сай келуін қамтамасыз ету.

2. Қызметкерлерді үздіксіз дамыту — білім беру сапасын арттырудың жолы. Қызметкерлердің кәсіби дамуы — оқу орнының табысты жұмыс істеуінің маңызды факторы. Білім беру саласында мұғалімдер мен қызметкерлер үнемі жаңартылып отыратын білім мен дағдыларды меңгеруге тиіс, себебі бұл салада жаңа әдістемелер мен технологиялар пайда болып, талаптар үнемі өзгеріп отырады. Осыған байланысты HR менеджменті қызметкерлерге кәсіби дамудың үздіксіз процесін қамтамасыз етуге тырысуы қажет [3, 5].

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары, кәсіби семинарлар, шеберлік сыныптары және сыртқы тренингтер — бұл білім беру саласындағы кадрларды дамыту жүйесінің негізгі элементтері. Оқытушылар мен қызметкерлердің үздіксіз дамуына жағдай жасау арқылы оқу орындары оқу процесіне заманауи әдістемелерді енгізіп, оқушыларға сапалы білім бере алады.

Тәлімгерлік бағдарламалары, ішкі және сыртқы оқыту курстары мұғалімдерге өз біліктіліктерін арттырып, жаңа білім беру технологияларын игеруге мүмкіндік береді. Бұл оқу процесінің жаңашылдығы мен сапасына тікелей әсер етеді.

3. Мотивация мен марапаттау — қызметкерлердің жұмысқа ынтасын арттыру. Қызметкерлерді ынталандыру жүйесі — HR менеджменттің маңызды құралдарының бірі. Жақсы ойластырылған мотивациялық жүйе арқылы оқу орны қызметкерлердің жұмысқа деген ынтасын арттыра алады, бұл өз кезегінде олардың еңбек өнімділігіне және оқушылардың оқу үлгеріміне оң ықпал етеді [4].

Мотивация мен марапаттау жүйесінің негізгі элементтері:

- Қаржылық ынталандыру: еңбекақыны әділ төлеу, бонустар мен сыйақылар қызметкерлердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді және олардың жұмысына деген қызығушылығын арттырады.

- Моральдық ынталандыру: қызметкерлердің жетістіктерін мойындау, марапаттар мен құрмет көрсету оларға өз жұмысының бағаланатынын көрсетіп, олардың кәсіби деңгейін арттыруға ынталандырады.

- Кәсіби өсу мүмкіндіктері: мансаптық өсуге қол жеткізу мүмкіндігі қызметкерлердің мотивациясының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлерге кәсіби өсу жолдары мен перспективалары ұсынылған кезде, олар ұйымға ұзақ уақыт бойы адал қызмет етуге дайын болады.

- Жұмыс жағдайларын жақсарту: HR менеджменттің маңызды міндеттерінің бірі — қызметкерлерге қолайлы еңбек жағдайларын жасау. Бұл олардың физикалық және психологиялық денсаулығына, жұмыс өнімділігіне және жалпы жұмысқа деген қанағаттанушылығына тікелей әсер етеді.

Марапаттау жүйесі қызметкерлердің жетістіктерін әділ бағалап, олардың оқыту сапасын арттыруға және кәсіби дамуына қосқан үлестерін тануға мүмкіндік береді.

4. Ұжымдағы корпоративтік мәдениетті нығайту. HR менеджменттің тағы бір маңызды міндеті — оқу орнында оңтайлы корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және дамыту. Корпоративтік мәдениет — қызметкерлердің мінез-құлық нормалары мен құндылықтарының жиынтығы, ол ұйымның ішкі климатына және оның тиімділігіне әсер етеді. Ұжымдағы ынтымақтастық, бір-біріне деген сыйластық және жұмыс процесіне ортақ көзқарас оқу орнының табысты қызмет етуінде маңызды рөл атқарады.

HR менеджмент қызметкерлер арасындағы қарым-қатынастарды қолдау және нығайту арқылы ұжымның біртұтастығын сақтап, білім беру процесінің тиімділігін арттыруға көмектеседі. Ұжымдағы оңтайлы мәдениет оқу процесіне оң әсерін тигізіп, білім беру сапасының артуына ықпал етеді.

Қорытындылай келе HR менеджмент білім беру мекемелерінің жұмыс істеуінде маңызды рөл атқарады. Қызметкерлерді дұрыс іріктеу, дамыту және мотивациялау арқылы оқу орындары білім беру сапасын жақсартып, жалпы оқу процесіне оң әсерін тигізеді. HR менеджмент арқылы оқу орындары жоғары білікті кадрларды тартып, оларды үздіксіз оқыту және марапаттау арқылы ұйымның білім беру стратегиясын тиімді жүзеге асыра алады. Оқу орнының ұзақ мерзімді табысы көбіне HR менеджменттің тиімділігіне байланысты.

Әдебиеттер тізімі

1. Armstrong, M. Human Resource Management Practice. 14th ed. Kogan Page, 2017.
 2. Storey, J. Human Resource Management: A Critical Text. 4th ed. Thomson Learning, 2016.
 3. Dessler, G. Human Resource Management. 15th ed. Pearson, 2020.
 4. Marchington, M., Wilkinson, A. Human Resource Management at Work: People Management and Development. 6th ed. CIPD, 2016.
- Guest, D. Human Resource Management and Performance: A Review and Research Agenda. International Journal of Human Resource Management

МРНТИ 06.81.12

Кусайнов Ж. У., Есенгельдина А.С.

Есенгельдина А.С. – кандидат экономических наук, профессор
Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан,
г.Астана, Республика Казахстан, магистрант
zhanbol_79@mail.ru

АНАЛИЗ ОПЫТА ЦЕНООБРАЗОВАНИЯ НА ГАЗ: МИРОВОЙ ОПЫТ И ВОЗМОЖНОСТИ ЕГО ПРИМЕНЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ

На сегодняшний день газовая промышленность Республики Казахстан является важным сектором экономики, который способствует устойчивому долгосрочному развитию страны.

Природный газ играет ключевую роль в переходе к новой энергетической модели и зеленой экономике. Актуальность вопроса ценообразования на газ в Казахстане определяется множеством факторов, включая социальные, экономические и экологические.

Газ является важным источником энергии для Казахстана, и цена газа влияет на его экономику. Снижение цен на природный газ с 1 июля 2022 года на 20%, предпринятое Комитетом по регулированию естественных монополий, подчеркивает важность постоянного наблюдения и оценки ценовой политики. Это необходимо для стимулирования экономического роста и обеспечения доступности газа для населения и предприятий.

В Казахстане существует сложная система государственного регулирования цен на газ, которая включает в себя Комитет по регулированию естественных монополий и Министерство энергетики. Это требует разработки эффективных тарифных моделей, которые учитывают потребности поставщиков и потребителей.

Государственная политика Казахстана включает в себя регулирование цен, обеспечение доступности газа как для бизнеса, так и для населения, а также развитие газовой инфраструктуры.

Согласно Комплексного плана развития газовой отрасли, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 июля 2022 года №488 [1] предусмотрена разработка новой модели ценообразования на газ, которая будет учитывать интересы социально уязвимых групп населения. Это включает в себя сдерживание цен для определенных категорий потребителей, чтобы предотвратить резкие колебания цен и обеспечить доступность газа.

В этой связи важно рассмотреть опыт других стран, которые проводят конкурентную политику ценообразования на газ, а также определить возможности и ограничения применения рыночной модели для Казахстана.

В целях анализа политики ценообразования на газ нами был проведен обзор литературных источников, в которых рассмотрены идеи и методы повышения эффективности тарифообразования на газ. Для обзора мирового опыта реформирования тарифной политики на газ был использован контент-анализ отчетов, подготовленных страновыми регуляторами в Австралии, Европейском союзе.

Литература по политике тарифов на газ рассматривает множество идей и методов, которые используются во всем мире для создания эффективных структур ценообразования на природный газ.

Международный опыт установления тарифов на газ показывает широкий спектр подходов, на которые влияют изменения регионального рынка, нормативно-правовая база и развивающаяся среда торговли природным газом.

Различные страны осуществили реформы, которые служат примерами эффективной тарифной политики, среди которых выделяется опыт Грузии. Страна внедрила гибридную тарифную модель, которая сочетает в себе методологии «затраты плюс» и «доходный лимит». Этот подход направлен на улучшение нормативной базы, позволяя более эффективно рассчитывать тарифы и улучшать инвестиционные условия [2]. Грузия представила новые методы расчета тарифов в области электроэнергии и природного газа. Эти подходы к расчетам тарифов должны обеспечить прозрачность и эффективность, что важно для привлечения инвестиций и обеспечения справедливого ценообразования для потребителей и строительства новой инфраструктуры и обеспечения устойчивости энергоснабжения страны.

Турция также провела значительные реформы в своей энергетической отрасли, чтобы улучшить нормативную базу и тарифную политику страны. Эти усилия направлены на повышение устойчивости, продвижение возобновляемой энергии и привлечения инвестиций.

Правительство Турции внесло изменение в энергетические законы, такие как «Закон о горнодобывающей промышленности», «Закон о побережье», «Закон о рынке природного газа», «Закон о возобновляемых источниках энергии» и «Закон об энергоэффективности». Эти изменения были направлены на обеспечение совместимости с мировыми практиками, содействие созданию источников производства возобновляемой энергии, поддержка тех, кто сокращает потребление энергии и выбросы углерода в соответствии с международными стандартами, обеспечение единообразия в расчете зон сервитутов для линий электропередачи [3].

Австралийский регулятор энергетики (Australian Energy Regulator) в 2023 году провел обзор тарифов на газораспределительную сеть. Обзор сосредоточился на снижающихся блочных тарифах и механизмах изменения референтных тарифов. Обзор подчеркивает, что оценки необходимы для каждого отдельного случая, а не для общих изменений в отрасли, чтобы отразить различную зависимость от природного газа в разных юрисдикциях. В то время как некоторые отзывы заинтересованных сторон поддерживали сохранение ценовых ограничений, другие выступали за то, чтобы ограничения доходов соответствовали целям сокращения выбросов. В отчете подчеркивается, насколько важно соблюдать баланс эффективности и сокращать выбросы в тарифных структурах [4].

Исследование тарифных структур на транспортировку газа в Европе подчеркивает растущее значение конкурентоспособности на энергетическом рынке и безопасности поставок. В статье Макхольма и Олсона утверждается, что текущая тарифная модель не может стимулировать инвестиционные решения и использование сети. Авторы предполагают, что более эффективная модель тарификации может включать в себя взимание платы по предельным расходам при одновременном увеличении основной части доходов за счет компонентов, независимых от использования. Тем не менее, реализация таких реформ может быть затруднена из-за политических трудностей, особенно в отношении целей снижения выбросов углерода [5].

Исследование механизмов ценообразования на газ в Китае представляет модель торговли «газ-на-газ», основанной на теории кооперативных игр. Цель этой модели состоит в том, чтобы повысить эффективность рынка и ценообразование на развивающемся газовом рынке Китая. Она подчеркивает потенциал стратегий сотрудничества между участниками рынка для улучшения структур ценообразования и общей производительности рынка. Согласно исследованию, стимулирование конкуренции может привести к более выгодным для потребителей результатам ценообразования [6].

Анализ литературных источников позволяет выделить несколько современных подходов к эффективной политике тарифов на газ:

Прозрачность: для взаимодействия и доверия заинтересованных сторон необходимо иметь четкое представление о механизмах ценообразования и тарифных структурах.

Гибкость: тарифные схемы должны адаптироваться к изменениям на рынке, таким как изменения предложения и спроса.

Стимулы эффективности: тарифы должны стимулировать эффективное потребление газа и стимулировать инвестиции в инфраструктуру, которая поддерживает интеграцию возобновляемых источников энергии.

Консультации с заинтересованными сторонами: участие заинтересованных сторон в процессе установления тарифов может привести к более справедливым и приемлемым структурам ценообразования.

Возвращаясь к вопросам ценообразования «газ-на-газ» (*Gas-on-Gas Pricing*) отметим, что цены на газ в таких регионах, как Северная Америка и северо-западная Европа, зависят от местных динамик спроса и предложения. Ценообразование «газ-на-газ» — это метод ценообразования, который распространился благодаря либерализации рынка и созданию торговых центров, которые позволяют создавать прозрачные и конкурентоспособные структуры ценообразования (Таблица 1).

Таблица 1

Условия, влияющие на ценообразование «газ-на-газ»

Условия	Описание
Структура рынка	Многочисленные покупатели и продавцы работают в регионах ценообразования «газ-на-газ» с минимальным государственным вмешательством. В условиях конкуренции цены могут быть установлены на основе рыночных условий, а не стандартов.
Торговые хабы	Газ торгуется на стабильных торговых хабах, таких как Henry Hub в Соединенных Штатах и National Balancing Point (NBP) в Великобритании. Эти хабы предоставляют прозрачные ценовые данные, которые регулярно обновляются, что позволяет участникам рынка принимать разумные решения.
Доступ к инфраструктуре	Торговля газом облегчается широкой инфраструктурой трубопроводов и хранилищ в этих районах. Поскольку эта инфраструктура позволяет заключать как текущие, так и будущие контракты, покупатели могут покупать газ по заранее определенным ценам для будущих поставок.
Волатильность и эффективность	Гибкость ценообразования газа на газ может вызвать краткосрочную волатильность цен, поскольку цены быстро реагируют на изменения предложения и спроса. Тем не менее, эта система помогает участникам рынка лучше планировать свое финансовое положение, оптимизируя использование инфраструктуры.
Переход от индексации к нефтяным ценам	Многие регионы, особенно в северо-западной Европе, перешли на ценообразование, привязанное к газу. Несмотря на сопротивление традиционных поставщиков, таких как Россия и Норвегия, которые извлекали выгоду из предыдущих структур ценообразования, привязанных к нефтяному индексу, либерализация рынка, изменения в регулировании и создание конкурентной торговой среды привели к этому сдвигу.

Источник: Составлено на основании [7, 8]

Обращаясь к опыту Казахстана, можно выделить, что основными направлениями тарифной политики на газ являются вопросы ее гибкости, прозрачности, социальной ответственности и инвестиций в инфраструктуру (рисунок 1).

АО «НК «QazaqGaz» играет важную роль в обеспечении потребителей Республики Казахстан газом. Компания играет важную роль в развитии газовой отрасли страны в качестве национального оператора. АО «НК«QazaqGaz» также принимает участие в реализации реформ ценообразования и тарификации. В стратегии АО «НК«QazaqGaz» отмечается, что до 2032 года будут реализованы следующие вопросы:

- Внедрение новой цены для крупных коммерческих предприятий;
- Включение всех затрат оператора ГТС в тариф на транспортировку;
- Включение всех затрат операторов ГРС в тариф на распределение;

–Продвижение нормативной системы потребления.

Регулирование тарифов:	<ul style="list-style-type: none"> •Тарифы на газ устанавливаются с учетом необходимости поддержания стабильной работы газовой отрасли, что включает затраты на добычу, транспортировку и распределение газа.
Прозрачность и обоснованность	<ul style="list-style-type: none"> •Ключевым моментом является необходимость прозрачного установления тарифов, что помогает избежать перекрестного субсидирования и гарантирует справедливое распределение расходов среди потребителей.
Инвестиции в инфраструктуру	<ul style="list-style-type: none"> •Для поддержания и модернизации газовой инфраструктуры предусмотрены инвестиции, что требует установления соответствующих тарифов, обеспечивающих возврат вложенных средств.
Социальная ответственность	<ul style="list-style-type: none"> •При формировании тарифов принимаются во внимание социальные факторы, чтобы предотвратить чрезмерную нагрузку на население, особенно в условиях экономической нестабильности.
Гибкость тарифной политики	<ul style="list-style-type: none"> •Внедрение механизмов, позволяющих быстро адаптироваться к изменениям на рынке, включая колебания цен на сырьевые ресурсы, способствует более эффективному управлению отраслью.

Рисунок 1 – Основные направления тарифной политики

Государственное регулирование цен на газ в Казахстане осуществляется на основе законодательства, включая Закон «О газе и газоснабжении». Установление предельных цен на оптовую и розничную реализацию товарного газа осуществляется каждые пять лет, с возможностью корректировки один раз в год в зависимости от изменений в ценах на газ и тарифах на транспортировку [9].

Внедрение элементов рыночного ценообразования и предоставление независимым поставщикам доступа к газотранспортной сети может помочь Казахстану повысить конкуренцию и снизить цены для конечных потребителей.

Казахстан может использовать опыт ценообразования «газ-на-газ», но это потребует учета нескольких особенностей казахстанского рынка и его текущей структуры.

Согласно механизму «газ-на-газ», цена газа зависит от конкуренции между газовыми поставщиками. Казахстан может создать конкурентный рынок, что повысит ценообразование и снизит цены для потребителей. Этого можно достичь путем стимулирования инвестиций в инфраструктуру и предоставления независимым поставщикам доступа к газотранспортной системе.

Ценообразование «газ-на-газ» может повысить прозрачность тарифной политики, что позволит потребителям лучше понять структуру цен и факторы, влияющие на них. Это также может способствовать лучшему планированию для клиентов и поставщиков, а также более эффективному распределению ресурсов.

В настоящее время в Казахстане существует система государственного регулирования цен на газ, что может сделать реализацию модели «газ-на-газ» сложной задачей. Чтобы обеспечить более свободное ценообразование, необходимо изменить законодательство и регулирование.

Для реализации модели «газ-на-газ» необходимо иметь развитую инфраструктуру для транспортировки и распределения газа. Чтобы Казахстан мог эффективно функционировать на рынке, он должен инвестировать в модернизацию и расширение своей газовой сети.

Государственная политика ценообразования на газ в Казахстане направлена на создание устойчивой, сбалансированной системы, которая учитывает интересы производителей и потребителей. Данная политика должна способствовать устойчивому развитию газового сектора страны за счет эффективного регулирования цен, строительства инфраструктуры и поддержки социально уязвимых групп населения.

Дерегулирование рынка газа осуществляется постепенно в рамках Комплексного плана развития газовой отрасли на 2022–2026 годы. Это включает в себя развитие биржевых торгов, создание конкурентной модели и обеспечение независимым поставщикам газа равного доступа к ресурсам

недропользователей, что должно способствовать привлечению частных инвестиций и улучшению рыночной ситуации.

Адаптация опыта ценообразования «газ-на-газ» в Казахстане возможна, но требует комплексного подхода, включающего реформы в регулировании, развитие инфраструктуры и учет социальных аспектов. Успешная реализация этой модели может способствовать улучшению конкурентоспособности казахстанского газового сектора и обеспечению более эффективного ценообразования.

Список литературы

1. Правительство Республики Казахстан. (2022). Об утверждении Комплексного плана развития газовой отрасли Республики Казахстан на 2022 – 2026 годы (Постановление от 18 июля 2022 года № 488). <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000488>
2. Georgian National Energy and Water Supply Regulatory Commission. (2023). Natural gas tariff setting methodology. <https://gnerc.org/files/Legal%20Acts%20in%20english/Natural%20Gas%20Tariff%20Setting%20Methodology%20Eng%202027.06.2023.pdf>
3. Kesikli Law Firm. (2024, May 16). Regulatory amendments on energy sector. <https://kesikli.com/news-insight/2024-05-16-regulatory-amendments-on-energy-sector/>
4. Australian Energy Regulator. (2023). Gas distribution network tariffs review 2023. <https://www.aer.gov.au/industry/registers/resources/reviews/gas-distribution-network-tariffs-review-2023>
5. Makhholm, J. D., & Olson, W. P. (2021). Gas transmission tariff structures in Europe: Challenges and opportunities. Florence School of Regulation, European University Institute. <https://cadmus.eui.eu/bitstream/handle/1814/69775/QM-04-21-032-EN-N.pdf>
6. Xutao, R., Lianyong, F., & Jingxuan, F. (2020). A gas-on-gas competition trading mechanism based on cooperative game models in China's gas market. *Renewable and Sustainable Energy Reviews*, 113, 109248. <https://doi.org/10.1016/j.rser.2019.06.052>
7. The Independent natural gas information site (n.d.). Gas pricing & contracts. <https://www.natgas.info/gas-information/what-is-natural-gas/gas-pricing-contracts>
8. Geoexp. (n.d.). Why is natural gas priced differently around the world? <https://geoexp.com/why-is-natural-gas-priced-differently-around-the-world/>
9. Министерство энергетики Республики Казахстан. (2023). Об утверждении предельных цен оптовой реализации товарного газа на внутреннем рынке Республики Казахстан (Приказ от 6 июня 2023 года № 210). Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 7 июня 2023 года № 32715. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032715>

ҒТАХА 06.52.12

Қ.Құрманәлі, А.Джавланбеков, А.О. Мусабекова
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
abdulaziz.04@icloud.com

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДАҒЫ ТИІМДІ БАСҚАРУ МЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Бұл мақала қазіргі заманғы кәсіпорындардағы тиімді басқару мен экономикалық тұрақтылықтың өзара байланысын талдап, олардың дамуындағы негізгі факторларды қарастырады. Бүгінгі таңда нарықтық экономика жағдайында кәсіпорындар өз қызметін тұрақты дамыту үшін тиімді басқару мен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету маңызды болып отыр. Бұл екі аспект бір-бірімен тығыз байланысты және компанияның ұзақ мерзімді табысты жұмыс істеуі үшін шешуші рөл атқарады. Қазіргі заманғы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігі мен ұзақ мерзімді табысты дамуы үшін экономикалық тұрақтылық пен тиімді басқару жүйесі өте маңызды. Әлемдік нарықта орын алып отырған қарқынды өзгерістер, технологиялық жаңалықтар, жаһандану үрдісі кәсіпорындардың алдында жаңа

сын-қатерлерді туғызуда. Осы жағдайда тиімді басқару жүйесі экономикалық тұрақтылыққа жетудің негізгі факторы болып табылады.

Тиімді басқару – бұл ұйымдағы ресурстарды (қаржылық, материалдық, адами және т.б.) ең аз шығынмен және максималды нәтижемен пайдалануға бағытталған кешенді процесс. Бұл мақалада қазіргі заманғы кәсіпорындардағы тиімді басқару мен экономикалық тұрақтылықтың өзара байланысына назар аударамыз. Оның негізгі мақсаты – ұйымның стратегиялық мақсаттарына жету үшін барлық процестер мен қызметкерлердің жұмысын үйлестіру және оңтайландыру. Тиімді басқару ұйымға бәсекеге қабілеттілікті сақтап қалуға, нарықтағы өзгерістерге тез бейімделуге және ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізуге көмектеседі. Тиімді басқару – ұйымның мақсаттарына жетуі үшін қызметкерлердің мүмкіндіктерін барынша пайдалану деп сипатталады [1,4].

Тиімді басқарудың негізгі аспектілерінің бірі – жоспарлау болып табылады. Ұйымдастыру үдерісіндегі жоспарлау кәсіпорынның стратегиялық және тактикалық мақсаттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жерде нарықтық жағдайларды, бәсекелестерді, тұтынушылардың қажеттіліктерін және жаңа технологиялық мүмкіндіктерді есепке алу маңызды. Жоспарлау барысында кәсіпорын өз ресурстарын, нарықтық жағдайларын, бәсекелестерді және тұтынушылардың сұраныстарын зерттейді. Стратегиялық жоспарлауның тиімділігі кәсіпорынның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Тиімді басқарудың жоспарлау үдерісінен кейін, ұйымдастыру ресурстарды дұрыс орналастыру және қызметкерлердің міндеттерін нақтылауды қажет етеді. Бұл басқару үдерісінің құрылымын қалыптастыру мен жұмыс тиімділігін арттыруға бағытталған. Қазіргі кезде мотивацияны арттыру үшін материалдық және материалдық емес ынталандыру тәсілдері қолданылады. Бизнес нәтижелерін қадағалау және жоспарланған көрсеткіштерге сәйкестігін бағалау үшін талдау керек. Бұл үдерісте қаржылық есептерді талдау, өнімділікті бағалау, және қажет болған жағдайда түзетулер енгізу маңызды рөл атқарады. Тиімді басқару кәсіпорынның ішкі және сыртқы өзгерістерге жедел жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл нарықтағы бәсекелестік ортада маңызды, себебі жаңа трендтер мен өзгерістерге бейімделе білу тұрақты дамуды қамтамасыз етеді [2].

Экономикалық тұрақтылық кәсіпорынның сыртқы және ішкі факторларға қарамастан қаржылық тұрақтылығын сақтай отырып, ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ету қабілетін сипаттайды. Экономикалық тұрақтылықтың негізгі көрсеткіштері қаржылық тұрақтылық – кәсіпорынның өз міндеттемелерін уақытында және толық орындай алу қабілеті. Бұл тұрақты қаржы ағымдарының болуы, қарыздардың минималды деңгейі және инвесторларға тұрақты табыс әкелу. Кәсіпорынның ресурстарды тиімді пайдалану арқылы өндіріс көлемін арттыруы өнімділік болады. Бұл көрсеткіш еңбек өнімділігі мен капитал тиімділігін қамтиды. Экономикалық тұрақтылықтың нарықтағы орны кәсіпорынның нарықтағы үлесі және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Ұзақ мерзімді тұрақтылық үшін кәсіпорын тұрақты түрде инновацияларды енгізіп, нарықтағы позициясын нығайтып отыруы қажет. Сыртқы және ішкі тәуекелдерді болжап, олардың ықтимал әсерін төмендету шараларын қабылдау тәуекелді басқару болып табылады. Экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін кәсіпорынға ұзақ мерзімді жоспарлау, тәуекелдерді басқару және тұрақты қаржылық бақылау қажет. Сонымен қатар, нарықтың талаптарына сәйкес бейімделу қабілеті де маңызды рөл атқарады [3].

Тиімді басқару мен экономикалық тұрақтылық тығыз байланысты екі элемент болып табылады. Кәсіпорынның тұрақтылығы тиімді басқару жүйесіне тәуелді, ал керісінше, тұрақты кәсіпорын тиімді басқару арқылы өз позициясын күшейте алады. Бұл байланысты қаржылық басқару және бюджеттеу аспектісінен көруге болады. Ол тиімді қаржылық басқару кәсіпорынға өз ресурстарын дұрыс бөліп, шығындарды бақылап, табысты арттыруға мүмкіндік береді. Бұл экономикалық тұрақтылықтың негізгі факторы болып табылады. Ал инновациялық басқару – жаңа технологияларды енгізу мен жанашылдыққа қолдау көрсету кәсіпорынның нарықтағы бәсекелестік артықшылығын күшейтеді. Жаңа технологияларды

енгізу кәсіпорынның жұмысын жеңілдетіп, тиімділігін арттырады. Мысалы, автоматтандыру, цифрландыру және жаңа өндірістік технологиялар арқылы кәсіпорындардың операциялық шығындары төмендейді. Бұл тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді. Тиімді басқарудағы стратегиялық басқару ұзақ мерзімді стратегияны дұрыс жоспарлау кәсіпорынның нарықтағы орны мен қаржылық тұрақтылығын сақтап, оның даму бағытын нақтылайды. Бұл, өз кезегінде, тұрақтылықтың негізгі шарты болып саналады. Келесі бір шарты кризистік басқару және тәуекелділік сыртқы және ішкі тәуекелдерге қарсы тез арада әрекет ету қабілеті кәсіпорынның тұрақтылығын сақтап, күтпеген қиындықтардан қорғап тұрады [4,5].

Қазіргі нарықтық жағдайларда кәсіпорындардың экономикалық тұрақтылығы көп жағдайда басқарудың тиімділігіне байланысты. Әлемдік экономикадағы өзгерістер, жаһандану үрдісі және бәсекелестіктің күшеюі кәсіпорындар алдында жаңа міндеттер қойып отыр. Бұл жағдайда технологиялық даму факторы басқару жүйесінде маңызды болып табылады, яғни кәсіпорындар үнемі технологияларды жаңартып, автоматтандыру үдерістерін енгізіп отыруы қажет. Осы өнімділікті арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді. Мүмкіндіктегі негізіміз адам ресурстарын басқару – қызметкерлердің біліктілігін арттыру, оларды тиімді пайдалану және мотивацияны күшейту кәсіпорынның ұзақ мерзімді табысты дамуына әсер етеді. Тұтынушылардың сұраныстары мен қажеттіліктерін дәлме-дәл болжау және олармен тұрақты байланыста болу кәсіпорынның нарықтағы орнын клиенттермен қарым-қатынас күшейтеді. Тұтынушылармен тиімді байланыс орнату, олардың қажеттіліктерін түсіну, тұтынушылардың пікірлеріне назар аудару кәсіпорынның нарықтағы позициясын нығайтады. Тұтынушылардың қанағаттануын арттыру үшін өнімдер мен қызметтердің сапасын тұрақты түрде жақсарту қажет [6].

Кәсіпорындар үшін тиімді басқарудың стратегиялық аспектілері аса маңызды. Тиімді басқару арқылы кәсіпорындар нарықтағы өз орнын нығайтып, бәсекелестермен салыстырғанда артықшылыққа ие болады. Нарықтағы трендтер мен өзгерістерді зерттеу, кәсіпорынның өз өнімдері мен қызметтерін уақытында жаңартып, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Нарықтық зерттеулер тұтынушылардың қажеттіліктерін және бәсекелестердің әрекеттерін болжауға көмектеседі. Инновациялар кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы болып табылады. Жаңа өнімдер, қызметтер, технологиялар мен өндірістік әдістерді енгізу арқылы кәсіпорындар өз өнімдерінің сапасын арттырып, нарықта ерекшелене алады. Инновациялық басқару экономикалық тұрақтылықтың негізгі факторы болып табылады [7,8].

Қорытындылай келе тиімді басқару мен экономикалық тұрақтылық қазіргі заманғы кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің басты шарты болып табылады. Тиімді басқару жүйесінің элементтері, стратегиялық жоспарлау, инновациялар енгізу, нарықтық зерттеу, кадрлық саясат, бизнес-процестерді оңтайландыру, тәуекелдерді басқару және цифрландыру кәсіпорындардың тұрақтылығын арттыруға көмектеседі. Кәсіпорындардың жаһандық өзгерістерге икемділігі, олардың нарықтағы өзгерістерге жедел жауап беру қабілеті, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды аспектілері болып табылады. Кәсіпорындар тиімді басқару жүйесін жетілдіру, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, инновацияларды енгізу және тұрақты даму стратегияларын әзірлеу арқылы нарықтағы орнын нығайта алады. Тек осындай кешенді тәсілдер кәсіпорындарды бәсекелестік ортада табысты етуге және экономикалық тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді. Осылайша, тиімді басқару мен экономикалық тұрақтылықтың өзара байланысы кәсіпорындардың стратегиялық дамуында маңызды рөл атқарады.

Әдебиеттер тізімі

1. Питер Друкер 1973 - "Management: Tasks, Responsibilities, Practices"
2. Мамыров, Н. Кәсіпорындардағы тиімді басқару. Алматы: Экономика, 2021.
3. Рамазанова, Г. Экономикалық тұрақтылық пен басқарудың тиімділігі. Вестник КИМЭП, 2(1), 2021,15-25.

4. Омаров, С. Тәуекелдерді басқару: теориясы мен тәжірибесі. Астана: Экономикалық зерттеулер институты 2021.
5. Kotter, J. P. (2012). Leading Change. Harvard Business Review Press.
6. Mintzberg, H. (2009). Managing. Berrett-Koehler Publishers.
7. Молдабаев, А. Цифрландыру және бизнестегі инновациялар. Алматы: ЖШС “Технопринт” 2022.
8. Porter, M. E. Competitive Advantage: Creating and Sustaining Superior Performance. Free Press 2008.

ҒТАХА 06.61.01

А. Қ. Қайыржан, А. Шмидт, А.О. Мусабекова
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
anelsmidt@gmail.com, arujankaijan@icloud.com

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІҢ ДАМУЫ

Шағын және орта бизнес (ШОБ) кез келген елдің экономикасының маңызды секторы болып табылады. Әлемнің көптеген елдерінде ШОБ жалпы экономикалық өсуге, жұмыс орындарын құруға және халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға елеулі үлес қосып келеді [1]. ШОБ икемділігімен, инновацияларға жылдам бейімделуімен және жергілікті нарықтарды толтыру қабілетімен ерекшеленеді. Қазақстан да бұл тұрғыдан ерекшеленбейді. Елдегі ШОБ секторы экономиканың өсуінде маңызды рөл атқарады және оның дамуы экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізудегі басты құралдардың бірі болып табылады [2].

Қазақстанның стратегиялық мақсаттарының бірі – экономиканы әртараптандыру, ал ШОБ бұл бағытта басты қозғаушы күш болып саналады. Мұнай мен газға тәуелділікті азайту және түрлі салаларды дамыту үшін ШОБ секторын күшейту аса маңызды [3]. Қазақстандағы ШОБ тек сауда мен қызмет көрсету салаларында ғана емес, ауыл шаруашылығы, өндіріс, ІТ және туризм сияқты салаларда да қарқынды дамып келеді [4]. Соңғы жылдары мемлекет шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау үшін бірқатар шаралар қабылдап, арнайы бағдарламалар әзірледі. Олардың ішінде несиелерді субсидиялау, бизнесті оқыту бағдарламалары, салық жеңілдіктері және кәсіпкерлікті қолдау орталықтарының құрылуы маңызды рөл атқарады [5].

Бұл мақалада Қазақстандағы шағын және орта бизнестің қазіргі жағдайы, оның дамуы, негізгі көрсеткіштері мен мысалдары қарастырылады. Сонымен қатар, мемлекеттің ШОБ-ты қолдау бағытындағы шаралары және осы сектордың болашақтағы даму мүмкіндіктері туралы талқыланады. Қазақстандағы ШОБ секторы жыл сайын дамып келе жатыр. Мемлекет бұл секторды қолдау үшін түрлі бағдарламалар мен бастамалар қабылдауда. 2023 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстандағы ШОБ үлесі елдің ішкі жалпы өнімінің (ІЖӨ) шамамен 33%-ын құрады, бұл осы саланың ел экономикасына айтарлықтай үлес қосып жатқанын көрсетеді [6].

ШОБ-тың ел экономикасындағы рөлін көрсететін бірқатар маңызды статистиканы атап өтуге болады:

- 2023 жылдың соңына қарай Қазақстанда ресми түрде тіркелген ШОБ субъектілерінің саны шамамен 1,3 миллионды құрады [4]. Бұл көрсеткіш алдыңғы жылдармен салыстырғанда тұрақты өсімді көрсетеді, және бұл сала ел экономикасындағы негізгі сегменттерінің бірі болып қала береді.

- ШОБ секторында жұмыспен қамтылған адамдар саны 3,5 миллионнан асты, бұл жұмыс күші санының елеулі бөлігін құрайды [6]. Яғни, Қазақстандағы жұмыс істеп жатқан азаматтардың шамамен үштен бірі шағын және орта бизнесте қызмет етеді, бұл халықты жұмыспен қамтудың маңызды көзі болып табылады.

- Шағын және орта бизнес арқылы жасалатын өнімдердің немесе қызметтердің көлемі жыл сайын өсіп келеді, әсіресе сауда, қызмет көрсету және өнеркәсіп секторларында белсенділік байқалады. 2023 жылы ШОБ субъектілерінің елдің жалпы ішкі өніміне қосқан үлесі 33%-дан асты, бұл ШОБ-тың Қазақстан экономикасының маңызды қозғаушы күші екенін көрсетеді [6].

ШОБ секторының дамуына Қазақстан үкіметі айтарлықтай қолдау көрсетіп келеді. Мемлекеттік деңгейде кәсіпкерлікті дамыту үшін заңнамалық негіздер жасалып, қаржылық және инфрақұрылымдық қолдау көрсету жолдары жетілдірілуде. Бірқатар мемлекеттік бағдарламалар шағын және орта бизнесті

қолдауға және дамытуға бағытталған. Солардың ішіндегі ең маңызды бастамалардың бірі - «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы [3]. Бұл бағдарлама бірнеше бағытта жүзеге асырылып, ШОБ субъектілеріне келесі қолдау түрлерін ұсынады:

- Пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау: кәсіпкерлерге банк несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерін төмендетуге көмектеседі, бұл бизнестің қаржылық жүктемесін азайтады.

- Банк несиелерін кепілдендіру: бұл шара, әсіресе, кепілге қоятын мүлкі жеткіліксіз кәсіпкерлерге үлкен көмек көрсетеді. Олар қажетті несиені алу мүмкіндігіне ие болады [5].

- Бизнесті оқыту және кеңес беру: кәсіпкерлерге бизнесті тиімді басқару, маркетинг, қаржы және құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру мен оқыту курстары ұйымдастырылады.

- Шағын бизнесті дамытуға арналған инфрақұрылымдық қолдау: индустриалды аймақтар мен кәсіпкерлік орталықтар құру арқылы кәсіпкерлерге өндірісті бастауға немесе кеңейтуге қолайлы жағдайлар жасалады [5].

Бағдарламаның аясында 2023 жылы 20 000-нан астам кәсіпкерге қолдау көрсетілді. Олардың ішінде стартап жобалардан бастап, үлкен жобаларды жүзеге асырып отырған кәсіпорындарға дейін бар. Бағдарлама арқылы стартаптарға алғашқы қадамдарын жасауға мүмкіндік берілсе, орта және ірі жобаларға өндірістік қуаттарын арттыруға және жаңа нарықтарға шығуға жағдай жасалды. Мысалы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауымен бірқатар өндірістік және қызмет көрсету салаларында айтарлықтай өсім байқалып, олар экономикаға қосымша құн әкелуде [6].

Қазақстандағы шағын және орта бизнес секторы даму үстінде болғанымен, бірқатар қиындықтарға да тап болып отыр. Бұл кедергілер саладағы өсуді тежеп, көптеген кәсіпкерлердің толықтай дамуына кедергі жасайды. Негізгі қиындықтар мыналар:

1. Қаржыландыруға қолжетімділік.

ШОБ субъектілерінің қаржыландыру көздеріне қол жеткізуі көбіне күрделі процесс болып табылады. Банктер тарапынан кепілдеме талаптары, жоғары пайыздық мөлшерлемелер және ұзақ мерзімді несие берудің шектеулі болуы көптеген кәсіпкерлер үшін қиындық туғызады [6]. Кәсіпкерлердің көпшілігі кепілзатқа жарамды мүліктің болмауы немесе оның құны жеткіліксіздігіне байланысты қажетті қаражатты ала алмайды. Сондай-ақ, стартаптар үшін банктердің несиелік тарихқа көп мән беруі оларды қаржыландыру мүмкіндігінен айырады.

2. Инфрақұрылымдық шектеулер.

Кейбір аймақтарда бизнеске қажетті инфрақұрылым дамымаған, бұл әсіресе ауылдық жерлерде ШОБ-тың дамуын тежеуі мүмкін [7]. Ауылдық аймақтарда электр қуатының тұрақсыздығы, жолдардың нашарлығы, логистикалық қиындықтар мен жеткілікті интернеттің болмауы бизнес жүргізуді қиындатады. Бұл ШОБ субъектілерінің қалалармен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, олардың дамуын тежейді.

3. Құқықтық кедергілер.

Кәсіпкерлікке байланысты заңнамалар мен салықтық жүйенің күрделілігі де шағын бизнеске ауыртпалық түсіретін факторлардың бірі. Кәсіпкерлер салық есептілігін өткізу, әртүрлі лицензиялар мен рұқсаттарды алу кезінде бюрократиялық кедергілерге тап болады. Салық жүйесінің жиі өзгеруі де кәсіпкерлерге қосымша қиындықтар тудырады, себебі олар салықтық ережелерді қадағалап, өз қызметін жаңа талаптарға сай бейімдеуге мәжбүр болады [8].

4. Кәсіпкерлердің біліктілігі.

ШОБ-ты басқару мен оны дамытуға қажетті білім мен дағдылардың жетіспеушілігі де саладағы өсуді тежейді. Көптеген кәсіпкерлерде маркетинг, қаржылық жоспарлау, заңнамалық талаптар мен басқару мәселелері бойынша жеткілікті білім жоқ. Бұл олардың бизнесін тиімді жүргізуіне және ұзақ мерзімді табысқа жетуіне кедергі жасайды. Әсіресе, стартап иелеріне бизнесті тиімді басқаруға арналған білімдер мен кеңестер қажет [9].

Қазақстанда табысқа жеткен кәсіпкерлерге мысалдар келтірсек: «Green Tal» стартапы. Қазақстанда экологиялық таза өнімдер өндіруге бағытталған бизнес [8]. «Green Tal» стартапы бастапқыда тек шағын өндіріс орнында жұмыс істеп, кейіннен мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен қаржыландыру алып, өз өндірісін кеңейтті. Қазіргі уақытта компания жергілікті және халықаралық нарыққа экологиялық өнімдер жеткізуде. Стартаптың табысы экологияға мән беретін тұтынушыларға өнім ұсынуға деген жоғары сұраныспен тікелей байланысты. Және тағы бір мысал «Koktem Group» стартапы [9]. Қазақстандағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін орта бизнес субъектісі. Компания 2010 жылы құрылған және қазір елдің түрлі аймақтарында ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру және қайта өңдеу бойынша жұмыс жасайды. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары

арқылы компания заманауи технологияларды енгізіп, өнім сапасын арттырды. Бұл компанияның мысалы ауыл шаруашылығы саласындағы бизнесті дамытудың жарқын үлгісі болып табылады. Компания инновациялық шешімдерді қолдану арқылы нарықтағы орнын нығайтып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырды. Осы және басқа да табысты жобалар Қазақстандағы ШОБ субъектілерінің дұрыс стратегиялар мен қолдау арқылы табысқа жету мүмкіндігі бар екенін дәлелдейді.

Қазақстандағы ШОБ дамуы аймақтар бойынша әртүрлі деңгейде жүзеге асып келеді. Мысалы, Алматы, Астана және Шымкент қалаларында шағын және орта бизнес дамудың жоғары деңгейін көрсетіп отыр. Бұл қалаларда бизнеске қолайлы инфрақұрылым, ірі нарықтарға жақындық, жоғары білімді жұмыс күші және қаржыландыруға қол жеткізу мүмкіндіктері бар. Мұндай қалаларда кәсіпкерлікке қажетті барлық ресурстар қолжетімді, сондықтан мұнда бизнес ашу және дамыту әлдеқайда жеңіл. Жоғары тұтынушылық сұраныс, қызмет көрсету мен сауда саласындағы бәсекелестіктің дамуы осы қалалардағы ШОБ-тың өркендеуіне ықпал етеді.

Алайда, ауылдық жерлерде және кішігірім қалаларда ШОБ дамуы айтарлықтай төмен деңгейде. Инфрақұрылымның әлсіздігі, нарықтың шағын болуы және қаржылық ресурстардың шектеулігі сияқты факторлар бұл аймақтардағы ШОБ-тың дамуын қиындатады. Ауылдық аймақтарда кәсіпкерлер жол, электрмен қамтамасыз ету және логистикалық желілердің дамымауы секілді инфрақұрылымдық мәселелерге тап болады. Сонымен қатар, осы аймақтарда тұтынушылық сұраныстың төмендігі және тұрғындардың табысының аздығы бизнес үшін тартымды орта қалыптастырмайды.

Мемлекет бұл мәселені шешу үшін аймақтарға бағытталған арнайы бағдарламаларды енгізіп, субсидиялар мен гранттарды ұсынуда [10]. "Ауыл – Ел бесігі", "Еңбек" бағдарламалары ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған. Бұл бағдарламалар арқылы ауыл кәсіпкерлеріне несиелер беру, инфрақұрылымды дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері қарастырылуда. Атап айтқанда, "Бизнестің жол картасы – 2025" бағдарламасы аймақтардағы кәсіпкерлерге қолайлы жағдай жасауға бағытталған шаралармен бірге келеді, олар пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, инфрақұрылымдық қолдау көрсету және кәсіпкерлерді оқыту сияқты бағыттарды қамтиды.

Қазақстандағы шағын және орта бизнестің дамуы ел экономикасы үшін стратегиялық маңызды бағыт болып табылады. ШОБ секторы жұмыс орындарын құруға, ішкі нарықтың дамуына және экономиканың әртараптандырылуына елеулі үлес қосады. Көптеген сарапшылар Қазақстанның экономикалық тұрақтылығы мен дамуының негізгі факторларының бірі ретінде ШОБ секторының әлеуетін айтады. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары және кәсіпкерлік мәдениеттің дамуы бұл секторды одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта, қаржыландыруды жақсарту, инфрақұрылымды дамыту және кәсіпкерлерге арналған құқықтық ортаны жеңілдету арқылы Қазақстандағы ШОБ секторының әлеуетін толық іске асыруға болады. Бұл шаралар кәсіпкерлердің жаңа идеялар мен жобаларды жүзеге асыруына жағдай жасай отырып, жалпы экономикалық өсуге оң ықпалын тигізеді. ШОБ секторын қолдау елдің экономикалық құрылымын әртараптандыруды жалғастырумен қатар, аймақтық теңсіздікті жоюға да мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. Қазақстан халқына жолдау. – Астана, 2017.
2. Әділов Б. Қазақстан экономикасын әртараптандырудағы шағын және орта бизнестің рөлі. Экономикалық шолу. 2023.
3. "Бизнестің жол картасы – 2025" бағдарламасы. ҚР Ұлттық экономика министрлігі.
4. Қазақстан Республикасының Статистика комитеті. Шағын және орта бизнес бойынша статистикалық деректер, 2023.
5. Қазақстандағы кәсіпкерлікті дамыту қоры "Даму" есебі, 2023.
6. Сапарова М. Ауылдық жерлердегі ШОБ дамуы: мәселелері және шешу жолдары. Экономика және Бизнес журналы, 2022.
7. "Ауыл – Ел бесігі" бағдарламасы. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.
8. Green Tal стартапы: экологиялық өнімдер өндірісі. Forbes Kazakhstan, 2023.
9. Koktem Group компаниясы туралы мәліметтер. Ауыл шаруашылығының дамуы. KazAgroTimes, 2023.
10. Қазақстанның стратегиялық даму жоспары – 2050. ҚР Үкіметі.

І. Қырықпа, А. Қазнабай, А.О. Мусабекова
 Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
 Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
a.kaznabay@mail.ru

МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Бұл мақалада менеджменттің ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлі қарастырылады. Ұлттық экономика үшін менеджменттің тиімділігі бәсекеге қабілеттілікке тікелей әсер етеді, себебі ол кәсіпорындар мен ұйымдардың тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Менеджмент жүйелері арқылы ресурстарды тиімді пайдалану, инновацияларды енгізу және стратегиялық жоспарлау сияқты факторлар ұлттық экономиканың жаһандық нарықтағы орнына әсер етеді. Бұл мақалада осы процестердің механизмдері мен ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қолданылатын менеджмент құралдары зерттеледі.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі – мемлекеттің халықаралық нарықта өнімдері мен қызметтерінің сапасы мен бағасы бойынша бәсекеге түсу қабілеті. Экономиканың тиімділігі көбінесе дұрыс ұйымдастырылған менеджментке байланысты. Қазіргі кезде менеджмент тек кәсіпорын деңгейінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық деңгейде де маңызды рөл атқарады. Ұйымдардың ішкі тиімділігін арттыру, ресурстарды тиімді пайдалану, инновациялар мен технологияларды енгізу және сыртқы нарықтарға шығу стратегияларын құру секілді міндеттер менеджменттің негізгі бағыттары болып табылады. Бұл процестер ұлттық экономиканың дамуына ықпал етіп, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Менеджменттің анықтамасы және оның рөлі. Менеджмент – бұл ұйымдарды басқару және олардың тиімділігін арттыру үшін қолданылатын әдістер мен тәжірибелер жиынтығы. Ол стратегия құрудан бастап, кадрларды басқару, ресурстарды жоспарлау және инновацияларды енгізуге дейінгі барлық кезеңдерді қамтиды. Менеджменттің басты мақсаты – ұйымдардың алға қойған мақсаттарына тиімді жетуін қамтамасыз ету. Ұлттық экономика деңгейінде менеджмент бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды құралы ретінде қарастырылады, себебі ол ресурстарды тиімді пайдалану мен жаңа технологияларды енгізу арқылы экономикалық өсуге ықпал етеді [1].

Әлемдік тәжірибеде менеджменттің ұлттық экономикаға ықпалын нақты мысалдармен көрсетуге болады. Мысалы, Оңтүстік Кореяның дамуы кезінде мемлекет пен ірі корпорациялар арасындағы стратегиялық серіктестік елдің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді. Samsung және Hyundai сияқты ірі компаниялар тиімді менеджмент жүйелері арқылы жаһандық нарыққа шығып, әлемдік көшбасшылардың қатарына кірді. Бұл компаниялардың жетістігі елдің жалпы экономикасына оң әсер етті. Осыдан ұлттық деңгейдегі менеджменттің бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы рөлін байқауға болады.

Бәсекеге қабілеттілік ұғымы және оның көрсеткіштері. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне әсер ететін негізгі факторлар – инновация, технологиялық даму, өндірістік тиімділік және сыртқы нарықтарда өнімнің тартымдылығы [2]. Бұл көрсеткіштерді арттыру үшін менеджмент құралдары тиімді қолданылуы қажет. Кәсіпорындар менеджментті өндіріс тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен бірге сыртқы нарықтарға шығу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инновациялар маңызды рөл атқарады. Мысалы, Германияның автомобиль өнеркәсібі – инновациялық менеджмент пен технологиялық дамудың айқын мысалы. BMW және Mercedes-Benz сияқты компаниялар инновацияға бағытталған менеджмент стратегияларының арқасында жаһандық нарықта тұрақты бәсекеге қабілеттілікке ие. Олар жаңа технологияларды енгізу арқылы өнімдерінің сапасын арттырып, бәсекелестерінен озық болуда. Бұл Германия экономикасының жаһандық деңгейде мықты бәсекеге қабілетті болуына әсер етті.

Менеджмент құралдары және әдістері. Менеджменттің ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ету үшін қолданылатын негізгі құралдарына мыналар жатады:

- Стратегиялық басқару: ұйымның болашақ даму бағытын анықтау және сол бағытта жүйелі жұмыс істеу. Ұлттық деңгейде бұл экономикаға ұзақ мерзімді даму мақсаттарын белгілеу үшін қажет [3].

- Инновацияларды басқару: жаңа технологияларды енгізу және оларды экономиканың әртүрлі секторларында пайдалану. Инновациялық менеджмент ұлттық экономикаға жаңа өнімдер мен қызметтер енгізу арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға мүмкіндік береді [4].
- Кадрлық менеджмент: қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру және олардың жұмыс тиімділігін күшейту. Ұлттық деңгейде жоғары білікті мамандарды даярлау арқылы еңбек өнімділігі артады [5].
- Қаржылық менеджмент: кәсіпорындардағы қаржылық ағындарды басқару және капиталды тиімді пайдалану ұлттық экономиканың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Стратегиялық басқарудың табысты жүзеге асуына Финляндия мысал бола алады. Бұл ел өзінің білім беру және инновациялық стратегияларын менеджмент құралдары арқылы жетілдіріп, әлемдік білім беру жүйесіндегі көшбасшылық орнын алды. Сонымен қатар, кадрлық менеджменттің тиімділігі елдегі кадрлар даярлау жүйесінің дамуына әкеліп, еңбек өнімділігін арттырды. Осыған ұқсас нәтижелерді Қытай да көрсетті. Қытайдың қаржылық және стратегиялық басқару арқылы ұлттық экономиканы жаһандық аренаға шығарып, жылдам өсіп келе жатқан экономикалық державаға айналғаны стратегиялық менеджменттің қаншалықты маңызды екенін дәлелдейді.

Жаһандық нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру. Жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі елдің сыртқы экономикалық саясатына және халықаралық саудадағы орнын анықтауға байланысты. Менеджменттің стратегиялық рөлін жүзеге асыру үшін мемлекеттер тұрақты даму стратегияларын енгізіп, сыртқы нарықтарға бейімделуі керек [1].

Жапонияның халықаралық нарықтағы жетістігі – жаһандық нарықта бәсекеге қабілеттілікке жетудің бір үлгісі. Елдің үкіметі мен кәсіпорындары инновацияларға инвестиция құйып, сыртқы нарықта тиімді басқару стратегияларын енгізді. Toyota компаниясының халықаралық аренада автомобиль өндірісіндегі жетекші рөл атқаруы – бұл басқарудың жаһандық нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы сәтті мысалы.

Жалпы менеджменттің ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқаратыны бұрыннан дәлелденген. Әсіресе, жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі (Global Competitiveness Index) арқылы мемлекеттердің экономикалық жағдайы мен тиімділігін өлшеу тәсілдері қолданылады. 2023 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форумның есебінде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігі бірнеше факторлар арқылы бағаланады: инновациялар, технологиялық жетістіктер, макроэкономикалық тұрақтылық және инфрақұрылым [6].

Жаңа инновациялық стратегияларды енгізу және оларды тиімді басқару тек жеке кәсіпорындар үшін ғана емес, мемлекет үшін де маңызды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (OECD) инновация мен экономикалық өсу арасындағы байланысты зерттеді. Олардың есебінде инновациялардың экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы маңызды рөлі атап өтілген. Бұл ұйым инновациялық менеджментті дамыту арқылы жаңа өнімдер мен қызметтер енгізу, сондай-ақ технологиялық үдерістерді оңтайландырудың экономикалық өсуге ықпалын көрсетеді [7].

Осыған сәйкес, Финляндия мен Швеция секілді мемлекеттер инновацияларды басқару және оларды экономикалық саясатқа енгізу арқылы жоғары нәтижелерге жетті. Бұл елдерде менеджмент құралдары арқылы инновациялық экожүйе қалыптастырып, экономиканы жаңа деңгейге көтеру мүмкін болды. Мысалы, Nokia компаниясының мобильдік технологияларды дамытуы Финляндияның технологиялық жетістіктері арқылы жаһандық нарықта бәсекеге қабілеттілікке ие болғанын көрсетеді.

Инновациялар мен технологияларды басқару. Кластанс М. Кристенсен өзінің *The Innovator's Dilemma* атты кітабында инновацияның ұлттық экономикаға әсерін көрсетеді. Ол жаңа технологияларды енгізу мен қазіргі жүйелер арасындағы қарама-қайшылықтарды талдайды. Кристенсеннің пікірінше, инновациялық компаниялар мен мемлекеттер ескірген бизнес-модельдерден бас тартып, жаңа технологияларға бейімделе отырып, жаһандық бәсекеге қабілеттілікке жетеді [8]. Бұл идеяға сәйкес, Қытайдағы Huawei және Alibaba секілді технологиялық компаниялардың жетістігі инновациялық менеджменттің маңыздылығын көрсетеді. Бұл компаниялар өздерінің технологиялық даму стратегияларын халықаралық нарықтарға бағыттай отырып, бүкіл әлемге өз ықпалын арттырды. Қытайдың осы компанияларды мемлекеттік қолдаумен дамытуы елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілік деңгейін жоғарылатты.

Қаржылық менеджмент және стратегия. Kaplan және Nortonның *The Balanced Scorecard* атты еңбегінде қаржылық менеджменттің кәсіпорындар мен мемлекеттер үшін стратегиялық рөл атқаратыны талданады. Қаржылық көрсеткіштерді басқару арқылы елдің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндігі жоғарылайды. Балансты көрсеткіштер картасы (Balanced Scorecard) арқылы

ұйымдар мен мемлекеттер қаржылық, ішкі процестер, инновация және кадрларды басқару арқылы өздерінің стратегияларын жүзеге асыра алады [10]. Бұл әдіс көптеген дамыған елдерде кеңінен қолданылып келеді. Мысалы, Германияның экономикалық стратегиялары осы көрсеткіштерді қолданып, ұлттық деңгейде қаржылық тұрақтылық пен инновациялық даму арасындағы тепе-теңдікті сақтап отыр. Daimler және Siemens секілді ірі неміс компаниялары қаржылық және стратегиялық басқаруды үйлестіре отырып, халықаралық нарықта тұрақты көшбасшылардың бірі болып қала беруде.

Қорытындылай келе менеджмент ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі драйвері ретінде маңызды рөл атқарады. Стратегиялық басқару, инновацияларды енгізу, кадрлық және қаржылық менеджмент құралдары арқылы елдің экономикалық әлеуеті артып, жаһандық нарықта бәсекеге қабілеттілік деңгейі жоғарылайды. Қазіргі жаһандану дәуірінде әрбір мемлекет ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру үшін менеджменттің озық әдістерін енгізуі қажет. Менеджменттің табысты жүзеге асуы тек ел ішіндегі ғана емес, жаһандық нарықтағы экономикалық орынды нығайтуға мүмкіндік береді. Сонымен, бұл процестің сәтті жүзеге асуы елдердің халықаралық аренадағы орнына тікелей әсер етеді [6][7][10].

Әдебиеттер тізімі

1. Porter, M. E. (1990). *The Competitive Advantage of Nations*. New York: Free Press.
2. Barney, J. B. (1991). Firm Resources and Sustained Competitive Advantage. *Journal of Management*, 17(1), 99-120.
3. Drucker, P. (2001). *The Essential Drucker*. Harper Business.
4. Grant, R. M. (1996). Toward a Knowledge-Based Theory of the Firm. *Strategic Management Journal*, 17, 109-122.
5. Schumpeter, J. A. (1942). *Capitalism, Socialism and Democracy*. Harper & Brothers.
6. World Economic Forum. (2023). *Global Competitiveness Report*. Retrieved from <https://www.weforum.org/reports/global-competitiveness-report-2023>.
7. OECD. (2021). *Innovation and Growth: Rationale for an Innovation Strategy*. OECD Publishing. Retrieved from <https://www.oecd.org>.
8. Christensen, C. M. (1997). *The Innovator's Dilemma: When New Technologies Cause Great Firms to Fail*. Harvard Business Review Press.
9. Kogut, B., & Zander, U. (1992). Knowledge of the Firm, Combinative Capabilities, and the Replication of Technology. *Organization Science*, 3(3), 383-397.
10. Kaplan, R. S., & Norton, D. P. (1996). *The Balanced Scorecard: Translating Strategy into Action*. Harvard Business Review Press.

FTAХА 06.54.31

Д.Мәкен, Д.Серикова, А.О.Мусабекова
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.
makendana@gmail.com

ӘЙЕЛДЕР КӘСІПКЕРЛІГІ: ТАБЫСҚА ЖЕТУ ЖОЛЫ, ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Кәсіпкерліктің дамуы көптеген әйелдерге өз амбицияларына қол жеткізуге және әртүрлі салаларда табысқа жетуге мүмкіндік берді. Дегенмен, әйелдердің табысты кәсіпке жету жолы әрдайым оңай әрі тез болған жоқ. Соған қарамастан, көптеген табысты әйел-кәсіпкерлер әлемдік экономикада маңызды тұлғаларға айналып, басқаларды бизнеске белсенді қатысуға шабыттандырып келеді. Бұл мақалада әйелдер кәсіпкерлігінің негізгі ерекшеліктерін, оның артықшылықтары мен әйелдердің кезігетін қиындықтарын, сондай-ақ осы бағыттың болашақтағы даму мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Әйелдер кәсіпкерлігі — бұл әйелдер басқаратын немесе жетекшілік ететін кәсіпкерлік қызмет. Бүгінгі таңда әйелдер сән, косметика, технологиялар және қаржы сияқты бизнес салаларында белсенді көрінуде. Аморуззо: "Сен бір ғана өмірді таңдауға міндетті емессің. Сені бақытты ететін барлық іспен айналыс.", - бұл шабыттандыратын ой, адам әртүрлі қызығушылықтарды қатар алып жүріп, өз құмарлықтарына еріп, өзін бір ғана іспен шектемеуге болатынын көрсетеді [1]. Зерттеулерге сәйкес,

шағын және орта бизнестегі әйелдердің үлесі жыл сайын өсіп келеді. Бұл өсімге ықпал етуші негізгі факторлардың бірі – қоғамның әйелдердің бизнес пен еңбек нарығындағы рөлін қабылдауының өзгеруі.

Әйелдер кәсіпкерлігінің негізгі ерекшеліктері:

1. Шығармашылық тәсіл. Әйелдер көбіне проблемаларды шешуде шығармашылық жолдарды табуға және басқаруда инновациялық тәсілдерді енгізуге бейім.

2. Эмпатия және эмоционалдық интеллект. Әйел-кәсіпкерлер экономикалық қана емес, әлеуметтік жауапкершілікке де назар аударады, клиенттер мен қызметкерлермен неғұрлым икемді әрі адал қарым-қатынастарды дамытады.

3. Әлеуметтік жобаларға басымдық. Әйелдер кәсіпкерлігі көбінесе өмір сүру жағдайларын жақсартуға және маңызды қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған. Бұл қайырымдылық жобаларында, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінде және экологияны қолдауда көрініс табады.

Әйелдер бизнеске алуан түрлілік пен ерекше артықшылықтар әкеліп, кәсіпорындардың табысты жұмысына ықпал етеді. Әйелдер кәсіпкерлігі тиімді болатынының бірнеше негізгі себептері бар. Әйелдер бизнесте жеке тәжірибелері мен ерекше қасиеттеріне негізделген өзгеше көзқарас әкеледі. Бұл компанияларға нарықтағы өзгерістерге бейімделуге көмектеседі. Әйелдер, әдетте, жоғары эмоционалдық тұрақтылыққа ие, бұл оларға бизнестегі қысым мен қиындықтармен күресуге мүмкіндік береді. Бұл белгі белгісіздік жағдайында бизнесті сәтті жүргізу үшін өте маңызды. Көптеген әйел-кәсіпкерлер тек пайда әкелетін емес, сонымен қатар қоғамға оң әсер ететін бизнес құруға тырысады. Бұл оларға клиенттермен және серіктестермен ұзақ мерзімді қарым-қатынастарды орнатуға мүмкіндік береді. Әйелдер бизнес байланыстар мен байланыс желісін дамытып, жаңа клиенттер, серіктестер және инвесторлар табуда. Әйелдер бизнесі жергілікті экономикаға, әсіресе дамушы елдерде айтарлықтай әсер етеді. Осы аймақтардағы әйел кәсіпкерлер жұмыс орындарын құруға және өз қауымдастықтарының өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал етеді. Олардың қосқан үлесі экономикалық өсуге ғана емес, гендерлік теңсіздік пен кедейлік сияқты әлеуметтік мәселелерді шешуге де көмектеседі. Көбінесе жергілікті экономиканың негізі болып табылатын микро және шағын бизнесті дамыту арқылы әйелдер қаржылық тәуелсіз болуға және отбасылары мен айналасындағылардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға мүмкіндік алады.

Барлық жетістіктер мен артықшылықтарға қарамастан, әйелдер бизнесте табысқа жету жолында бірқатар кедергілерге тап болады. Бұл қиындықтар сыртқы және ішкі факторларға байланысты болуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, әйел-кәсіпкерлер жобаларына капитал тарту кезінде қиындықтарға жиі тап болады. Инвесторлар мен банкирлер әйелдердің стартаптарын көбінесе тәуекелді деп санап, бағаламай жатады. Өкінішке орай, «бизнес — ерлердің ісі» деген қоғамдық стереотиптер мен көзқарастар әйелдерге әсер етеді. Бұл серіктестер мен инвесторлар тарапынан төмен бағалау сияқты қосымша кедергілерді тудырады. Көптеген әйелдер кәсіпкер ретіндегі рөлін отбасындағы міндеттермен үйлестіруге тырысады, бұл айтарлықтай қысымды тудырады. Уақыт пен ресурстарды басқару негізгі мәселе болып, жоғары деңгейдегі ұйымдастырушылықты талап етеді. Әйелдерге бизнесте менторлар мен рөлдік модельдер жиі жетіспейді. Бұл әсіресе кәсіпкерлік жолын жаңа бастағандар үшін маңызды. Осы тұста Э.Д.Бабанова: «Өмірде қиындыққа тап болған сайын біз теріс энергияның дозасын аламыз. Оны өсу үшін энергия ретінде немесе өзін-өзі жою энергиясы ретінде пайдалануға болады. Сіз не таңдадыңыз? Егер бұл эпизод немесе эпизодтар сіздің өсуіңізге әлі түрткі болмаса, онда бұл энергияны бүгіннен бастап сынаққа бағыттаңыз. Сіздің жетістігіңіз-бір кездері сізді құнсыздандырған немесе қорлаған адамдарға ең жақсы жауап», - ұсынады [2].

Табысты бизнес құрып қана қоймай, қоғамға елеулі әсер еткен көптеген табысты әйел-кәсіпкерлердің мысалдары бар:

1. Опра Уинфри. Америкалық тележүргізуші, актриса және кәсіпкер. Ол өзінің Harpo Productions медиакомпаниясын құрды. Опра — қиын балалық шағы мен көптеген кедергілерге қарамастан, табысқа жеткен әйелдің жарқын мысалы. Оның оқиғасы бүкіл әлемдегі миллиондаған әйелдерді бизнес мақсаттарына жетуге шабыттандырады.

2. Сара Блейкли. Әйелдер іш киімін өндіретін Spanx компаниясының негізін қалаушы. Сара бизнесін аз ғана инвестициялармен бастаған, бірақ өзінің табандылығы мен өнімге деген сенімі арқасында оны көп миллиардтық компанияға айналдырды.

3. Тори Бёрч. Заманауи әйелдік пен стильдің символына айналған Tory Burch сән брендині құрған. Тори қайырымдылықпен белсенді айналысып, әйелдер кәсіпкерлерін қолдауға бағытталған бастамаларды қолдайды.

4. Шерил Сандберг. Facebook-тің (Meta) операциялық директоры және әлемдегі ең көп сатылатын «Не бойся действовать. Женщина, работа и воля к лидерству» кітабының авторы. Оның цифрлық бизнесті дамытуға және бизнестегі гендерлік теңдікті ілгерілетуге қосқан үлесі бүкіл әлем бойынша мыңдаған әйелдерді шабыттандырды. Сандберг әйелдер көшбасшылығы тақырыбын белсенді түрде насихаттайды және әйелдерді кәсіби салада сенімді және өршіл болуға шақырады.

5. Мелинда Француз Гейтс-әлемдегі ең ірі қайырымдылық ұйымдарының бірі Bill & Melinda Gates қорының негізін қалаушы. Оның жұмысы кедейлікпен күресуге және бүкіл әлемдегі өмір сүру жағдайларын жақсартуға бағытталған. Ол сондай-ақ әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған жобаларға инвестиция салу арқылы әйелдердің жағдайын жақсарту мәселелерімен белсенді айналысады.

6. Арианна Хаффингтон-әлемдегі ең ықпалды интернет-басылымдардың бірі The Huffington Post-тың негізін қалаушы. Осы жобадан шыққаннан кейін ол әл-ауқатты жақсартуға және жұмыс ортасындағы стрессті азайтуға бағытталған Thrive Global компаниясын іске қосты. Хаффингтон медиа әлеміндегі ең ықпалды әйелдердің біріне айналды және оның мотивацияны жоғалту туралы кітаптары мен баяндамалары кәсіпкерлер арасында кең резонанс тудырды.

7. Уитни Вулф Херд. Әйелдерге онлайн танысуда басшылықты қз қолына алуға мүмкіндік беретін әйгілі танысу қолданбасы бар Bumble компаниясының негізін қалаушы және бас директоры. Вулф Херд компаниясы IPO-ға шыққан ең жас әйел болды, бұл әйелдердің көшбасшылығы жоғары технологиялық салаларда жақсы жұмыс істей алатындығын дәлелдеді.

Бұл оқиғалар әйелдердің табысқа жету жолы «Егер сізге "мүмкін емес" десе, бұл сіздің дұрыс бағытта келе жатқаныңыздың сенімді белгісі», - тұжырымдамасының [3] айқын дәлелі, әрі кәсіпкерлікте табысқа жетудің негізгі факторлары ретінде табандылық, шығармашылық көзқарас және өзіне деген сенімділік екенін көрсетеді. Мұндай көшбасшылардың мысалынан шабыт алған әйелдер бүкіл әлем бойынша өз жобаларын іске асырып, кез келген жағдайда табысқа жетуге болатынын түсінеді.

